



Ұлттық банк төрағасының есебін тыңдады



Суретті түсіргендер: А. ДҮЖЕНБЕК, Г. ӨМІРБЕКОВ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық банк төрағасы Ерболат Досаевты қабылдады, деп хабарлады Мемлекет басшысының баспасөз қызметі.

Мемлекет басшысы Ұлттық банк төрағасының биылғы 10 айдағы ақша-кредит саясатын іске асырудың алдын ала қорытындысы және әлемдегі инфляциялық қысымның күшейіп, азық-түлік бағасының өсуі болар-болмас баяулағанына байланысты қазан айындағы жылдық инфляцияның деңгейі 8,9 пайыз болғаны туралы ақпарат берілді. Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаевқа Халықаралық валюта қорының инфляцияны тұрақтандыру жөніндегі болжамдары, сондай-ақ дамыған елдердің ынталандыру саясатынан бейтарап саясатқа көшуіне байланысты дамушы нарықтардан капиталдың жылыстау қаупі бар екені айтылды.

Кездесу барысында Үкіметпен бірлесіп, инфляцияға төтеп

беру жөніндегі шаралар кешенін жүзеге асыруға қатысты Президент тапсырмаларының орындалу барысы, сондай-ақ азық-түлік бағасының өсуі болар-болмас баяулағанына байланысты қазан айындағы жылдық инфляцияның деңгейі 8,9 пайыз болғаны туралы ақпарат берілді.

Ерболат Досаев Қасым-Жомарт Тоқаевқа биылғы 9 айда қалыптасқан төлем балансының алдын ала бағалау көрсеткіші туралы мәлімет ұсынды. Бағалауға сәйкес сауда балансының жақсаруына байланысты төлем балансының тапшылығы 3 млрд АҚШ долларына дейін төмендеген. Тұтынушылық импорттың өсуі төлем

балансының одан әрі жақсаруын тежейді.

Президентке алтын бағасының қымбаттауы есебінен алтын-валюта қоры активтерінің өсуі жөнінде және жыл басынан бері Ұлттық қордағы инвестициялық кірістің 2 млрд АҚШ долларына (3,44%) дейін қайта қалпына келгені туралы ақпарат берілді.

Ұлттық банктің деректеріне сәйкес БЖЗҚ портфелін әртарап-тандыру нәтижесінде зейнетақы активтері мен инвестициялық кіріс көлемі өскен.

Сонымен қатар Ерболат Досаев Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында Ұлттық төлем жүйесін пилоттық режимде іске қосуға дайын екенін жеткізді.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық банк төрағасына бірқатар нақты тапсырма берді.

Телефон арқылы сөйлесті

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Польша Президенті Анджей Дудамен телефон арқылы сөйлесті, деп хабарлады Қазақстан Президентінің баспасөз қызметі.

Польша тарапының бастамасымен болған әңгімелесу барысында Қасым-Жомарт Тоқаев пен Анджей Дуда екіжақты қарым-қатынастардың және халықаралық күн тәртібінің өзекті проблемаларын, соның ішінде Польшаның 2022 жылы ЕҚЫҰ-ға төрағалығына қатысты мәселелерді талқылады.

Қазақстан Президенті польшалық әріптесін Варшаваның алдағы жылғы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалығымен құттықтап, іс жүзінде тығыз ықпалдастық орнатуға, соның ішінде ЕҚЫҰ-ның 2010 жылғы Астана саммитінде қабылданған мәлімдемелерді жүзеге асыруға дайын екенін нақтылады.



Анджей Дуда Қасым-Жомарт Тоқаевқа Польша төрағалығының негізгі басымдықтары, соның ішінде шиеленісіп кеткен қақтығыстарды Ұйым аясында реттеуге септігін тигізу жөнінде мәлімет берді.

Тараптар Қазақстан мен Польша арасындағы көпжақты ынтымақтастықтың қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті. Экономиканың негізгі секторларындағы инвестициялық ынтымақтастықты кеңейтуге екі жақ та мүдделі екенін білдірді.

Қазақстан мен Польша пре-

зиденттері Ауғанстандағы қазіргі ахуалға қатысты пікір алмасты. Қасым-Жомарт Тоқаев пен Анджей Дуда ауған дағдарысы гуманитарлық проблемаларды, терроризм мен экстремизмге, заңсыз миграция мен есірткі тасымалына қарсы күрес мәселелерін шешу үшін барлық мүдделі тараптың белсенді әрі конструктивті түрде атсалысуын қажет етеді деген ортақ пікірге келді.

Әңгімелесу соңында президенттер алдағы кезеңге арналған екіжақты іс-шаралар кестесін талқылады.

Көңіл айту жеделхатын жолдады

Нұрсұлтан Назарбаев Қажахмет Балахметовтің қайтыс болуына байланысты оның отбасы мен туған-туыстарына көңіл айту жеделхатын жолдады, деп хабарлады Елбасының баспасөз қызметі.

Елбасы белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Қажахмет Балахметовтің дүниеден өтуіне байланысты ауыр қайғыға ортақтасып көңіл айтты.

«Қажахмет Балахметұлы өзінің барлық саналы ғұмырын халыққа білім беру ісіне арнаған абзал азамат болатын. Ол кезінде ұзақ жылдар бойы Қазақ КСР

Оқу-ағарту министрі қызметін атқарып, саланың дамуына зор еңбек сіңірді. Сонымен қатар қоғамдық істерге де атсалысып, жұртшылықтың шынайы ізет-ілтипаты мен құрметіне бөленді. Жемісті қызметі жоғары марапаттармен атап өтілді.

Оның өнегелі өмірі өскелең ұрпаққа әрдайым үлгі болып қала береді», делінген жеделхатта.

Отыз жыл: әдеби өріс

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

латын әдебиеттің де отыз жылда жеткен биігі, бағындырған белесі аз емес.

Кешегі Кеңес Одағы келмеске кеткен соң, жұрттың көбі Жазушылар одағының әдебиетке еш керегі жоқ ұйым деген сияқты сөздер айтып жүрді. Одақ құрамынан шыққан өзге елдерде тарап кеткен бұл ұйымды біздің ел өз қалпында сақтап қалды. Сол дұрыс шешімнің нәтижесі бүгінде көптеген ірі әдеби жұмыстарға, іс-шараларға, өзге елдермен болған әдеби барыс-келістерге себепші болды. Егемен еліміздің дамуымен бірге әр сала өркендеп, дами түсті. Соның ішінде рухани құндылық саналатын әдебиеттің де отыз жылда жеткен биігі, бағындырған белесі аз емес.

Дүйсенәлі ӘЛІМАҚЫН, «Egemen Qazaqstan»

Осы отыз жыл ішінде қазақ қаламгерлері оқырман сүйіп оқитын таңдаулы шығармалар жазды, олардың қаламы ұлт әдебиетінің дамуына күш қосты. Әбіш Кекілбаев, Мұхтар Мағауин, Қабдеш Жұмаділов, Әкім Тарази, Төлен Әбдік, Тынымбай Нұрмағанбетов болып жалғасып кете беретін есімдер ұлт оқырмандарына

мәңгілік азық боларлықтай көркем еңбектер сыйлады. Олардың жазған әр шығармасы тәуелсіздікке қолы жеткен қазақ халқының кешегі өткен тарихын түгендеп, ертеңгі өміріне деген үмітін нығайтты.

Қазақ жазушыларының қара шаңырағы саналатын Қазақстан Жазушылар одағы да бұл тұрғыдан қаламгерлерімізге ұйытқы бола білді.

(Соңы 8-бетте)



КӨКЕЙКЕСТІ

Үн экспорты: Қай нарық тиімді?

Ауғанстандағы саяси өмір өзгеріп, билік басына талибандар келген сәтте отандық үн экспорттаушы компаниялардың әрі-сәрі күй кешкені рас. Көп ұзамай әліптін артын баққан біздің билік талибандармен тіл табысты да. Бірақ үн экспортының нарығы Ауғанстанмен ғана шектелмейді. Ресей, Қытай һәм Өзбекстан нарығы да біз үшін тартымды. Бірақ бұл тараптарға қатысты мәселелер де бар.

Фархат ҚАЙРАТҰЛЫ, «Egemen Qazaqstan»

Саяси тұрақсыздық Ауғанстанмен арадағы алыс-берісі жолға қойылған елдердің сауда операцияларын уақытша тоқтатуға мәжбүр етті. Оның ішінде



Қазақстан да бар. Біршама уақыт бойы банкаралық транзакциялар мен теміржол вагондарын жеткізу мүмкін болмады. Өйткені вагон иелері олардың

сақталуы мен кері қайтарылуына алаңдаушылық білдірді.

(Соңы 4-бетте)

ТОЛҒАНДЫРАП ТАҚЫРЫП

Масылға мал бітпейді

Ел ішінде екі қолға бір күрек таба алмайсың деген еңсе көтертпейтін, запырандай ашы, сай сүйегінді сырқырататын сарнаған сары уайым жиі айтылады. Байыптап қарасаныз, жұмыс табылмайды емес, табылады. Керісінше, қазір жұмыс берушілер жұмыс істейтін адам таба алмай пұшайман болып отыр.

Байкал БАЙӘДІЛ, «Egemen Qazaqstan»

Табиғаты тамылжыған, топырағы құнарлы, нулы, сулы, әсірелеп айтқанда, жетек шаншысаң, арба өсіп шығады дейтіндей өңірдегі бір кезде сүттей ұйып отырған шоқ жұлдыздай шағын ауылдардың іргесі неге сөгілуде? Әрине,

жол қатынасы, ауыз су мәселесі ішінара кездесіп жататыны бар. Біздіңше, ең басты себеп – халықтың жұмыстан қол үзіп қалуы. Бір кездегі әдемі еңбек дәстүрінің тіні сөгіліп, қожырағаннан кейін ілгері басқан қадам кері кетіп тұр.

– Егер жұмыс күші жеткілікті болса, зауыт өнімін екі есе көбейтуге мүмкіндік бар. Қолбайлау болып тұрғаны – жұмыс

күшінің жетімсідігі. Өйтпесе, қазір біздің өнімімізге сұраныс та көп қой. Зауыттың жұмысшыларына төрт мезгіл тегін тамақ береміз, төңіректегі ауылдардан қатынап істейтіндерді әр күн сайын 10 литр бензинмен қамтамасыз етеміз. Жалақы қаншалықты жұмыс істейтіндеріне байланысты, орташа есеппен 200 мың теңгеден айналады. Бүгінгі таңда 2,5 мыңға жуық адам тұратын елді мекеннен кішкентай зауытқа жұмыс істейтін 60 адам таба алмай, жігеріміз құм болып отыр, – дейді Бозайғыр ауылындағы кірпіш зауытының директоры Шатлық Иминов.

(Соңы 6-бетте)



Өзара әріптестікті дамытуға мән беріледі



Қазақстан Парламенті Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев елімізге ресми сапармен келген Польша Республикасы Сенатының Маршалы Томаш Гродзкиймен кездесті, деп хабарлады Қазақстан Сенатының баспасөз қызметі.

Тараптар екі ел арасында жоғары деңгейде сенімді диалог орнағанын және оны Қазақстан мен Польша парламенттерінің байланыстары бойынша қолдау мен ілгерілету де маңызды екенін атап өтті. «Қазақстан Сенаты Польша Сенатымен парламентаралық ынтымақтастықты тереңдетуге мүдделі болып отыр. Қазақстан Парламентінің екі палатасында Польшамен ынтымақтастық жөніндегі топтар жұмыс істейді. Польша Парламентінде Қазақстанмен достық тобы қызмет етуде. Біз алдағы кезеңде түрлі сипаттағы бірлескен іс-шаралар ұйымдастыра аламыз. Бұл біздің өзара екіжақты іс-қимылымызға жаңа серпін беретініне сенімдімін», деді Мәулен Әшімбаев.

Палата Төрағасы әңгіме барысында Қазақстан Парламенті Сенатының қазіргі қызметі, атап айтқанда, Мемлекет басшысының саяси реформаларын

іске асыруға бағытталған заң шығару жұмыстары туралы да айтты. «Біздің Палата Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың жаңғырту жөніндегі күн тәртібін сапалы заңдармен қамтамасыз етуге басымдық беріп отыр. Онда ең алдымен, саяси жүйені одан әрі демократияландыру, оның ашықтығын қамтамасыз ету, саяси бәсекелестікті арттыру, азаматтардың құқықтарын іске асыру үшін қажетті жағдайлар жасау туралы айтылып отыр. Біз бұл бағытта заңдардың ауқымды топтамасын қабылдадық», деді Мәулен Әшімбаев.

Жүздесушілер сауда-экономикалық ынтымақтастықты, сондай-ақ агроөнеркәсіп кешені, көлік, логистика, фармацевтика, құрылыс, машина жасау, туризм және басқа да келешегі зор салалардағы екіжақты қатынастарды нығайтудағы парламентшілер жәрдемінің маңыздылығын атап өтті.

АҚШ елшілігінің өкілдерімен кездесті

Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаева АҚШ-тың еліміздегі Уақытша сенімді өкілі Джуди Куомен кездесуде «30 жыл бойы Қазақстан мен АҚШ арасындағы достық қарым-қатынастар ұдайы өсу және нығайту жолында дамып келеді», деп атап өтті.



Күн тәртібінде медиасфераны жаңғырту бойынша қабылданып жатқан шаралар, сондай-ақ террористік белсенді аймақтардан оралған азаматтарымызды оналту мәселелері болды.

Кездесуге министрліктің Ақпарат, Дін істері комитеттерінің өкілдері, сондай-ақ АҚШ елшілігінің саяси мәселелер, БАҚ мәселелері бойынша жауапты қызметкерлері қатысты.

Сонымен қатар А.Балаева QazForum

қазақ тіліндегі контентті жасаушылардың V форумын жүзеге асырғаны үшін Джуди Куоға алғысын білдірді.

Естеріңізге сала кетейік, Қазақстан мен АҚШ арасындағы дипломатиялық қатынастардың орнағанына 30 жыл толу қарсаңында QazForum осы жылдың 5 қарашасында Нұр-Сұлтанда өткен болатын.

«Егемен-ақпарат»

Парламентаралық ынтымақтастық жалғасады

Мәжілісте Палата Төрағасы Нұрлан Нығматулин Польша Республикасы Сенатының Маршалы Томаш Гродзкиймен кездесіп, екі ел арасындағы ынтымақтастықты дамытудың өзекті мәселелері бойынша пікір алмасты, деп хабарлады Мәжілістің баспасөз қызметі.

Палата Спикері келесі жылы Қазақстан мен Польша арасындағы дипломатиялық қатынастардың орнағанына 30 жыл толатынын атап өтіп, осы жылдар ішінде екі ел арасында сенімді саяси диалог орнағанын, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық ықпалдастықтың белсенді дамығанын жеткізді.

Кездесу барысында Мәжіліс Төрағасы Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Қазақстан-Польша ынтымақтастығын нығайтуға қосқан үлесі ерекше екенін, осы жолда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың елдер арасындағы жан-жақты әріптестікті дамытуға зор мән беретінін айтты.

Нұрлан Нығматулиннің айтуынша, мәртебелі мейманның елімізге сапары парламентаралық диалогты одан әрі нығайтуға және елдеріміз арасындағы екіжақты өзара іс-қимылды кеңейтуге елеулі серпін берді.

Өз кезегінде, Томаш Гродзкий Қазақстанмен өзара іс-қимылды дамыту, халықтар арасындағы қатынастар



достық пен өзара көмек негізінде құрылатынын атап өтіп, Қазақстанда түрлі этнос өкілдерінің достық пен келісімде өмір сүріп жатқанына қызығушылық танытты. Сонымен қатар тараптар парламентаралық диалогты арттыруға ерекше назар аударды.

Отырыс барысында Нұрлан Нығматулин Мемлекет басшысының бастамасымен елімізде жүргізіліп жатқан саяси жүйені реформалау, азаматтық қоғамды дамыту жөніндегі жұмыстарға назар аударды. Мәжіліс Төрағасы сондай-ақ Қазақстан Парламенті елді саяси жаңғырту үшін қажетті заңнамалық базаны қамтамасыз ете отырып, бұл процеске белсенді түрде тартылғанын атап өтті.

Мәжіліс Төрағасы парламентаралық байланыстарды нығайтудың маңыздылығы туралы айта келіп, поляк

әріптесіне қазақстандық және поляк парламентшілерінің ынтымақтастық жөніндегі топтар, сондай-ақ заңнамалық тәжірибемен алмасу үшін тиісті комитеттер деңгейіндегі өзара байланысты күшейтуді ұсынды.

Өз кезегінде, Томаш Гродзкий поляк сенаторларының Қазақстанмен барлық салада ынтымақтастықты дамытуға қажетті қолдау көрсетуге дайын екендігін айтты.

Кездесу соңында Мәжіліс Төрағасы Нұрлан Нығматулин поляк әріптестерін және Польша халқын 11 қараша күні атап өтетін ұлттық мереке – Польша Тәуелсіздігі күнімен құттықтады.

Нұрлан Нығматулин мен Томаш Гродзкий қазақстандық және польшалық Парламент өкілдері арасындағы диалогты жандандыру екі ел үшін де тиімді болатынына сенім білдірді.

Экономикалық форумға қатысты

Қазақстан Республикасы Президентінің Халықаралық ынтымақтастық жөніндегі арнаулы өкілі Ержан Қазыхан Бішкек қаласында өткен «Еуропалық одақ – Орталық Азия» экономикалық форумының жұмысына қатысты, деп хабарлады Akorda.kz сайты.

Жиын пандемиядан кейінгі дамудың келісілген экономикалық шараларды, «жасыл экономика және энергетикаға» көшу, аймақ елдерінің Еуропалық одақпен сауда-экономикалық ынтымақтастықты нығайту тәсілдерін, көліктік-логистикалық өзара байланыстарды, цифрландыруды, сондай-ақ бизнес ортаны жақсарту үшін құқықтық реттеулерді жетілдіруге арналған алаң болып табылады.

Іс-шара барысында Ержан Қазыхан «Экологиялық теңгерімді, тұрақты, климаттық және экологиялық бейтарап экономикаға көшуге» арналған сессияда сөз сөйледі. Мемлекет басшысының Арнаулы өкілі өз сөзінде еліміздің өңірдегі климаттық күн тәртібін ілгерілетудегі рөліне тоқталып, Қазақстанның 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізу жөніндегі жоспарын айтты.

Ұлттық баяндама объективті болуға тиіс

Қоғамдық кеңестердің қызметі туралы Ұлттық баяндама жобасын жария талқылауға Ақпарат және қоғамдық даму министрімен бірге ҰЕҰ өкілдері, барлық деңгейдегі қоғамдық кеңестердің белсенді мүшелері мен сарапшылар қатысты.

«Ұлттық баяндама сіз бен біздің ортақ жұмысымызды көрсетеді, сондықтан ол қоғамдық кеңестер жұмысының нәтижелері мен талдауын ғана емес, бар проблемаларды және оларды жою шараларын да көрсетуі тиіс», деді министр Аида Балаева.

Баяндаманы дайындау негізіне халық арасында сауалнама жүргізу және қатардағы азаматтардың қоғамдық кеңестер қызметі туралы жеке бағалары, әлеуметтік зерттеулер кірді.

Министр баяндаманың Мемлекет басшысына алғаш рет енгізілетінін, яғни сапалы, толық және объективті болуға тиіс екенін атап өтті. Ол орын алған проблемаларды шешу үшін әзірленген ұсынымдарды жергілікті жерлерде уақтылы іске асыру қажеттігін атап өтті.

Баяндаманы талқылау кезінде сарапшылар: Андрей Чеботарев, Жұлдызай Исакова, Александр Братенков сөз сөйледі. Олар баяндама

жобасы республикалық және жергілікті деңгейлерде жинақталған тәжірибені сипаттайтынын атап өтті.

Азаматтық қоғам өкілдері Бақытгүл Қамбар, Сергей Гуляев, Айдар Әміребаев, Гүлнар Құрбанбаева, Марат Башимов, Балжан Досмұхамедова, Қайрат Жаңабеков мазмұн бойынша өз пікірлері мен ұсыныстарымен бөлісті.

Естеріңізге сала кетейік, Қоғамдық кеңестер туралы заңнаманың жаңа нормаларына сәйкес – қоғамдық кеңестердің қызметі туралы Ұлттық баяндаманы дайындау және Мемлекет басшысына енгізу алғаш рет заңнамалық деңгейде бекітілді.

«Егемен-ақпарат»

Жеңімпаздармен және жүлдегерлермен кездесті

Кеше Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлова Сербия астанасы – Белградта өткен бокстан ерлер арасындағы XXI әлем чемпионатының жеңімпаздары мен жүлдегерлерін және Қазақстан құрамасының бапкерлерін қабылдады.

Министр өз сөзінде Сербиядағы чемпионатта Қазақстан құрамасы қол жеткізген бірнеше елеулі оқиғаны атап өтті.

«Қазақстан егемен ел ретінде 1993 жылдан бері бокстан әлем чемпионаттарына үздіксіз қатысып келеді. Осы аралықтағы 15 әлем чемпионатында біздің былғары қолғап шеберлері 51 медальды қоржынға салды. Оның 14-і алтын, 15-і күміс, 22-сі қола. Осы бәсекеде біз барлық жүлде саны бойынша АҚШ-тан озып, жалпы есепте Куба мен Ресейден кейін үшінші орынға көтеріліп отырмыз. Бұл біздің бокстан әлемдегі жетекші мемлекеттің бірі екенімізді көрсетеді. Алдағы уақытта да тынымсыз еңбектің арқасында спортшыларымыз осы қарқынмен жүлде қорын молайта береді деп сенемін. Сіздер үшін келесі жеңіс бірі – Ташкентте өтетін әлем чемпионаты болмақ», деді министр.

Сонымен қатар Ақтоты Райымқұлова барлық боксшымыз шаршы алаңда барын салып жұдырықтасқанын, жарқын жекпе-жектерімен қалың жанкүйердің жоғары бағасын алғанын жеткізді.

«Сіздер осы дүбірлі долада жоғары шеберліктеріңізді паш еттіңіздер. Әр жекпе-жекте жеңіске деген зор құштарлық таныттыңыздар. Мұны Сіздерге қызу қолдау көрсеткен жанкүйерлер сезеді. Әрбір үлкен жеңістің артында спортшының табандылығымен қатар бапкердің қажырлы еңбегі тұрады. Осы тұста біздің бапкерлер қосынына ерекше алғыс айтуым келеді. Лайым шәкірттеріңіз сенім үдесінен шығып, үміттеріңізді ақтасын», деді министр Ақтоты Райымқұлова.

Кездесу барысында Ұлттық құраманың капитаны Абылайхан Жүсіпов сөз алып, чемпионатқа тыңғылықты дайындалу үшін жағдай жасағаны үшін



министрлікке, федерацияға құрама атынан рахмет айтты.

Осыдан кейін Мәдениет және спорт министрі әлем чемпионатының жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне

спорттық атақтарды, разрядтарды және біліктілік санаттарын беру нормалары мен талаптарына сәйкес «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы» және «Қазақстан

Республикасының еңбек сіңірген спортшысы» атағын орындаған бапкерлер мен боксшыларды марапаттады.

«Егемен-ақпарат»

Заманауи полиция қандай болуы керек?

Мәжілісте «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарын реформалау туралы» Үкімет сағаты өтті. Отырысты ашқан Палата Төрағасының орынбасары Балайым Кесебаева 2018 жылы Елбасы ел азаматтарының қажеттіліктері мен мүдделеріне жауап беретін қазіргі заманғы полицияға деген сұранысын жоғары саяси деңгейде өзектендіріп, ішкі істер органдарын жаңғырту жөніндегі бағдарламаны қабылдау міндетін қойғанын атап өтті.

Абай АСАНКЕЛДІҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

— Осыған байланысты 2019 жылдың басынан бастап ішкі істер органдарын жаңғыртудың жана толқыны басталды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев жыл сайынғы Қазақстан халқына жолдауларында ішкі істер органдарының қазіргі заманғы, технологиялық, халықтың сеніміне ие жүйесін құру, «Полицияның сервистік моделіне» көшу туралы нақты міндеттер қойды. Биылғы жылдың соңында ішкі істер органдарын жаңғырту жөніндегі 2019-2021 жылдарға арналған жол картасын іске асыру аяқталады. Осылайша, өте күрделі әрі маңызды жүйені реформалаудың тағы бір кезеңі аяқталмақ», деді вице-спикер.

Сонымен қатар Б.Кесебаева жүргізілген реформаларға қарамастан, біраз жылдар бойы шешімін таппай келе жатқан проблемаларға назар аудару қажеттігіне тоқталды. Атап айтқанда, полиция қатарындағы сыбайлас жемқорлық. Бұл аса маңызды мәселе. Жол картасы жүзеге асырылып жатқан кейінгі 3 жылда ішкі істер органдарының қызметкерлеріне қатысты 649 сыбайлас жемқорлық қылмысы тіркелген. Бұл қылмыстардың басым көпшілігі пара алу және қызмет бабын асыра пайдалану. Екіншіден, қызметкерлердің, әсіресе жедел-тергеу бөлімшелері қызметкерлерінің біліктілігінің төмендігі. Тергеу органдарына шағымдар жыл санап артып келеді. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, кейінгі 6 жылда сотқа дейінгі іс жүргізу аясында 2197 азамат негізсіз ұсталған. Үшіншіден, учаскелік полиция инспекторларының халықпен өзара іс-қимылының жеткіліксіздігі болса, төртіншіден, полиция бөлімшелерінің материалдық-техникалық жаракатандырылуының жеткіліксіздігі.

Отырыста депутаттар алдында Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғынбаев баяндама жасап, ішкі істер саласындағы реформалар туралы айтты.

Ведомство басшысының сөзіне қарағанда, елдегі қылмыстық ахуал тұрақты. Кісі өлтіру, денсаулыққа ауыр зиян келтіру,

тонау, ұрлық, бұзақылық, зорлау фактілері азайған. Көшелерде және қоғамдық орындарда жасалатын қылмыстар азайған. Бұрын сотталғандар, көмелетке толмағандар қылмысы да саябырсыған. Мас күйінде, сондай-ақ қару қолдану арқылы жасалатын қылмыстар төмендеді. «Қылмыстың ашылуы жақсарды. Мұндай жағдай 3 жыл бойы сақталып отыр. Әлемдік пандемия полиция жұмысына өзгеріс енгізді. Индет кезінде полиция қызметкерлері дәрігерлермен бірге күндіз-түні, уақытпен санаспай жұмыс істеді. Күніне 12 мың қызметкер жұмысқа шықты. Карантин жарияланғанда 50 мың қызметкерге дейін жұмылдырылды. Олар қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етті. 445 блок-постты күзетті. Ауру тараған 700 аймақты қоршауға алды. Мейрамханалар мен ойын-сауық ошақтарының жұмысын бақылады. Тікелей міндеттен бөлек осындай жауапты жұмыстармен айналысты. Өкінішке қарай, пандемиядан 34 қызметкер қайтыс болды. 19 612 қызметкер аурудан жазылып шықты. Қазіргі таңда полиция қызметкерлерінің 98 пайызы вакцина салдырды», деді Е.Тұрғымбаев.

Министрдің айтуынша, интернет-алаықтық 2 есе артты. Бұған цифрлы технологияның дамуы себеп. Киберқылмысқа қарсы нақты шаралар қолға алына бастаған. Бір қиындығы, мұндай қылмыстар көбіне шетелден жасалады. Сондықтан полиция бастамасымен осы мәселе қазан айында өткен Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Ішкі істер министрлері кеңесінің отырысында қаралды. «Ішкі істер органдарын реформалау бойынша жүргізіліп жатқан жұмысты ерекше атап өткім келеді. 2019 жылы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен 3 жылға арналған Жол картасы қабылданды. Бұл бойынша нақты нәтиже бар. 106 артық басқару буыны және шамамен 1,5 мың басшылық лауазым жойылды. Штат саны 11 пайызға қысқартылды. Бұл 10 000 қызметкер. Нәтижесінде, полиция қызметкерлерінің саны бойынша 100 мың тұрғынға шаққандағы деңгей 372-ні құрайды», деді министр.

Сондай-ақ ведомстволық білім саласына реформа жүргізіліп, 12 оқу орнының 6-уы қысқарған. Бүгінде полиция қызметкерлерін 3 академия, Ақтөбе институты және Шымкент пен Павлодардағы оқу орталықтары даярлайды. «Қызметкерлердің әлеуметтік-материалдық жағдайын көтеру бойынша шаралар қабылданып жатыр. Бүгінде полиция қызметкерлерінің жалақысы құқық қорғау органдары арасында өте төмен. Сондықтан Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, 2019 жылдан бастап кезең-кезеңмен жалақы көтеріліп келеді. 2023 жылға дейін 50-ден 90 пайызға дейін өсіру көзделген. Осылайша, сержанттың жалақысы 81 мыңнан 140 мың теңгеге дейін, лейтенанттың жалақысы 103 мыңнан 174 мың теңгеге дейін артады», деді Е.Тұрғымбаев.

Министрдің айтуынша, қызметкерлердің әлеуметтік кепілдіктері жақсара түскен. Енді олардың әскерилер сияқты баспана алуға мүмкіндігі бар. Тұрғын үй төлемдері банк арқылы жеке баспанасына жұмсалады. Осындай жеңілдікпен қызметкерлердің 72 пайызы қамтылған. Сонымен қатар қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан және жарақат алған қызметкерлердің отбасыларына тұрғын үй төлемдері сақталады. «Барлық аймақта «Азаматтарға арналған қабылдау» бөлімелері ашылды. Онда халыққа консультативтік көмек көрсетіледі. Әлеуметтік желімен жұмыс күшейді. Фейсбукте барлық басшылардың жеке аккаунттары ашылды. Азаматтарды қабылдау тәртібі өзгерді. Енді барлық деңгейдегі басшылар азаматтарды апта сайын қабылдайды. Азаматтарға ыңғайлы болуы үшін бейнебайланыс арқылы қабылдау жүргізіледі.

Учаскелік инспекторлар КСК, ОСИ чаттарына қосылды. Тоқсан сайын «Жолдағы қабылдау» акциялары өткізіледі. Осы жылы 18 мың азаматқа кеңес берілді, 25 мың арыз қаралды. Азаматтар көбіне полиция жұмысын жақсарту, жол қозғалысы, тіркеу, құжаттарды алу мәселесіне қатысты өтініш білдірген. Аймақ басшылары мен учаскелік инспекторлар тұрғындар алдында тоқсан сайын есеп береді. Халыққа үздіксіз ақпарат беру үшін ведомстволық «Полиция.кз» сайты мен телестудия іске қосылды. Брифингтер апта сайын өткізіледі. Нәтижесінде, сыни ақпараттар соңғы 2 жылда 3 есе қысқарды», деді Е.Тұрғымбаев.

Ведомство басшысы сотталғандардың құқығын қорғау мәселесіне тоқталды. Оның айтуынша, бұл мәселе ерекше бақылауда. Заңсыз заттарды анықтауға бағытталған тексеру тәртібі өзгерген. Енді мұндай тексерулер адам құқықтарын қорғау ұйымдарының, прокурорлардың қатысуымен және бейнекамераға түсіру арқылы жүзеге асырылады. «Туыстарымен қарым-қатынаста болуы үшін бейнебайланыстар ұйымдастырылып жатыр. Бұл тәжірибе карантин кезінде өте тиімді болды. Сотталғандар тікелей арыз беруі үшін 121 электронды терминал орнатылды. Нәтижесінде, мекеме басшылығына қатысты жолданатын арыз-шағымдар 74 пайызға қысқарды. Қоғамдық ұйымдармен, адам құқықтары жөніндегі уәкілмен тығыз қарым-қатынас орнатылды. Осы жылы шілде айында Халықаралық форум өткізілді. Халықаралық сарапшылар мен еліміздегі дипломатиялық миссия өкілдері жақсы баға берді», деді Е.Тұрғымбаев.

Министрдің сөзіне сүйенсек, сотталғандардың құқығын қорғауға байланысты заңға түзетулер енгізу жоспарланып отыр. Ауыр науқастарға жаза мерзімін кейінге қалдыру, қатты ауруына байланысты босату туралы сот шешімін тез орындау мәселесі көзделмек. Сондай-ақ сотталғандарды басқа мекемеге ауыстырғанда прокурорларға хабарлама жіберу, оларды емдеу орталықтарын Денсаулық сақтау министрлігіне беру және басқа өзгерістер қарастырылмақ. «Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, Ішкі істер министрлігі «Тәуелсіздіктің 30 жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы» заң жобасын әзірледі. Оның мақсаты — онша ауыр емес және ауырлық орташа қылмыс үшін жазадан босату, кейбір ауыр және аса ауыр қылмыстар үшін жазаның мерзімін қысқарту. Рақымшылық ардагерлерге, көмелетке толмағандарға, жасы үлкендерге, 1-ші және 2-ші топтағы мүгедектерге, сондай-ақ қоғамға қауіп төндірмейтін адамдарға қолданылады. Заң жобасы мемлекеттік орган өкілдерімен, қоғам қайраткерлерімен және сарапшылармен бірге талқыланды. Елімізде 64 мекеме мен 16 тергеу изоляторында 34 мың адам бар. Оның ішінде 30 мың азаматқа сот үкімі шыққан. Қалған 4 мың адам тергеу мен қамауда. 93 пайызы ауыр және аса ауыр қылмыс жасағаны үшін қамауда отыр. 45 пайызы бірнеше рет сотталған», деді министр.

Сонымен қатар 32 мың адам пробациялық бақылауда тұр. Жоба бойынша 2 236 сотталушыға, 11 310 пробацияда тұрған адамға рақымшылық жасалады. Нәтижесінде, 1 мың адам қамаудан шығады. 3 818 адам пробациялық бақылаудан босатылады. 1 294 сотталушыға, 7 492 пробацияда тұрған адамға жаза мерзімі қысқартылады. Сотқа дейінгі тергеудегі 5 мың іс қысқарады. Қылмыстық кодекстің 78-бабына сәйкес, аса ауыр қылмыс жасаған адамдарға рақымшылық қарастырылмаған. «Пробациялық бақылауды дамыту үшін электронды білезіктер енгізіліп жатыр. Бірінші кезекте 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап педофилдерге қатысты қолданылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы нақты іс-шаралар қабылданды. Жемқорлықты жою үшін азаматтармен тікелей байланыс азайды. Көлік жүргізу куәлігін беру және емтихан қабылдау функциялары «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына берілді. Тіркеу-емтихан орталықтары жойылды. Полиция қызметкерлері көлік құралдарының криминалдық тарихын ғана тексереді. Қазақстанда 30 тәулікке дейін болатын шетел азаматтарын тіркеу тоқтатылды. Электронды визалар енгізілді. Тікелей халықаралық әуежайларға кіру визаларын беру үйымдастырылды. Көші-қон саласындағы кейбір функциялар Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігіне берілді. Қала сыртындағы «Шеп» стационарлық бекеттер саны қысқарды. Олар тек шекаралас аудандарда қалды. Жол қозғалысын қадағалау арнайы бақылау жүйелері арқылы байланыссыз әдіспен жүзеге асырылады. Барлық патрульдік қызметкерлер бейнетіркегішпен жабдықталған. Полицияның қызметтік бөлмелерінде және пенитенциарлық мекемелерде жаппай бейнебақылау енгізіліп жатыр», деді Е.Тұрғымбаев.

Министрдің келтірген деректеріне сүйенсек, кейінгі 3 жылда сыбайлас жемқорлық қылмыстарының саны 43 пайызға қысқарған. Мұндай қылмыстардың 75 пайызы өзіндік қауіпсіздік бөліністерімен анықталды. 146 басшы жазаға тартылды. Оның 42-сі қызметтен босатылды, 7-еуі жұмыстан шығарылған.

Жиын барысында көтерілген мәселелер бойынша депутаттар бірқатар сұрақтар қойып, пікірлерін білдірді. Үкімет сағатында талқыланған мәселелер бойынша депутаттар тиісті ұсынымдар қабылдайды.

Құқық қорғаушы мәртебесі анықталады

«Азаматтық қоғамды дамытудағы диалог алаңдарының рөлі: халықаралық тәжірибе» жобасын іске асыру шеңберінде қызметтері адам құқықтарын қорғауға бағытталған Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі, Баспрокуратура, Әділет министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық және ҰЕҰ өкілдерінің кездесуі өтті.

ҰЕҰ-ға қатысты құқық қорғаушылар қызметінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша шараларды әзірлеу мәселелерін талқылау бойынша пікірталас алаңы барысында АҚДМ Азаматтық қоғам істері комитетінің төрағасы Мадияр Қожахмет үкіметтік емес сектордың осы мәселе жөнінде ұсыныстарын тыңдау мүмкіндігінің өзектілігін атап өтті. Естеріңізге сала кетейік, Қазақстан халқына Жолдауында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев құқық қорғаушылардың құқықтары мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша шаралар әзірлеуді тапсырған болатын.

Мадияр Қожахмет кездесудің мақсатын жеткізді: «Біз осы саладағы жағдайды жақсарту үшін үкіметтік емес сектордың құқық қорғаушылар қызметінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі ұсыныстарын тыңдауға жиналып отырмыз. Бүгінде Қазақстанда 22 мыңнан астам ҰЕҰ тіркелген, оның ішінде 632-сі өздерінің жарғысына сәйкес құқық қорғау қызметін жүзеге асырады. Құқық қорғаушылар — бұл біздің елімізде бейбіт және әділ қоғам үшін жұмыс істейтін адамдар. Олардың қызметі құқықтық қорғауды қажет етеді».

Ол келіп түскен барлық ұсынымдар мен ұсыныстар Президент Әкімшілігіне енгізілетінін айтты.

ҰЕҰ заңнамаға, соның ішінде халықаралық құжаттарға өзгерістер енгізу бойынша ұсыныстар енгізді. Атап айтқанда, ҰЕҰ құқық қорғаушылардың мәртебесін заңнамалық анықтау мәселесін көтерді.

«Азаматтық қоғамды дамытудағы диалог алаңдарының рөлі: халықаралық тәжірибе» жобасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің тапсырысы бойынша Қазақстанның Азаматтық Альянсы Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының қолдауымен іске асырылуда.

«Егемен-ақпарат»

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

30 игі іс аясында мұқтаж отбасыларға үй сыйлады

«Бай болсаң — елге пайдан тисін...» деген қазақтың ежелгі тәмсілін бүгінгі кезеңнің қалталы азаматтарына қарата айтуға әбден болады. Өйткені ел ішінде айналасындағы жоқ-жітікке қарайласып, қайырым жасап жүрген меценаттар жеткілікті.

Қалмаханбет МҰҚАМЕТҚАЛИ,
«Egemen Qazaqstan»

Әсіресе, баспана мұқтаж-дығын тартып жүрген көпбалалы отбасыларға қарасып, үй сатып алып беріп жүрген кәсіпкерлердің ісіне сүйсінесің. Мұндай игілікті бастама соңғы бір жыл көлемінде Жетісу жерінде жанданып, жалғасын тауып отырғаны және қуаныш. Дерек бойынша, соңғы екі жыл ішінде ғана Алматы облысының жеке кәсіпкерлері өз қаржысына екі жүзге жуық баспана сатып алып, үйісіз жүрген отбасыларға тегін сыйлаған болатын.

Күні кеше осы қайырымдылық керуені Панфилов ауданында жалғасты. Аудандық мәслихат депутаты, «Ернар» шаруа қожалығының басшысы, меценат Олжас Жапарқұл бірден төрт отбасына баспана кілтін тапсырды. Айтпақшы, «Ауыл»

партиясының атынан аудандық мәслихат депутаты болып сайланған меценат бұған дейін де әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларына қолұшын созып келген екен. Оның ішінде баспанаға мұқтаж 6 әулет қайырымды жанның қолынан жеке үйдің кілтін алыпты. Осыны ауылдан шыққан кәсіпкер осымен 10 отбасының баспана мәселесін бір өзі шешкен.

— «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясы ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «30 игі іс» акциясын бастаған болатын. Осының аясында партиялық тізіммен сайланған депутаттар жергілікті жерде қайырымдылық шараларын қолға алуда. Бүгін әріптесіміз, Панфилов аудандық мәслихатының депутаты Олжас Жапарқұлдың баспанаға мұқтаж адамдарға тұрғын үй кілтін табыстау салтанатына куә болдық. Сонымен қатар біз партиялас серігіміз басқаратын «Ернар»



шаруа қожалығының тыныс-тіршілігімен таныстық. Жалпы, «Ауыл» партиясы өңірдегі шаруашылықтарда жұмыс істейтін тұрғындармен кездесіп, ауылдың әлеуметтік проблемасын зерделеп, тұрғындардың мұң-мұқтажын тыңдауды мақсат етіп отырмыз. Сол арқылы агроөнеркәсіп кешенін дамыту бойынша

ұсыныстар әзірлейтін боламыз, — дейді «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясының хатшысы Анас Бакқожаев.

Жалпы, кәсіпкер Олжас Жапарқұл ауыл тұрғындарының қамсыз тірлік кешуі үшін қолынан іс келетін азаматтар аянбауды керек деп санайды. Сол себептен де ол ретін тауып, қайырымдылық

шарасын өткізуді жиілетуге тырысады екен. Осыған дейін 6 отбасына баспана сыйлағанын айттық. Олардың дені меценаттың «Ернар» шаруа қожалығында еңбек етеді. Ал кәсіпкер сатып алып берген баспаналар ауылдағы еңселі үйлердің қатарынан көрінеді. Мысалы, кеше кілтін тапсырған бір үйдің 5 бөлмесі

бар, жалпы аумағы 114 шаршы метр шамасында. Оған қоса үйдің ішін тұрмысқа қажетті жиһазбен жабдықтап, үй маңындағы жер тілімін де жаңа қожайынның атына рәсімдеп беріпті. Қазіргі күні шаруа қожалығында 126 адам жұмыс істеп, напақасын тауып жүр. Егін егіп, мал өсіріп отырған қожалықтың табысы жылдан-жылға артып келеді.

— Біздің «Ауыл» партиясы ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «30 игі іс» шарасын қолға алған болатын. Сол айтулы акцияның Панфилов ауданынан басталғанын жақсы ырымға жорып тұрмыз. Бұл жолы біздің қожалықтың жұмысшыларына тұрғын үй сыйладық. Олардың 5-6 баласы бар, баспанасыз жүрген еді. Қуанып жатыр. Жалпы, мен адал еңбек етіп жүрген азаматтардың мұқтаждығын қолдан келгенше шешіп беруге тырысамын. Мұнан кейін адамның мерейі тасып, еңбегі өнетін болады. Бүгін көпнен бірге 4 үйдің кілтін тапсырдық. Мұндай игі іс әлі де жалғасын табады, — дейді Панфилов аудандық мәслихатының депутаты, «Ернар» шаруа қожалығының басшысы, меценат Олжас Жапарқұл.

Алматы облысы



КӨКЕЙКЕСТІ

Ұн экспорты: Қай нарық тиімді?

(Соңы. Басы 1-бетте)

«Алайда қазіргі уақытта про- блемалар шешілді. Транзакциялар үшінші елдердің банкітері арқылы жүзеге асырылады. Вагондарды жөнелту қалпына келтірілді», деп хабарлады Ауыл шаруашылығы министрілігі. Қыркүйек пен қазан айының басында Қазақстаннан Ауғанстанға 60,2 мың тонна ұн мен 15,6 мың тонна астық жөнелтілген. Жеткізу қарқыны біртіндеп арта бермек.

Ауыл шаруашылығы ми- нистрлігінің бізге ұсынған рес- ми ақпаратына сүйенсек, былтыр елімізде 3,4 млн тонна ұн өн- дірілген. Биылғы көлем де өт- кен жылдың деңгейінде болмақ. 2021 жылдың бірінші жарты- жылдығында Қазақстан мен Ауғанстан арасындағы сауда айналымы 229,7 млн долларды құрады. Сауда айналымының негізгі бөлігі немесе 99 пайызы экспорттың үлесінде. Оның ішін- де ұн экспортының үлесі жоғары. Айталық, былтыр Ауғанстанға 333,9 млн АҚШ долларына 1 млн 152,6 мың тонна ұн экспорт- талған. Бұл 2020 жылғы жалпы ұн экспортының 66 пайызына тең. Биылғы меже де осымен шамалас.

Қазақстан астық өсірушілер одағының өкілі Евгений Кара- бановтың пікірінше, Ауғанстан нарығынан айырылуға болмай- ды. Ел Үкіметінің талибандармен ортақ мәмілеге келуі – құптарлық қадам. Өйткені біздегі компания- лардың дені Ауғанстан нарығына бағытталған. Мәселен, QazTrade дерегініңше, Қазақстан аумағында жұмыс істейтін 300 ұн экспорт- таушының 183-і Ауғанстан нары- ғымен өзара іс-қимыл жасауда. Тағы 49-ы тек Ауғанстанға ғана жүк жөнелтумен айналыса- ды. Экспорттаушылардың көлік дәліздері реттелген. Жана би- ліктің кезінде де жұмысын жал- ғастыруға мүмкіндік беретін берік байланыс та орнатылған. Қазақстанның ауыл шаруашы- лығы өнімдерін Балх, Бағлан, Тахар және Құндыз секілді Ауған- станның солтүстіктегі провин- циялары, сондай-ақ астана аймағы әрі Кабул қаласы пайдаланады.

Сондай-ақ былтыр Ауған- станнан бөлек, отандық ұнды Өзбекстан (342 мың тонна), Тә- жікстан (96,5 мың тонна), Қыр- ғызстан (78,1 мың тонна) мем- лекеттері импорттаған. Байқағ- анымыздай, Өзбекстан нарығы да біз үшін тартымды. Бірақ бұл на- рыққа шығудың кедергілері бар. Бірінші мәселе темір жол та- рифтеріне байланысты. Өзбек- стандық компанияларға арналған ішкі темір жол тарифі мен қазақ- стандық экспорттаушыларға таға- йындалған транзиттік тариф ара- сында үлкен айырмашылық бар. Алдымен осыны реттеген дұрыс.

Екінші мәселе импорттық тауарларға белгіленетін акциз- дерге қатысты. Өзбекстанның Министрлер кабинеті 2018 жылғы 24 тамызда 2011–2017 жылдар аралығында қолданылып келген импортталатын ұнға 10–15 пайыз мөлшерінде акциз белгілеу нор- масын алып тастады. Осылайша, сырттан жеткізілетін астық өнім- дері кедендік төлемдерден бо- сатылды. Алайда 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап Өзбекстан



сырттан әкелінетін ұнға 10 пайыз көлемінде импорттық баждардың сараланған мөлшерлемесін енгізді. Бұл біздің экспорттау- шылар үшін тиімсіз.

Ендігі бір әлеуетті нарықтың бірі – Қытай. Алайда олар ше- карасын кім көрінгенге аша бермейді. Аталған елге өнім экспорттаудың қиындығы көп. Соған қарамастан Қазақстан ұнын Қытайға көп көлемде экс- порттау бойынша тиісті жұ- мыстар жүргізілуде. Бұл ретте Қытай нарығына отандық тамақ өнімдерінің (бидай ұны, бидай кебегі, бидай крахмалы, бидай глютені, жарма, макарон өнім- дері) тұрақты жеткізу арнасын құрған Экспорттық акселерация бағдарламасы жұмыс істейді. 2020 жылғы Акселерация бағдар- ламасының 35 қатысушысының 10-ы ұн тарту өнеркәсібіне тиесілі.

Сонымен қатар тұрақты не- гізде сауда-экономикалық мис- сияларды, көрмеселерді, ұлттық стендтерді ұйымдастыру арқылы экспортты ілгерілету бойынша жұмыстар жүргізілуде. Мәселен, 2020 жылы Шанхай қаласында Ұлттық стенд ұйымдастырылып, оған қазақстандық өндірушілер, оның ішінде ұн өндіретін «Миллер и К», «Ново-Альджанский мель- комбинат», «Сұлттан-Маркетинг», «Бест Қостанай», «Дани-Нан», «Аруана-2010» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері қатыс- қан. Қазір Қытайға өнім жеткізу квотасын ұлғайту, квота алушы компаниялардың тізбесін кеңейту мәселелері пысықталып жатыр.

Осы орайда Қытай 3 қазан күні «Достық» және «Алтынкөл» стансалары арқылы Қазақстан тарапынан жөнелтілген біркатар жүкті қабылдаудан бас тартқан болатын. Оның ішінде астық та бар. Қытай тарапы бұл қадамды коронавирусқа қарсы шаралармен байланыстырды. Әйтеуір, мәселе үкіметтік деңгейде шешіліп, 21 қазанда жағдай реттелді. Eldala. kz-тің хабарлауынша, 30 қазан кү- ні қытай тарапы 21 астық таситын вагонды қабылдап алған. Демек жағдай қалпына келе бастады деген сөз.

Қазақстан ұнын Ресейге жет- кізу де маңызды. Алайда сол- таустіктегі көршіміздің дүние жүзіндегі ірі астық өндірушілер- дің бірі екенін ескерсек, Ресей нарығы қазақстандық ұнға зәру емес. Бұл нарықта ұнды сату

Еуразиялық экономикалық одақ- тың бірыңғай экономикалық кеңістігі шеңберінде жүргізіледі.

Ауыл шаруашылығы министр- лігінің хабарлауынша, соңғы жылдары импорттаушы елдерде астықты қайта өңдеудің дамуына, олардың тарифтік және тарифтік емес реттеу шараларын енгізуі- не байланысты ұн экспорты көлемінің қысқаруы байқалады. Бұл тұтастай алғанда ұн тарту саласының дамуына әсер етеді. Десе де ынталандыру жұмыстары жүргізілуде. Яғни ұнды тереңдете қайта өңдеуге басымдық берілуде. Соның нәтижесінде крахмал өнім- дері, глютен, биоэтанол секілді өнімдер алынады.

Сондай-ақ кәсіпорындарды құруға және кеңейтуге инвести- циялық субсидия беру, қосымша құн салығын 70 пайызға төмендету, салықтық жеңілдіктер ұсыну, қайта өңдеуші кәсіпорындардың тереңдете өңдеген өнімдеріне қажетті шикізатты сатып алуға арналған шығындарын субсидия- лау арқылы ұнды шикізат ретінде дамытуды ынталандыруға көңіл бөлінуде. Бұл ретте ұн макарон өнімдеріне, теге дайындалатын ұннан жасалған өнімдерге, кон- дитерлік өнімдерге шикізат ретін- де қолданылады. Мәселен, соңғы 5 жылда крахмал, глютен, биоэта- нол өндіру үшін жылына 172 мың тонна бидайды тереңдете өңдейтін инновациялық зауыт, 93 мың тон- на макарон өнімдерін өндіретін 3 кәсіпорын, 6,5 мың тонна тез дайындалатын кеспелер өндіретін 2 кәсіпорын, 32 мың тонна өнім шығаратын 3 кондитерлік фабрика пайдалануға берілген.

Қазір елімізде бидайға экспорт- тық баж енгізу мәселесі талқы- ланып жатыр. Бірақ Мемлекет бас- шысы осы жылдың қыркүйек айы- нда Солтүстік Қазақстан облы- сына сапары кезінде бұл шара- лардың уақытынан бұрын жасал- ғандығы туралы пікір білдірді. Ал министрлік ұн өндірушілер үшін өндіріс көлемін ұлғайту мақсатында тиісті жағдайлар жа- салады деп сендірді.

«Мысалы, экспорт кезінде қосымша құн салығын жедел қай- тару көзделген. Өңделген өнімді тасымалдауға мемлекеттік қолдау шаралары да қарастырылған. Экспортқа шектеулер енгізу табиғи жағдайларға байланысты өткен жылмен салыстырғанда төмен өнім алған фермерлердің

қаржылық жағдайына әсер ететін- дігін атап өткен жөн. Сонымен қатар аграрийлер шындығында өнімділікті арттыру жұмысын күшейтуі тиіс. Бұл дегеніміз – ауыспалы егісті сақтау, тыңайт- қыштарды енгізу көлемін арттыру және заманауи технологияларды енгізу. Тиісті қолдау шарала- ры жақында Үкімет мақұлдаған 2021–2025 жылдарға арналған агроөнеркәсіпті дамыту жөніндегі Ұлттық жобадан көзделген», деп хабарлады Ауыл шаруашылығы министрлігі.

Осы орайда «экспорттық бажға қатысты әңгіме қайдан шығып отыр?» деген заңды сұрақ туындайды. Оның төркіні мына- да. Көріші мемлекеттерде біздің өнімге деген сұраныс жоғары және ол жыл өткен сайын артып келеді. Бұл экспорттаушыларға тиімді, әлбетте. Бірақ бұл ұнды қайта өңдеушілер үшін тиімсіз. Өйткені қайта өңдеуге болатын астықтың дені шетелге жөнелтіліп жатыр. Сондықтан қайта өңдеу- шілер астыққа экспорттық шектеу коюды ұсынған болатын. Мұн- дай норма іргедегі Ресейде қол- данылады. Сонда экспорттаушы- лар шетелге жөнелтілетін бидай- дың әр тоннасы үшін бюджетке ақша төлеуі керек. Бұдан түскен қаржыны агроөнеркәсіпті қолдау шараларына жұмсауға болады.

Евгений Карабановтың пікі- рінше, бидайға экспорттық баж енгізу Қазақстанды Орталық Азия нарығынан айыруы мүмкін. Ал бұл нарықтағы Қазақстанның ор- нын Ресей басыу ықтимал.

– Ресейлік экспорттаушылар Орталық Азия мен Ауғанстан нарығына кіре алмай отыр. Бұған екі фактор кедергі келтіруде. Бірінші, бұл елде бидай экспор- тына кедендік баж енгізілген. Шекарадан шыққан бидайдың әр тоннасына 58,7 доллар төлеу қажет. Екінші – ішкі және тран- зиттік тарифтер арасындағы айырмашылық жоғары. Шамамен 27 долларға тең. Біздің қайта өңдеушілер Қазақстаннан экс- портталатын бидайдың тонна- сына 50 еуро немесе 57,5 доллар көлемінде баж салуды ұсынуда. Бұл көлем Ресейдікімен бірдей. Ал Ресей транзитке қатысты мәсе- лені жедел шешеді. Бұл жағдайда Қазақстан астық пен ұнды өт- кізетін негізгі нарығының жарты- сынан айырылып қалуы мүмкін, – дейді ол.

БОЛЖАМ

Қарқынды экономикаға қадам

Қазірдің өзінде әлем экономикасы қалпына келіп жатыр дегенді естіміз. Дегенмен жаһан экономикасын кібірткітетіп тұрған тәуекелдер әлі де бар. Осының бәрін ескере отырып, Экономиканы қолданбалы зерттеу орталығы (AERC) кезекті макроэкономикалық болжамын жария еткен.

Абай АЙМАҒАМБЕТ, «Egemen Qazaqstan»

Орталық экономистерінің қисынына сүйенер болсақ, ин- фляция үрдісіне дамыған елдер де, дамушы елдер де тап бол- ды. Кейінге қалдырылған сұра- нысқа байланысты өндірушілер барлық биржалық тауар бағасын көтеріп жіберді.

«Жыл басынан энергетика- лық тауарлар 1,7 есе, ауыл ша- руашылық тауарлары – 11, ме- талл 17 пайызға қымбаттады. Қазанда Brent мұнайы барреліне 86 долларға жетіп (үш жылдан бері алғаш рет – ред), Еуропада газ бағасы 3 есе шарықтады» деп жазады орталық. Өлемде болып жатқан мұндай өзгерістер бізге де салқынның тигізбей қоймайды. Соған қарамастан AERC 2022 жылы Қазақстанда экономикалық өсім 4 пайыз деңгейінде болады деп болжай- ды. Ал биыл ІЖӨ көрсеткіші 3,7 пайызға өспек.

«2021 жылы Brent мұнайы- ның орташа бағасы барреліне 68,6 доллар, 2022 жылы – 66 доллар болады. Биыл сауда серіктес ел- дердің экономикасы – 5,3 пайыз- ға, келер жылы 4,3 пайызға жоға- рылайды. Қазақстан биыл мұнай және газ конденсаты өндірісін 86 млн тонна деңгейінде аяқтаса, 2022 жылы 86,5 млн тоннаға жеткізбек. Мұнай бағасы 68,6 доллар болған жағдайда доллар курсы (USD/KZT) 426,3 теңге болады. 2022 жылы курс 430,4 теңгеге жетпек» деп хабарлайды орталық.

2021 жылдың қорытындысы бойынша орташа жылдық тұ- тынушылық инфляция 7,8 пайыз деңгейіне тұрақтамақ. Алайда 2022 жылы бұл көрсеткіш 6,5 пайызға дейін төмендеуі мүмкін. Бұл бірінші кезекте инфляцияны тежеу үшін қазір қолға алынып жатқан шараларға байланысты. Соның өзінде 2022 жылы инфляция деңгейі Ұлттық

банктің мақсатты дәлізінің жоғарғы шегінен сәл асуы ықтимал.

Сонымен қатар бүкіл әлем бойынша бастапқы шикізат құнының өсуін ескере отырып зерттеушілер өнеркәсіптік ин- фляция да жоғары болады деп күтеді. Өнеркәсіп өнімдерін өндірушілердің баға индексі 136,5 пайыз деп болжанады. Бірақ 2022 жылы мұның да беті қайтуы мүмкін.

«Тұтынушылық және өнер- кәсіптік инфляция бағаларын есепке ала отырып ІЖӨ дефля- торы биыл – 17,8, келесі жылы 14,3 пайыз болуы мүмкін. Тұ- тынушылық сұраныс, экспорт пен импорт, негізгі капиталды қалыптастыру көрсеткіштерін ескере отырып Қазақстанның реалды ІЖӨ-сі 2021 жылы 3,7 пайызды құрайды. Бұл шілде айындағы бағалаудан (3,8 па- йыз) әлдеқайда төмен. 2022 жы- лы ІЖӨ-нің өсу қарқыны 4 па- йызға көбейеді деп болжаймыз» дейді экономистер.

Орталық сонымен қатар салық түсіміне де назар аудар- ғанды. Олардың есептеуінше, 2021 жылы салық түсімдерінің көлемі 9,81 трлн теңгеге жетпек. Егер шынымен осы межеге жетсе, онда бұл 2020 жылғыдан 14,6 па- йызға артық көрсеткіш болмақ.

«2021 жылы корпоративті табыс салығының түсімі 2,07 трлн теңгені құрайды. Экономі- каның негізгі секторындағы өндіріс көлеміне жасалған бол- жамды қайта қарай отырып, шілдедегі (2,09 трлн теңге) бол- жам өзгерді. 2022 жылы КТС 2,08 трлн теңгеге көбеймек. Жеке табыс салығының көлемі – 1,01 трлн теңге, 2022 жылы 1,03 трлн теңге болады деп болжана- ды. Қосымша құн салығы 2,78 трлн теңге деңгейінде болжа- нып отыр. Ал 2022 жылы ҚҚС түсімі өсімі 3,7 пайызға жедел- деп, 2,88 трлн теңгеге жетуі мүмкін» деп жазады AERC.



ТАЛАП ЖӘНЕ ТӘРТІП

Сапасыз өнім шығарғандар жазасыз қалмайды

Сауда және интеграция министрлігінің Техникалық реттеу және метро- логия комитеті өнімге мемлекеттік бақылау мен қадағалауды күшейтіп, соған сәйкес нормативтік-құқықтық базаны да толыққанды айқындап алды. Қазірдің өзінде техрегламенттерге сәйкес келмейтін өнімді өндіргендерге 6,2 млн теңге көлемінде айыппұл салынған.

Қымбат ТОҚТАМУРАТ, «Egemen Qazaqstan»

Комитетке қарасты департамент- тер өнімдердің сапасын қадағалау мақсатында профилактикалық бақы- лау жұмыстарын жүргізеді. Өнімдер- ден алынған сынақ материалдарына талдау жасайтын арнайы зертханалар ашылған.

Мамандар сапасыз өнімдерді анық- тауға арналған мемлекеттік бақылаудың алғашқы нәтижелерін де жария етті.

Соның ішінде регламент талаптарына сай келмейтін дизель отыны да бары белгілі болды. «Биыл тиісті сападан көрінбеген салкындатқыш сұйықтықты айналымға шығарғаны үшін 6,2 млн теңге сомасы- на айыппұл салынды. Сонымен қатар өндірушіге берілген химиялық өнімді тіркеу туралы куәліктің күші жойыл- ды», деп хабарлайды Техникалық реттеу және метрология комитетінің төрағасы Арман Өбенов.

Комитет сәйкестікті бағалау тура- лы құжаттарға да ұдайы мониторинг

жүргізіп келеді. Мемлекеттік кіріс- тер комитетімен бірлесе атқарылған ауқымды жұмыстардың шеңберінде заңсыз сертификаттар да анықталған. Солардың ішінде ойыншықтарға, жеке қорғаныс құралдарына, тұрмыстық электр техникасына, тамақ және жеңіл өнеркәсіп өнімдеріне берілген 282 декларация мен сертификат күшін жойған.

Жалпы, қазір халықаралық сауда- да бәсекелестік жүріп жатыр. Сәйкес- тікті бағалау құжаттары адал бәсеке- лестікті дамытуға мүмкіндік береді. Сондықтан заңсыз сертификаттарға жол жоқ. Әр өнім сапалы әрі қауіпсіз болуымен, құжатқа сәйкес келуімен ерекшеленуі тиіс. Мұндай өнімдер легі әлем бойынша артып келеді, дейді комитет өкілдері. Әсіресе

халал, органикалық өнімдердің сау- дасы қызып тұр. Халықаралық сауда орталығының бағалауы бойынша жаһандық халал индустриясы қазіргі таңда 1,37 трлн долларға жеткен. Бұл ғаламдық азық-түлік пен сусындар нарығының 18%-ын құрайды. Rew Research Center зерттеу орталығының болжамы бойынша мұндай өнімдерді тұтынатындардың қатары 2050 жылға қарай 2,8 млрд-қа жетуі мүмкін.

Органикалық өнімдер нарығы да сапасы жағынан халал өнім индус- триясынан қалысар емес. 2000 жыл- дан 2019 жылға дейін бұл саланың өнімдері бес есеге өсті. Grand View Research болжамы бойынша нарық өз өсімін жылына 15–16% жылдамдықпен жалғастырады және 2025 жылы шама- мен 210–230 млрд долларды құрамақ.



ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙДЫҢ ЖАЛҒАСЫ

Кеншілер отбасына жан-жақты көмек көрсетіледі

Қарағанды облысындағы «Абай» шахтасында болған қайғылы оқиға салдарынан алты кеншінің қаза болып, екеуі ауыр халде ауруханаға жеткізілгенін газетіміздің өткен санында хабарлаған болатынбыз.

Қайрат ӘБІЛДА,
«Egemen Qazaqstan»

Қазіргі уақытта оқиға орнында үкіметтік комиссия өз жұмысын бастады. Бұл жөнінде Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте Төтенше жағдайлар министрі Юрий Ильин мәлімдеді.

– Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша үкіметтік комиссия құрылды. Аталған комиссия төтенше оқиғаның туындауына себепші болған барлық факті анықталғанға дейін жұмыс істейтін болады. Қаза болғандардың отбасыларына және ем алып жатқан адамдарға жан-жақты көмек көрсетіледі, – деді министр.

Айта кету керек, үкіметтік комиссия құрамына ІІМ, ТЖМ, еңбекті қорғау, әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау органдарының, сондай-ақ «АрселорМиттал Теміртау» компаниясының өкілдері енді.

«Абай» шахтасында апат болған кезде кеңжарда сегіз адам жұмыс істеп жүрген. Олардың алтауы оқиға орнында қаза болып, екеуі ауыр халде ауруханаға жатқызылды. Жалпы, сол кезде шахтада барлығы 64 адам болған екен. Олардың 56-сы дер кезінде жер бетіне шығарылған.

Министр Ю.Ильин жағдай тұрақталып, мүмкіндік туған бетте комиссия



мүшелері мен тергеу тобы төтенше оқиға ошағындағы жағдайды анықтау үшін жер астына түсетінін мәлім етті. Ал қазіргі уақытта қалыпты жағдай орнату үшін суды сору және ауаны газсыздандыру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Брифингте министр апаттың туындауына газдың кенеттен таралуы себепші болғанын мәлімдеді.

– Улы газ концентрациясы 41 пайызға дейін артқан. Забойда болған алты адам құтқару құралдарын пайдаланып үлгермей, сол жерде қаза болды. Шахтаға кіретін топ құрамында болған екі адам алғашқы көмек құралдарын пайдаланып үлгерген. Олар ауыр халде ауруханаға жеткізілді. Метанның бөлінуіне не әсер етті – оны комиссия анықтайтын болады. Осы оқиға кезінде өрт шығып, тау массасы көп мөлшерде бөлінген жоқ, – деді ол.

Сонымен қатар министр кінәлілерді және төтенше оқиға себептерін жасыру дегеннің болмайтынын қатаң мәлімдеді.

– Комиссия мұндай фактілер орын алмауы үшін себептерді анықтау және ұсынымдарды одан әрі әзірлеу үшін қанша уақыт қажет болса, сонша жұмыс істейтін болады, – деп сендірді Юрий Ильин.

Бұдан бөлек, министр қаза тапқандар мен зардап шеккендердің отбасыларына Еңбек кодексінің талаптарына және компанияның ұжымдық шарты бойынша міндеттемелеріне сәйкес барлық көмектің көрсетілетінін жеткізді.

Мәселен, қаза тапқан кеншілердің отбасына 10 жылдық еңбекақы төленетін болады, сонымен қатар заңға сәйкес бөлінуі тиіс басқа да өтемақылар қарастырылған. Бұдан бөлек, алпауыт кәсіпорын марқұмдарды жерлеу рәсімдеріне кететін шығындар, бұл мәселе тікелей өзінің бақылауында болатынын мәлімдеді.

Жалпы, аты шулы «Абай» шахтасында ең ірі апат 2008 жылы болған еді. Жер астында болған жарылыс салдарынан 30 кенші қаза тауып,

Кеше онлайн режимінде өткен аппараттық кеңесте облыс әкімі Жеңіс Қасымбек шахтадағы жұмыстар апаттың себеп-салдары толық анықталғанға дейін тоқтатылғанын мәлімдеді. Қазіргі уақытта «АрселорМиттал Теміртау» АҚ Көмір департаментінің барлық сегіз шахтасында тексеру жүріп жатыр.

Кеңесте өңір басшысы қалалар мен аудандар әкімдеріне облыстың барлық өнеркәсіптік кәсіпорындарында еңбек қауіпсіздігі бойынша жаппай тексеру жүргізуді тапсырды. Бұл мәселеге барынша жауапты қарап, немқұрайлылыққа жол бермеу керектігін қадап айтты.

Ж.Қасымбек қаза тапқандар мен зардап шеккендердің отбасыларына барлық қажетті көмек көрсетілетінін, бұл мәселе тікелей өзінің бақылауында болатынын мәлімдеді.

Жалпы, аты шулы «Абай» шахтасында ең ірі апат 2008 жылы болған еді. Жер астында болған жарылыс салдарынан 30 кенші қаза тауып,

14-і жараланған-тын. Ал апат болған кезде жер астында 191 кенші жұмыс істеп жүрген.

Айта кететін бір жайт, сол апаттан кейін құрылған «Кеншілер отбасы» қоғамдық бірлестігінің құрылтайшысы Наталья Томилова «газ күтпеген жерден бөлінген» деген болжаммен келіспейтінін айтады. Жағдайдың бұлайша қалыптасуына жұмыс берушінің еңбек өнімділігін бірінші орынға қойып, техникалық қауіпсіздікті кейінге ысыруы себепші болғанын алға тартады ол. «Жұмысшылар жүйенің кепіліне айналған: бір жағынан отбасын асырап, несие төлеуі керек, екінші жағынан оларға басшылық қысым көрсетіп, өндірістегі кемшіліктерге қарамастан, кеншілерден жоспарды орындауды талап етеді. Қауіпті өндірісте жұмысшыларды асықтыруға болмайды. Бұл жерде техникалық қауіпсіздік бірінші орында тұруы керек. Ал жоспардың орындалуын талап ететін жүйе кеншілер үшін қауіпті», дейді Н.Томилова.

Айтпақшы, ауыр халде ауруханаға түскен кенші Жеңіс Маралбаевты дәрігерлер жансақтау бөлімінен бөлімше палатасына ауыстырды. Ал екінші кенші Элайдын Зейналовты жақын арада палатаға ауыстырмақ.

Еске сала кетейік, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қарағанды облысындағы «Абай» шахтасында метан газының таралуы салдарынан қаза тапқан кеншілердің отбасылары мен туыстарына көңіл айтып, зардап шеккен азаматтардың тезірек сауығып кетуіне тілектестік білдірген болатын.

Қарағанды облысы



Бану ӘДІЛЖАН,
«Egemen Qazaqstan»

Бір уыс топырақ

Қоғамда «Жемқорлық неден туындайды?», «Жемқорлар қайдан шығады?» деген сұрақтар жиі талқыланады. Бірі жемқорлықты жоқшылық туындатады десе, енді бірі бұл дертті ынсапсыздықтың асқынған түрі дейді. Түйені түгімен жұтып жатқандардың бәрі аш-жалаңаш жүрмегендері түсінікті жайт. Алайда қолына сәл билік түссе, ебін тауып екі асап қалуды ойлайтындардың әрекетін қалай түсіндіруге болады?

Transparency International-дың сыйбалас жемқорлықты қабылдау индексіне сәйкес еліміз 180 елдің арасынан 2019 жылы 113-орынды иеленген болатын. Өткен жылы индексті біраз жақсартып, 94-орынға табан тіредік. Халықаралық рейтингтің үздік үштігіне Жаңа Зеландия, Дания мен Финляндия еңсе, ең төменгі сатыда Сирия, Солтүстік Судан мен Сомали тұр. Сондай-ақ Қазақстан Заң үстемдігінің халықаралық рейтингінде 128 мемлекеттің ішінде 62-орынды иеленген. Дүниежүзілік банктің Сыбайлас жемқорлықты бақылау индикаторы бойынша Қазақстан 2 жыл ішінде өз көрсеткіштерін 2 еседен астамға жақсартты. Мамандар бұл Қазақстанның сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексіне қатысқан уақыт аралығындағы ең жоғарғы көрсеткіш екенін айтады. Тіпті Антикор «халықаралық ұйым ешқашан біздің елімізді мұнша жоғары бағалаған емес» деп ағынан жарылған еді.

Рас, соңғы жылдары елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат басқаша бағыт алды. Қылмыстық-құқықтық салада, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және цифрландыру саласында жүргізіліп жатқан реформалар, осы бағыттарда қабылданған іс-шаралар кешені ақырындап өз нәтижесін бере бастады. Жемқорлыққа қарсы заңнаманы жетілдіру, қылмыстық сот ісін жүргізу және мемлекеттік қызмет көрсету салаларында цифрлы технологияларды кеңінен қолдану, сонымен қатар қылмыстық процестің үш буындағы моделін енгізу бұл индеттің алдын алуда барынша ықпал етіп келеді. Бүгінде еліміздегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы модель бірнеше бағыт призмасы арқылы жүйелі реформалауға сүйенеді. Олар: кәсіби мемлекеттік аппарат, заңның үстемдігі және құқықтық мемлекет, мемлекеттік институттардың ашықтығы, транспаренттілігі және есептілігі, сервистік мемлекет және цифрландыру, ал ең бастысы – қоғамның саяси жаңғыруы.

Егемендігімізді жариялап, етек-жеңімізді жинағалы бері жемқорлық дейтін жегі құртпен алысып-ақ келеміз. Отыз жылда дерттен дендеп кеткені соншалық, ұлттық қауіпсіздігімізге қауіп төндіре бастады. Бұған биыл дүйім елді дүрліктірген Жамбылдағы жарылыс та дәлел бола алады. Еліміздің алға жылжуына тұсау болып тұрған да осы кесел. Жемқорлықты жеңбей ешбір ісіміздің ілгері баспайтынын түсінген халық қазір кез келген келеңсіздіктің, оқыс оқиға мен төтенше жағдайдың диагнозы етіп осы дертті атайды. Себебі түсінікті де. Бүгінде жемқорлық жауламаған жүйе қалмады. Екі ғана мысал келтіре кетейік. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің мәліметінше, соңғы жеті айда еліміздегі білім беру саласында 75-тен астам жемқорлық қылмысы тіркелген. Қылмыстың басым бөлігі жымқыру мен парақорлыққа қатысты. Екінші жағдай – жақында Түркістан облысындағы Кентау қалалық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы ұсталды. Ол «Ашық» қосымшасын енгізу кезінде оң санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды бергені үшін кәсіпкерлерден 100 мыңнан 120 мың теңгеге дейін пара алып келген. Басқаны былай қойғанда, білім беру мен денсаулық сақтау салаларының жемқорлыққа белшеден батуы үлкен қауіп. Басқаша айтсақ, жемқорлық – дерт. Ал жемқор – қылмыскер. Демек, дертті емдеу қажет. Ал қылмыскерді қатаң жазалаған дұрыс. Қоғамдағы қақсап тұрған ауруымызды жасырмай, ашық мойындаудың да маңызы зор. Себебі «ауруын жасырған өледі». Дана халқымызда «Дунне деген – тұздың суы, ішкен сайын кептірер» деген ұққан жанға ой салар сөз бар. Десек те, құлқынның құлына айналғаны соншалық, асап жегеннен өңешін жыртып жатқан жемқорлардың санасына санялау түсіре алмағанымыз өкінішті. Күн сайын айта-айта жауыр тақырыпқа, ести-ести елең етпейтін құбылысқа айналып бара жатқан жемқорлықтың жағдайы елімізде маз емес.

«Тоя ма адам көзі мың мен санға?». Естеріңізде ме, Абайдың «Ескендір» поэмасында ұлы философ Аристотельдің даналық сөзі осындай сұрақпен басталмайтын ба еді? Қанағатысыздығы мен тойымсыздығы жауыздыққа жетелеген Ескендір Зұлқарнайынға ой салған да осы сауал болатын. Ал жауабы – «адамның көзін тек қара топырақ қана тойдырады» деген тәмсіл.

Бізге жемқорлықтың алдын алу жөнінде айкайымыз қатты болғанымен, нақты нәтиже жоқ. Адам өлтіруді ең ауыр қылмыс деп қабылдаған қоғам жемқорлық заңсыздықтың ең сорақысы екенін әлі де жете түсінбей келеді. Ал дүниеге адамның көзі тоймайды, өлгенде көзі бір уыс топыраққа ғана тояды. Адамзат мойындаған бір уыс топырақ тәмсілі осындай.

Тілсіз жаудың алдын алуға басымдық беріледі

Биылғы 10 айда елімізде 9 мыңнан астам өрт болып, соның салдарынан 358 адам жарақат алса, өкінішке қарай, 297 адам қаза болған. Ал құтқарылғандар саны 4 мыңнан асады. Бұл жайында Орталық коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте Төтенше жағдайлар министрлігі Өртке қарсы қызмет комитетінің төрағасы Нұрболат Дербісов хабарлады.

Бану ӘДІЛЖАН,
«Egemen Qazaqstan»

Комитет төрағасының мәлімдеуінше, құтқарушылар күніне орта есеппен 150-ге жуық түрлі сипаттағы төтенше жағдайға байланысты шақырту алса, олардың бұл басым бөлігі тілсіз жауды ауыздықтауға қатысты. Ол сондай-ақ жыл басынан бері тұрғын үй секторында тіркелетін өрттің 13,6 пайызға төмендегенін, алайда қаза тапқандар санының 16, жарақат алғандардың 45 пайызға өскенін айтты: «ТЖМ бөлімшелері еліміздің барлық өңірінде 15 тамыздан 15 қазанға дейін республикалық өрт қауіпсіздігі акциясын жыл сайын өткізеді».

Өрт қауіпсіздігі іс-шарасы кезінде жергілікті әкімдік өкілдерімен бірлесіп, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы нашар, көпбалалы отбасылардан шыққан жеткіншектердің, жетім балалардың тұрғын үйлеріне барып, оларға нақты қандай көмек қажет екенін анықтау, төтенше жағдайлар туындауына неғұрлым бейім, яғни автономды жылыту жүйелері бар тұрғын үйлерді аралап, өрттің алдын алу жұмыстары жүргізіледі.

Н.Дербісовтің мәлімдеуінше, қазіргі уақытта ТЖМ-де 107 мыңнан астам тұрғын үй есепке алынған. Акция кезінде бұл үйлердің барлығы толық тексеріліп, шамамен 400 мың адамға нұсқау берілген. Профилактикалық жұмыстар автономды жылыту жүйелері бар үйлердің тұрғындары арасында әлі де жалғасуда.

ЕРКІН ЕЛДІҢ ЕРТЕҢІ

Балаларды қолдаудың жарқын үлгісі



Nazarbaev ortalыgy балаларды дамыту мекемесінде Нұрсұлтан Назарбаев Қоры жанындағы Мемлекеттік тілді дамыту қоры жариялаған «Кім білгіш?» интеллектуалды-танымдық ойыны бойынша жоғарғы сынып оқушылары арасында ұйымдастырылған халықаралық турнирдің финалдық ойыны және марапаттау рәсімі өтті.

Жолдыбай БАЗАР,
«Egemen Qazaqstan»

«Кім білгіш?» ойыны Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына мерекелік аясында өтті.

Шараға Нұрсұлтан Назарбаев Қоры атқарушы директорының орынбасары Әлкей Марғұланұлы және Мемлекеттік тілді дамыту қорының директоры Азат Шауеев қатысты.

Жобаның мақсаты – дарынды балаларды анықтау, олардың танымдық қызығушылықтарын ояту, оқушылардың мәдени және білім деңгейін көтеру, сондай-ақ мектеп оқушылары арасында бос уақытты тиімді ұйымдастыруға ықпал ету.

Айта кетейік, «Кім білгіш?» турнирі 2016 жылдан бастап өткізіліп келеді. Алдыңғы ойындардың қорытындысы бойынша турнирге еліміздің әр өңірінен 45 мыңға жуық

жоғары сынып оқушылары қатысып, олардың 53-і «Жылдың ең ақылды оқушысы» атағына ие болып, бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Нұрсұлтан Назарбаев Қоры атқарушы директорының орынбасары Әлкей Марғұланұлы «Турнирдегі жеңістеріңіз жеке дамудағы кезеңнің бірі. Сіздерге жарқын жеңістер, өмірде білімді әрі табысты болуға септігін тигізетін жаңа білімді меңгеруді тілеймін!», деді құттықтау сөзінде.

Турнир жазғы демалыс кезінде екі кезеңде онлайн түрінде өтті. Жеңімпаз болған ойыншылар Нұрсұлтан қаласында өткен финалдық ойынға қатысты. Финалға ең көп ұпай жинаған 10 ойыншы шықты. Ойын барысында қатысушылар таңдалған тақырып бойынша сұрақтарға жауап беріп, білгірліктің жоғары деңгейін көрсетті. Іс-шара балаларға



Толғандырар тақырып

Масылға мал бітпейді

(Соңы. Басы 1-бетте)

Зауыт директорының айтуына қарағанда, уақытша істейтін адамдар еңбекақысын күн сайын талап етеді екен. Мәселен, танертеннен кешке дейін жұмыс істесе, бірден есеп айырысу керек. Қолына ақша тигендер келесі күні келмей қалуы әбден мүмкін. Ал ауылдық жерде 200 мың теңге таза табыс тапса, тәп-тәуір нәпақа емес пе? Күніне төрт мезгіл тамақ ішсе, көлігіне бензинін күйіп алса, одан өзге қандай жақсылық тілейсің. Ауылда адам жоқ дейтіндей де емес, қол қусырып қарап отырғандар жетіп артылады. Енді осы көріністі ақыл таразысына салып қалай бағалауға болар еді?!

— Қазір мемлекет тарапынан ауылға көп көңіл бөлінуде. Ауыл тұрғындары «Сыбаға», «Алтын асық» тәрізді бағдарламалары арқылы несие алып, төрт түлік малды көбейтуге, жеке кәсіптерін ашуға, оң жамбасына келетін мамандықты игеруге әбден болады ғой. Онай жұмыс емес, бірақ қол қусырып қарап отырған адамға игілік үйіріле ме? Кейбіреулер мемлекет тарапынан берілетін әрқилы жәрдемақыға иек сүйеп алған. Әрине, көмектің көрсетілгені дұрыс. Дегенмен ертеңін ойлаған адам тырбанып тіршілік етер еді. Он екі мүшесі сау адамдардың саусағын қимылдатпай отыруы жақсылық емес. Қашанғы «алма піс, ауызма түс» деп жамбастың жата беруге болады. Егер денсаулығыңда кінәрат болса бір сәрі... Біз осы замандастарымызды масылдыққа тәрбиелеп жатқан жоқпыз ба? Алдыңғы буынның әрекетсіздігін көрген кейінгі жас кімнен өнеге алмақ? — дейді еңбек ардагері Айдар Құспанов.

Осындай келеңсіз көріністің бірін Жақсы ауданынан жолықтырдық. Ауылда тұрған соң жалғыз егін шаруашылығымен ғана емес, мал шаруашылығымен де айналысқанды құп көретін шаруашылық басшылары баршылық. Мұндай ықыласың тиімді жағы өте көп. Қос саланы қатар алып жүрсе, ауыл адамдарына қысы-жазы жұмыс болар еді. Жастардың механизатор мамандығын меңгеруден ат-тонын ала қашудың бір себебі осында. Айталық, қандай білікті механизатор болсаң да, көктемгі егіс, күзгі орақ кезінде ғана жұмыс істеп, табыс табасың. Қалған уақытта жұмыс таба алмай бос отырғандықтан, ауылшаруашылығы үшін осы мамандықтың қадірі қашып тұр. Ал «Виктор» шаруа қожалығының басшысы Вадим Витт сауыншы таба алмай сергелдеңге түсуде.

— Бағымдағы жергілікті тұқымды қара малды түгел сатып жібердім, — дейді шаруашылық басшысы, — асыл тұқымды мал ұтымды. Өзім егін шаруашылығымен айналысқандықтан, мал азығын молынан қамдап алуға толық мүмкіндігім бар. Бірақ



Қолында жасаған Қоныспай ШЕЖІМІМ. «ЕГ»

малшы мен сауыншы табылмай, жігерімді құм қылып тұр. Мен сауыншы табылса, айына 120 мың теңге еңбекақы төлер едім. Сауыншы танертен, түсте, кешке төрт жарым-ақ сағат жұмыс істейді, түскі асы тегін, снырлар аппаратпен сауылады. Бірақ соның өзінде де белсеніп шығатын адам жоқ. Бір түсініксізі, осы ауылда тұратын кейбір отбасылар менен қаймақ, ірімшік, сүт сатып алады.

Ұшы-қиырына көз жетпейтін шабындығы мол, жайылымы жеткілікті Жақсының жалпақ даласында тұрып мал бақпайтын ауыл тұрғындарының тіршілігі ешбір қисынға келмейтіні даусыз. Жалпақ жұртты жалқаулық меңдеп кетті десек, ащылау. Әлде отбасын асырап, қаршадай балаларын қатардан қалдырмай жетілдірудің жауапкершілігі жоғалғаны ма?!

— Жалпақ жұртты еңбекке жұмылдыру өте өткір мәселе екені белгілі, — дейді Көкшетау қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Шияп Әлиев. — Кешегі Кеңес заманында елдің болашағына қатысты осы іске айрықша мән берілетін. Көкшетау аудандық партия комитетінің үгіт-насихат бөлімінде меңгерушісі болып қызмет істеп жүрген кезімде ауданның еңбек озаттарын білім ошақтарына апарып, жоғары сынып оқушыларымен кездесу өткізетін едік. Еңбек озаттарының тағылымды әңгімесін тыңдаған жас толқын кім ақадан еңбек етсе, жүзі жарқын болатынын, ел құрметіне бөленетінін саналарына құйып алатын. Қарапайым еңбек адамдарына да өлшеусіз

құрмет көрсетілді. Олардың еңбектен тотыққан, күн сүйген бейнелері құрмет тақталарында тұрды, баспасөзде үзбей насихатталды, кеуделеріне орден-медаль тақты. Сол кезде Қоныспай ауылының тұрғыны Үміт Әбілова екі мәрте Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды, дән аялаған Социалистік Еңбек Ері Сартай Жұмағалиевтің атақ-даңқы жер жарып тұрды. Мұндай мысалдар өте көп-ақ. Мектеп оқушыларының көркемөнерпаздар үйірмелері науқандық жұмыс кезінде мал базарында, қызыл қырманды, жұмыс қайнап жатқан егістік алқаптарда ағалары мен апаларының алдында өнер көрсетіп, еңбек тынысымен танысуға мүмкіндік алатын. Бұл да — тәрбиенің бір саласы. Бүгінгі таңда еңбек адамдарын құрметтеу кемшін. Мәселенің түп-төркінін бәлкім осы жерден іздеуіміз керек шығар. Ел еңсесін тіктейтін ерен еңбек дәстүрінің солғын тартуы бері қойғанда болашақ үшін қауіпті. Қазіргі жастар аяқ астынан жөнне жан қинамай мол қараңғай тапқысы келеді. Әрине, бай болған жақсы шығар, бірақ маңдай тереңді төгіп, теңгені тыннан құрағанға не жетсін?!

Таяуда ғана Бурабай ауданында болып қайттық. Ағайынды Әбдірахмановтар Атамекен ауылында тауарлы сүт фермасын ашып, үлкен еңбектің ұйытқысы болып отыр. Асыл тұқымды симменталь снырларынан тәулігіне 25 литрге дейін сүт сауып, табысқа кенелуде. Қарақан басы ғана емес, кіндік қаны тамған топырақтың ажарлануына

хал-қадерінше қолұшын беруде. Ауыл көшелерін абаттандырып, білім ошағын қаржылай демеп, көп-көрім септігін тигізуде. Серіктестік басшыларының айтуларына қарағанда, жалғыз-ақ қолбайлау бар, бұл — жұмыс күшінің жетіспеушілігі. Тауарлы сүт фермасы етек-жеңі кең пішілген ауыл іргесінде қоныстанғанымен, механизатор мен сауыншыға зәру. Тіпті осы екі мамандықтың иелері қасқалдақтың қанындай таптырмайды десе де болғандай.

— Мал дәрігері табылса, айына 500 мың теңге еңбекақы төлер едім, — дейді серіктестік басшысы Болат Әбдірахманов.

— Шын айтасыз ба? — дейміз біз, — ауыл түгіл қаладағы сирек мамандық иелерінің уысына түсе бермейтін айлық еңбекақының көлеміне шынымен таңырқап.

— Әрине, — дейді серіктестік басшысы, — біздің бағып отырған малымыз асыл тұқымды, қымбат мал. Егер сауыншы табылса айына 150 мың теңге еңбекақы төлер едім. Қазір төрт үй бос тұр. Келген адамға өзі қалаған үйді атына бірден жазып беремін.

Қоңыр күзде тілек білдірген бір адам табылыпты. Сауыншы табылғанына жерден жеті қоян тапқандай қуанышы қойнына сыймаған шаруашылық басшысы алдында уәде еткендей барлық жағдайы жасалған тұрғын үйді басы бүтін атына жазып берген екен. Бір аптадан кейін алдымнан жұмыс үркіп отырады деп уәде еткен сауыншысы айнып қалыпты.

— Үйді қайтарып алдыңыз ба? — деп сұраймыз біз.

— Жоқ, әйел адаммен бет жыртысып жүремін бе? — дейді ол.

Міне, осындай мысалдарды көптеп келтіруге болады. Жақсы мысал емес, жаныңды жүдететін, жұртым үшін налитын, көленкесі көп көрініс. Қаншама нақты мысалды ақыл таразысына салып пайымдағаныңызбен, сойылдай сұрақтың нақты жауабы табылмай тұр. Ендігі арада желкілдеп өсіп келе жатқан жас ұрпаққа еңбек атты құдіреттің мәні мен мазмұнын шегелеп ұғындырмасақ, төрт құбыламыз теңесе қоймайды.

Халқы тығыз қоныстанған оңтүстіктен бастау алған көш басын солтүстікке бұрған жұрт Солтүстік Қазақстан мен Павлодар облыстарына қоныс аударуда. «Елге ел қосылса құт» дегендей, жалғыз жұмыс күші ғана емес, тілі тұтқырланып, салт-дәстүрі селкеу тартып бара жатқан өңірдің рухани әлеміне жылы ағыс, жаңа леп қосылып, өңірдің өңі кіріп қалғандығын көріп отырмыз. Алдағы уақытта ауылдағы адам саны жыл өткен сайын азайып бара жатқан Ақмола облысына да оңтүстіктен құйылған ұлттық ұстанымны мықты өзеннің арнасын бағыттар ма еді. Жер емшегін емген еңбеккер қауымның ісі де өнеге болсын деп...

Ақмола облысы

Кәсібің – нәсібің

Әлиннің ізгі әлемі



Таяуда «Тұлға-Достық» қоғамдық қоры ұйымдастырған «Үздік 30 ауыл» жобасының мәреге жеткені белгілі. Міне, осы жоба аясында тандау түскен 30 ауылдың қатарына Қарағанды облысынан үш елді мекен енді. Соның бірі Жаңаарқа ауданына қарасты Ералиев ауылы еді.

Қайрат ӘБІЛДА,
«Egemen Qazaqstan»

Арқа төсіндегі құт дарып, ырыс ұя салған бұл ауылда Бүркіт Ғалымұлы Әлин есімді кәсіпкер азамат тұрады. Осыдан жиырма жылға жуық уақыт бұрын ол құрған «Асбер Агро» ЖШС бүгінде қанатын кеңге жайып, қабырғалы шаруашылыққа айналған. Ералиев ауылының өсіп-өркендеп, ел ішінде жақсы атқа ие болуына Бүркіт Әлиндей ісіне мығым, әлді жігіттердің де қосқан сүбелі үлесі бар деп сеніммен айтуға болады.

Аталған агрокәсіпорын негізінен мал шаруашылығымен айналысады. Қазіргі уақытта оның иелігінде екі жүзден астам мүйізді ірі қара, жүзден асып жығылатын жылқы бар. Төрт түліктен несібе тапқан ағайын үшін ауылшаруашылық техникаларының маңызы қашанда зор. Бұл жағынан Бүркіт Әлиннің шаруашылығы қысылған емес: техниканың түр-түрі бар. Бұлардың бұзылмай, жылдың кез келген мерзімінде сағаттың механизміндей сартылдап жұмыс істеп тұруына шаруашылық басшысы ерекше мән береді.

Бұдан бөлек, бүгінде «Асбер Агро» ЖШС-на қарасты барлық стандарт пен ветеринарлық талапқа сай жабдықталған мал сою бекеті тұрақты жұмыс істеп тұр. Бұл кәсіпорынның сапалы қызметіне, әсіресе, ауыл халқы дән риза.

— Біздің шаруашылық жылына 50 бас бұқа, 40 бас жылқы және үш тонна сүт өнімін өткізіп, әр жылды таза пайдамен аяқтап келеді. Алты мың гектар жайылым мен шабындық жерлер жыл сайын өңделіп, жаңғыртылып отырады, — дейді шаруашылық басшысы.

Бүркіт Әлин өзінен артылғанымен, өзгеге қарайласатын қайырымды жандар қатарынан. Таяуда ол туған ауылындағы «Қайырымды істер» атты марафонға атсалысып, жағдайы жүдеулеу төрт отбасының қорасына бір қысқа жететін шөп түсіріп берді. Қолдың қысқалығынан бір, биылғы қуаңшылық пен жанар-жағармай қымбатшылығынан екі қысылып отырған ағайын жомарт жанның бұл ісіне ерекше риза болысты.

— Шарпатты іс адамгершілігі жоғары, рухани әлемі бай, жан дүниесі таза адамдардың ғана қолынан келеді. Міне, Бүркіт Әлин осындай санаттағы азаматтың бірі, — дейді Ералиев ауылының әкімі Жанбол Көпбосынов.

Кәсіпкердің мұқтаж жандардың жағдайын жүрегімен қабылдап, қолынан келгенше жәрдемдесуге дайын тұратын азаматтығын ауылдастары да ризалықпен айтып жүреді. Шынтауайтында, Бүркіт Әлин — кәсіпкерліктің әлеуметтік жауапкершілігін жан-тәнімен сезінген азамат. Туған ауылын түлетуге үлес қосып жүргені де сондай ұстанымның жемісі болса керек.

Істің киноын тауып, шаруашылықтың тасын өрге домалатып жүрген кәсіпкер азаматтың отбасы да — үлгі қылып айтар, босағасына ырыс пен береке үйірілген шаңырақтың бірі. Зайыбы Гүлім Өмірбекқызы екеуінің тәрбиелеп өсірген қос ұлы бар. Үлкені Қасымхан Қарағанды облыстық «Орталық Қазақстан» газетінде тілші болып еңбек етіп жүр. Ал қара шаңырақтың болашақтағы иесі Нұрасыл мектеп қабырғасында оқиды.

Бүркіт Әлиннің мал шаруашылығы жатсаңдағы маңдай тері атаусыз, ескерусіз қалып салған жоқ. Мемлекеттік бағдарламалар мен Президенттің ауыл шаруашылығын дамыту бағытындағы тапсырмаларын жүзеге асыру жолындағы еңбегі бірнеше мәрте аудан, облыс әкімдерінің, Ауыл шаруашылығы министрінің Құрмет грамотасымен бағаланған. Ал жаны жомарт кәсіпкер үшін «Қазақ меценаттары» қоғамдық ұйымы атынан берілген «Халық құрметі» медалінің орны бөлек. Өйткені іскер азамат өзі жақсылық жасаған жандардан алғыс естуді марапат біткеннің төресі санайды.

Міне, аядай ғана ауылда тұрып, айналасына шарапатын тигізіп жүрген Бүркіт Әлин сынды атпал азаматтың ізгілік тұнған ішкі әлемі осындай.

Қарағанды облысы,
Жаңаарқа ауданы,
Ералиев ауылы

Дерек пен дәйек

Қарапайым мамандықтарға сұраныс көп

Еңбек ресурстарын дамыту орталығы электрондық еңбек биржасында өткен айда мамандықтарға сұраныс байқалғанын хабарлады. Орталықтың дерегі бойынша 2021 жылдың қазан айында 139,6 мың бос жұмыс орны және 49 мың түйіндеме орналастырылған. Өткен айда жарияланған бос жұмыс орындары аздап өссе, түйіндемелер саны 21%-ға азайып, еңбек нарығындағы үдерістердің баяулағанын көрсеткен.

Қымбат ТОҚТАМУРАТ,
«Egemen Qazaqstan»

Электрондық еңбек биржасында әдеттегідей от жағушыларға сұраныс көп болса, керісінше жұмыс іздеген заңгерлер, қаржыгерлер мен мал өсірушілер көп.

«Өткен айлармен салыстырғанда қазан айында мұғалімдер мен сұхбат алушыларға сұраныс төмендеді. Сонымен қатар еңбек биржасында құрылыс саласының қызметкерлері: арматурашылар мен бетоншыларды іздеушілер көбейді. Бұл мамандарға деген сұраныс қазан айында 2,2 мың бос орынды құрады, яғни өткен айға қарағанда 1,8 мыңға артық болды. Мұндай мамандардың тапшылығы сондай. Атыраудағы жұмыс берушілер олардың жалақысын 500 мың теңгеге дейін көтеруге мәжбүр болды», дейді Еңбек ресурстарын дамыту орталығының атқарушы директоры Александра Молчановская.

Еліміздің өңірлеріне жеке тоқтасак, қазан айында электрондық еңбек биржасында жаңа еңбеккерлерді іздеу жағынан Түркістан облысының жұмыс берушілері белсенділік танытқан. Мұндағы сұраныс барлық бос орынның 14%-ын құраған. Сондай-ақ жаңа кадрларға деген жоғары қажеттілік Шымкент (11%), Алматы (10%) және Нұр-Сұлтан (9%) қалаларында байқалған. Өткен айда Шымкент қаласында қазіргіден 3,6 есе аз бос жұмыс орны орналастырыған. Ал Алматы облысында керісінше, жұмыс туралы ұсыныстар саны екі есеге (51%-ға) қысқарған.

«Электрондық еңбек биржасындағы әрбір бесінші бос жұмыс орнын жеке кәсіпкерлер жариялады, оның ішінде бос орындардың 62%-ы 3 аймаққа — Қостанай және Түркістан облыстарына, сондай-ақ Шымкент қаласына тиесілі», деп толықтырды сөзін А.Молчановская.

Жалақыға келетін болсақ, оның

көлемі өңірлерге және мамандыққа байланысты әртүрлі. Мысалы, ең көп еңбекақы — Атырау облысында. Аталған облыста қазан айында 1,2 млн теңгеден 1,5 млн теңгеге дейін жалақысы бар 11 бос лауазым ашылған. Жұмыс берушілер жоба басшылары мен менеджерлерге, базалық техникалық қызмет көрсету жөніндегі үйлестірушілерге, бас инженерлерге (өңдеу өнеркәсібінде), механик-инженерлерге, конструктор-инженерлерге, инженерлер-бағдарламашыларға, жабдықтарды жинақтау және телекоммуникация саласындағы техникалық қолдау жөніндегі инженерлерге осындай еңбекақы ұсынып отыр.

Жалпы, Атырау — өңірлер арасында жалақы жағынан көшбасшы облыс. Мұнда жалақының орташа деңгейі биылғы үш тоқсандағы жағдай бойынша 419,1 мың теңгені құраған.

Атырау облысымен қатар, еңбек биржасында жоғары еңбекақы төлейтін бос жұмыс орындарын Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Маңғыстау облыстарында және Нұр-Сұлтан мен Алматы сынды ірі қалаларда табуға болады, бұл өңірлерде еңбекақы — 600 мыңнан 800 мың теңге аралығында.

Қазан айында арнайы біліктілігі жоқ жұмысшылар үшін ұсынылатын еңбекақы (29,3 мың бос жұмыс

орны) ел бойынша 58,1 мың теңгені құрады. Ал білім беру саласының қызметкерлеріне (8,8 мың бос жұмыс орны) ұсынылған орташа жалақы көлемі 86,4 мың теңгеге тең.

Бұған қоса, қазақстандық жұмыс берушілер құрылысшыларға айына 94,8 мың теңге төлеуге дайын, оларға 6,4 мың бос жұмыс орны ұсынылды.

Денсаулық сақтау саласының кадрларына деген қажеттіліктің артуына байланысты дәрігерлер мен орта медициналық қызметкерлердің жалақысы жоғары болып тұр. Электрондық еңбек биржасына шыққан 3,1 мың бос жұмыс орнына орта есеппен 114,9 мың теңге ұсынылды.

Жұмыс берушілер көрсеткен орташа еңбекақы денсаулық сақтау мамандарынан басқа, жоғары лауазымды тұлғаларға, заң шығарушылар мен мемлекеттік қызметшілерге (172,3 мың теңге) белгіленді. Сонымен қатар жұмыс берушілер өндіріс және сервистік қызмет саласындағы корпоративтік бөлімшелердің басшыларына (басқарушылары) — 166,1 мың теңге (1,8 мың бос орын) және ғылым (статистика) мен техника саласы мамандарына, нақтырақ айтқанда, өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы инженерлеріне, инженер-сметашыларға 145,7 мың теңге (2,3 мың бос орын) жалақы ұсынды.



Осы біз босаңсып кеткен жоқпыз ба?

Жақында бұқаралық ақпарат құралдары «Қытайда коронавирус қайта өршиді» деп жерден жеті қоян тапқандай жарыса хабарлады. Бақсақ, Қытайда жаман індетті жұқтырудың небәрі 93 жағдайы тіркелген екен. ҚХР Денсаулық сақтау және бала туу жөніндегі мемлекеттік комитетінің хабарлауынша, Қытай билігі халықты сақ болуға шақыра отырып, ел азаматтарының сапарға шығуын шектеу, тексеру мен тестілеу шараларын күшейту үстінде.

Кәрібай МҰСЫРМАН,
«Egemen Qazaqstan»

Жалпы, пандемия басталғалы 1 млрд 440 млн тұрғыны бар алып елде қарашаның 5-і күнгі дерек бойынша 97 605 адам коронавирус жұқтырып, 4 636 науқас қайтыс болған. Құмырадан шыққан жың тәрзіді коронавирусты желкесінен алып, қуып жібергендей қылған қытайлықтардың темірдей тәртібіне тәнті болып, Бауыржан Момышұлының «Тәртіпке бағынған ел құл болмайды» деген аталы сөзін еріксіз еске алғандаймыз. Ал халқының саны 19 млн-нан енді асқан біздің елде 945 922 адам қауіпті инфекцияны жұқтырып, 12 204 отандасымыз опат болған. Тиісті санитарлық-эпидемиялық талаптарды бәріміз бірдей орындай бермейтініміздің, әсіресе, тығылып той-томалақ жасауды тыймағандығымыздың сазайын тартып отырған жайымыз бар.

Бұл ретте бізге көршілес Өзбекстан да өнеге болғандай екен. Халқының саны бүгінде 34,5

млн-нан асқан бауырлас елде небәрі 187 085 адам коронавирус жұқтырып, 1 332 науқас өмірмен қоштасқан көрінеді. Қазіргі кезде алашапанды ағайындардың арасынан тәулігіне 270-290 адам індет жұқтырып жатқан болса, біздегі көрсеткіш 1 300-ден асып тұр. «Әлемдегі тоғызыншы территория» атанған кең-байтақ Қазақстандағы халық тығыздығы Өзбекстанмен салыстырғанда он еседен аса аз екенін ескерсек, елді мекендерінің арасы алшақ еліміздегі пандемиямен күрес нәтижесі көңіл көншітерліктей еместігі көзге ұрып тұрғандай.

Ал Денсаулық сақтау министрлігі жариялаған болжамға сүйенсек, «пессимистік сценарий» бойынша тәуліктік індет жұқтыру көрсеткіші қарашада – 1 800, желтоқсанда 2 350 адамға дейін, ал «оптимистік сценарий» бойынша қарашада – 1 500, желтоқсанда 1 100 адамға дейін болуға тиіс екен.

Осындай «оптимистік сценарий» іске асырылып жатқанын өткен аптадағы Үкімет отырысында мәлімдеген Денсаулық сақтау

министрінің бірінші орынбасары Марат Шоранов: «Қазақстандағы санитарлық-эпидемиялық жағдайдың жақсаруы жалғасып жатыр. Барлық өңірде ауыру деңгейінің, стационарлық және амбулаториялық емдеудегі ауыр жағдайлардың санының төмендеуі байқалады. Әлемдік рейтингке сәйкес 222 елдің ішінде Қазақстан сырқаттану көрсеткіші бойынша 105-орында, өлім көрсеткіші бойынша 102-орында тұр», деді.

Індеттің ештеңе кему үрдісі көңілге үміт ұялатқанымен, алдына әлемдегі ең дамыған отыз мемлекеттің қатарына қосылуды айқын мақсат етіп қойған Қазақстан үшін бүгінгі «мылтықсыз майдан» – пандемиямен күресте 105-орынды еншілеу – әсте де мақтанарлықтай жағдай емес. Осы ретте Үкімет басшысы Асқар Маминнің қалыптасқан ахуалға сыни тұрғыда қарап, «жасыл», «сары», «қызыл» аймақтардың қайсысында орналасқандығына қарамастан, барлық өңірде шектеу шараларының сақталуын және мониторинг топтарының күшейтілген жұмыс режимін қамтамасыз етуді, Нұр-Сұлтан қаласының, Солтүстік Қазақстан, Маңғыстау, Қостанай, Ақмола, Батыс Қазақстан облыстарының әкімдеріне коронавирусқа қарсы вакциналау қарқынын арттыруды тапсырғаны құптарлықтай.

Өйткені тіпті Денсаулық сақтау министрлігі шенеуніктерінің көз алдындағы астанада да назар

аударарлық кемшін жайлар бар. Кейінгі апталарда «қызылдан» шығып, «сары аймаққа» көшкен бас қалаға өңірлерден студенттер ағылып келіп, әдеттегі форматта сабаққа кіріскелі қоғамдық көліктегі жағдай тым күрделеніп кетті. Автобустарда аялдамалар хабарланып, жолақы төлеу қажеттігі ескертіліп, Полиция департаментінің қалта ұрыларынан сақтандырылған хабарламасы оқылғаны болмаса, маска тағу режимін сақтау қажеттігі жайлы бірауыз сөз айтылмайды. Бұған қоса «Үркер» шағын ауданына баратын №36 және №45 автобустардың салонына сағат 18.00-20.00 аралығында жастарлық толып, бөшкедегі балықтай сығылысып тұратындығын, көбі маска тақпағандығын өз көзімізбен талай көрдік. Осындай қалаішілік бағыттардағы жолаушылар ағынын жете зерттеп, кешкі қарбалас шақта қосымша автобустар бөлуді қарастырған жөн. Елордадағы қоғамдық тамақтандыру орындарына рейд жасап жүрген мониторинг топтарының мүшелері де көзімізге түскен емес. Тіпті Ashyq жүйесіне қосылған кейбір объектілерде де келушілерді тексеріп жатқан ешкім жоқ. Олардың тек қалтасына түсетін пайданы ойлап қожайындарына ақшалай айыппұл салып, айылдарын жигызбаса болмас.

Ал коронавирус пандемиясына байланысты өлім-жітім

көрсеткіші бойынша Қазақстанның 102-орында қалып отырғаны еліміздің санитарлық-эпидемиялық саламаттылығы саласында қалыптасқан жағдайдың маз еместігін анық аңғартып тұр. Осы орайда биылғы маусым айының соңында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Ресей Президенті Владимир Путинмен кездескенінде ресейлік дәрігерлерге өзін коронавирустан емдеп жазғаны үшін ризашылығын білдіріп: «Мен ауырып қалғанымда бір топ ресейлік дәрігер жанымда болғанын ешқашан ұмытпаймын. Бұл ұмытылмайды», дегені еріксіз ойға оралады. Сондай-ақ жуырда әлеуметтік желіде белгілі экономист Олжас Құдайбергенов өзінің екіпес салдырса да, кате түсінікпен сақтық шараларына жете мән бермегендіктен, қатерлі ауруды жұқтырып алғандығын айта келіп: «Коронавирусты жеңуіме Мәскеуден келген дәрігерлер көмектесті. Өкінішке қарай, жергілікті мамандар жәрдем көрсете алмады. Жағдайым нашарлап, жансақтау бөлімшесіне ауыстырылғанымда мен байланыссыз қалып, достарымның жолдаған хабарламаларына жауап бере алмадым. Соған күдіктенген олар бірден дабыл қағып, аурухана басшылығымен сөйлесіп, Мәскеуден дәрігерлер іздеп тауыпты. Олардың қызметінің ақысын

да өздері жинап төлепті. Мұны мен наркоздан кейін өкпені жасанды желдету аппараты астында жатып есімді жиғанда бірақ білдім. Сол күні мәскеулік дәрігерлер келіп, дұрыс емдеу жүргізіп, жағдайым жақсара бастады. Әрине, жергілікті дәрігерлерге байланысты айтатын жеке ой-пікірлерім бар, бірақ еліміздің денсаулық сақтау саласында сапалық өзгерістер қажет деген жалпы тұжырыммен шектелмекпін. Ал жансақтау бөлімшесінің мейіргерлері мен санитарларына келсек, олардың сапалы күтімі мен өте жоғары адами қарым-қатынастарына аса ризамын», деп жазды.

Неміс жазушысы Эрих Мария Ремарктың «Бір адам өлсе – трагедия, мың адам өлсе – статистика» деп жазғанындай, қан майданда жүргенде адамның көз алдында болып жатқан мың сан өлімге бойы үйреніп, үрейленіп, қорқып-үркенден қалатын көрінеді. Сол секілді осы біз – елдің денсаулық саласының басшылары да, былайғы жұрт та қазіргі уақытта коронавирус пандемиясынан күнде болып жатқан өлім-жітімге былтырғы, бастапқы кездегідей қорқынышпен, уайыммен қарауды қойып, тым босаңсып кеткен жоқпыз ба? Ал жеті басты айдаһар сынды жалмауыз дерт күн сайын ондаған абзал азаматымызды арамзыдан жұлып әкетіп жатыр. Әрқайсысы – бір-бір тұлға, һәм бір-бір трагедия...

Балалар мен жасөспірімдерге де вакцина салынады

Етіміз үйреніп кеткендіктен бе, коронавирус инфекциясына назар аударуды қойдық. Санитарлық талаптарды сақтауды да ұмыттық. Алайда індеттің беті қайтқан емес. Облыс бірде «қызыл», бірде «сары аймаққа» енеді. Соңғы тәулікте індет жұқтырған 64 адам тіркелген.

Мерей ҚАЙНАРҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Аты жаман індеттен қорғанудың бірден-бір жолы екпе алу деседі ақ халаттылар. Бір жағынан барлық мекемеге Ashyq жобасы орнатылғандықтан, «жасылы» жанбағандарды, яғни екпе алмағандарды кіргізбейді. Бірақ санитарлық-эпидемиялық бақылау комитеті «Атамекен» ҰКП мен өңірлік денсаулық сақтау басқармаларына медициналық рұқсаты бар азаматтарды демалыс күндері мекемелерге кіргізу туралы ресми ақпарат жіберді.

Бас санитарлық дәрігердің қаулысына сәйкес пайдаланушыға Ashyq мобильді қосымшасында тұрақты медициналық анықтамасы болса, «жасылы» мәртебе беріледі екен. Айта кетерлігі, «жасылы» мәртебені көрсету үшін мұндай анықтамаларды автоматтандыру мәселесі қайта қаралып жатыр.

– Денсаулық сақтау министрлігінің мәлімдеуінше, соңғы уақытта «көк» мәртебелі азаматтардың медициналық рұқсаты бола тұра демалыс күндері көсіпкерлік объектілеріне кіруге рұқсат жоқ еді. Осыған байланысты ведомство әкімшілікке тұрақты медициналық анықтаманы көрсеткен кезде азаматтарды сауда мекемелеріне уақытша жіберуге рұқсат беру туралы шешім қабылдады, – деді облыстық Кәсіпкерлер палатасының директоры Қайрат Мамырбаев.



Суретті түсірген Еркін ОМАР, «EQ»

салынбақшы. Бұл туралы Шығыс Қазақстан облысында өткен баспасөз конференциясында айтылды.

Қазіргі уақытта Шығыс «сары аймақта» болғанымен, эпидемиялық жағдай ұшығып тұр. Сырқаттардың көбі – Семей және Өскемен қалаларында. Қауіпті дерт балаларды да айналып өтіп жатқан жоқ. Санитарлық-эпидемиялық

талаптардың қатаң сақталуына қарамастан, білім басқармасының мәліметінше, оқу жылының басынан бері өңірде дәстүрлі форматта оқу кезінде оқушылар арасында аурудың 660 жағдайы тіркелді. Қазір 586 оқушы сауығып, әдеттегі оқу режиміне оралды. Алайда облыстың 55 мектебінде 108 сынып әлі күнге дейін қашықтан оқытылуда.

Облыстың дәрігерлері мен эпидемиологтері барлық шектеуден шығудың жалғыз жолы инфекцияға қарсы вакцина алу және ұжымдық иммунитетті қалыптастыру деп есептейді.

2021 жылғы 20 қазанда Қазақстанның Бас мемлекеттік санитарлық дәрігері қаулы шығарғаны белгілі. Соған сәйкес Pfizer Comirnaty препаратымен вакциналау жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар бекітілді. Бұл вакцинамен 12 жастаң асқан жасөспірімдерді, сондай-ақ лактация кезінде және жүкті әйелдерді егу жоспарлануда.

Процедураның қалай өтетіні туралы баспасөз конференциясында Шығыс Қазақстанның бас педиатры Гүл Құсайынова айтып берді. Оның айтуынша, балалар мен жүкті әйелдерді вакциналау осы қарашадан басталады. Әйелдер өз денсаулығын қорғап, жүктіліктің 16-дан 37-ші аптасына дейін ерікті вакциналау процедурасынан өте алады. Өз кезегінде жасөспірімдерді иммундау кезең-кезеңмен жүргізіледі. Бірінші кезеңде 16-18 жас аралығындағы жасөспірімдер коронавирус вакцинасына қарсы вакцина ала алады. Келесі кезеңдерде вакциналауға 12 жастаң 15 жасқа дейінгі балалар жіберіледі.

Облыстың бас педиатры атап өткендей, балаларды вакциналау ата-аналарды немесе заңды өкілдердің

ақпараттандырылған келісімі болған жағдайда ғана жүргізіледі. Қазіргі уақытта облыстың медициналық ұйымдарында иммундауға жататын жасөспірімдердің тізімін жасау бойынша жұмыс басталды.

– Медицина қызметкерлері қазір мектептерде жасөспірімдердің ата-аналары арасында пандемия жағдайында коронавирусқа қарсы егудің маңыздылығы туралы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізуде. Вакциналау балалардың ауруға қарсы тұруларына иммунитет қалыптастырады, – дейді Гүл Құсайынова.

Сонымен қатар ол вакциналау процедурасынан өтпес бұрын ағзанда коронавирус инфекциясы мен вирусқа антиденелердің болуына тексеру жүргізудің қажеті жоқ екенін атап өтті. COVID-19 індетімен ауырған жасөспірімдер сауыққаннан кейін алты айдан кейін процедураға жіберіледі.

– Егу алдында балаларды дәрігерлер толықтай тексереді. Егер иммундауға қарсы көрсетілімдер болмаса, балаға рұқсат беріледі. Вакцина алуға қарсы көрсетілімдердің қатарына белсенді затқа немесе вакцинаның басқа компоненттеріне аллергияның болуы. Сондай-ақ полиэтиленгликольге ауыр аллергиялық реакциясы жатады, – деп атап өтті облыстың бас педиатры.

Ескерте кетерлігі, Pfizer Comirnaty препаратымен вакциналау екі кезеңде жүргізіледі. Вакцинаның екінші компоненті алғашқы егуді алғаннан кейін 21 немесе 28 күннен соң алынады. Екпені білікті мобильді бригадалар жүргізеді.

Шығыс Қазақстан облысы



Отыз жыл: әдеби өріс



Инфографика жасаған Асиягәді КИИС, «ЕҒ»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бұл ұйымның әдеби байланыстар барысындағы істеген ізгі шаруалары біршама көп. Айталық, 2018 жылдың 20-21 қыркүйек аралығында Қазақстан Жазушылар одағы басқармасы Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен Елбасымыздың «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Қазіргі заманғы сөз энергиясы» атты Еуразиялық әдеби форумын өткізді. Форумға Ұлыбритания, Германия, Ресей, Қытай, Түркия, Латвия, Мажарстан, Польша, Молдова, Армения, Украина, Болгария, Монғолия, Әзербайжан және өзге де мемлекеттердің қаламгерлері қатысты. Елордада ұйымдастырылған бұл әдеби форумда жан-жақты әдеби байланыс, өзара түсіністік, аударма мәселесі сияқты түйткілдер талқыланды.

Ал 2019 жылдың 4-6 қыркүйек күндері Қазақстан Жазушылар одағы Қазақстан Президенті Әкімшілігінің және Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен Нұр-Сұлтан қаласында Азия елдері қаламгерлерінің I форумын өткізді. Тұңғыш рет ұйымдастырылған бұл форум Азия континентінде орналасқан елдер арасындағы әдеби-мәдени байланыстарды нығайту, одан әрі дамытумен қатар еліміздің бүгінгі кескін-келбетін, Қазақстанның әдебиетін, рухани құндылықтарын өзге елдерге таныстырып, әдеби үдерістің дамуына қатысты Азия елдерімен тәжірибе алмасу сынды бірқатар мақсат-міндетті

“АҒЫЛШЫН АҚЫНЫ МЭТЬЮ АРНОЛЬД АЙТҚАНДАЙ: «МӘДЕНИЕТ – ӘЛЕМГЕ СӨЗІМІЗДІ, ОЙЫМЫЗДЫ ЖЕТКІЗІП, РУХАНИ КЕМЕЛДЕНУДІ ІЗДЕУДІҢ БІР ЖОЛЫ». БІРНЕШЕ АЙ БҰРЫН ЛОНДОНДА АЛҒАШ РЕТ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӨНЕРІНІҢ КӨРМЕСІ ӨТТІ. БҰЛ ӨТЕ КЕРЕМЕТ КӨРМЕ БОЛДЫ. ӨЙТКЕНІ БІЗ ОДАН ҰЛТТЫҚ ҚАЗІРГІ МӘДЕНИЕТІ МЕН БЕТ-БЕЙНЕСІ ӨЗ ШЕКАРАСЫНДА ШЕКТЕЛІП ҚАЛМАЙ, ӘЛЕМДІК КЕҢІСТІККЕ ЕРКІН ШЫҚҚАНЫН КӨРДІК.

негіз ете отырып ұйымдастырылды. Азия елдері қаламгерлерінің I форумна 44 мемлекеттен әлемге беделді халықаралық сыйлықтардың жүлдегерлері, ұлттық, мемлекеттік сыйлықтардың лауреаттары һәм Жазушылар одағы мен ассоциацияларының төрағаларынан құралған 100-ге жуық ақын-жазушы мен еліміздің түкпір-түкпірінен шақырылған 50-ден астам қаламгер бас қосты. Олардың арасында Нобель сыйлығының номинанттары, Букер және ASEAN сыйлықтарының лауреаттары бар. Осы форумға қонақ ретінде қатысқан араб жазушысы Ибрагим Нәсіролла: «бұл форум қаламгерлер үшін өте маңызды, осы мүмкіндік арқылы алуан ұлт жазушылары бір-бірімен танысып, пікір алмасу – ең басты жетістік болып табылады. Біз бір-бірімізден өте алыста, Азияның әр киірінде тұрғанымызбен, мақсатымыз бір. Ол – жақсы шығарма жазу», деген ойын айтса, ал Оңтүстік Кореядан келіп қатысқан ақын Ко Ын: «Нұр-Сұлтан – әлемдік астаналардың ішінде жасы, тіпті өте жасы», деп елордамызға деген бағасын, әсерін айтқан еді. Ол қазақ ақын-жазушылары арасынан ұлы Абайдың шығармаларын оқығанын сөз етті.

Тәуелсіздік жылдарындағы әдебиеттің деңгейін көтеру үшін жасалған маңызды қадамның тағы бірі – қазақ қаламгерлерінің туындыларын алты тілге аудару жобасы болмақ. Бұл жоба Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жүзеге

асты. Аталған жоба тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиеті мен мәдениетін, музыкасы мен бейнелеу өнерін, хореография, кино және театр саласындағы жетістіктерін әлемге танытуды басты мақсат етті.

Поэзия және проза жинақтарының таныстырылымына осы жобаға қатысқан Ұлыбритания, Испания, Франция, Ресей, Қытай, Мысыр және Таяу Шығыс елдері аудармашылары мен әдебиеттанушылары, баспа ұйымдарының өкілдері елімізге келіп, авторлармен кездесіп, тығыз байланыста жұмыс істеді.

Сол кездегі Қазақстан Президенті Әкімшілігі Ішкі саясат бөлімінің меңгерушісі, «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасын іске асыруға жауапты жұмыс тобының жетекшісі Аида Балаева аталған жоба туралы: «Қазақ әдебиетінің үздік үлгілерін БҰҰ-ның 6 тіліне аударып, тарату – ұлт тарихында бұрын-соңды болмаған, қазақ мәдениетін әлемге таныстыру тұрғысынан теңдесі жоқ бастама» деген болатын. Әдебиетке көңіл бөлуді мақсат еткен жоба қазақстандық 60 автордың жұрт сүйіп оқитын шығармалары әлемнің 6 тіліне аударылып, сол тілдерде жұмыс істейтін ең беделді баспалардан кітап болып шығып, 5 құрлықтағы 90-нан аса елдің жоғары оқу орындары, кітапханалары мен ғылыми орталықтарына таратылды.

Осы жоба барысында аударма сапасына назар аудару түйткілді мәселенің бірі болды. Қазақ авторларының шығармаларын 6 тілге аударатын шетелдік аудармашы-

тіліне аудару, басып шығару және таратуға Қытай Халық Республикасының «Ұлттар баспасы» өз мойнына алды. Араб тіліне Египет Араб Республикасының Мәдениет және білім орталығының қолдауымен Таяу Шығыс елдеріне танымал MediaHub баспасы жұмыс істеді. Бұның өзі қазіргі әдебиетімізді насихаттау үшін жасалған нақты қадамдар деуімізге әбден болады.

Cambridge University Press делегациясының жетекшісі Джейн Мани осы жоба туралы: Қазіргі уақытта ұлттық реформалар өздерін басқалардан ерекшелу бағытында жүреді. Бірақ Қазақстан тек қана білім саласында ғана емес, «Рухани жаңғыру» сияқты мемлекеттік бағдарламаларды іске қосу арқылы да қазақ қоғамының бет-бейнесін қалыптастыруда жаңа сипат алды. XIX ғасырдағы ағылшын ақыны әрі сыншысы Мэтью Арнольд айтқандай: «Мәдениет – әлемге сөзімізді, ойымызды жеткізіп, рухани кемелденуді іздеудің бір жолы». Бірнеше ай бұрын Лондонда алғаш рет қазіргі қазақ өнерінің көрмесі өтті. Бұл өте керемет көрме болды. Өйткені біз одан ұлттың қазіргі мәдениеті мен бет-бейнесі өз шекарасында шектеліп қалмай, әлемдік кеңістікке еркін шыққанын көрдік. Осы сияқты қазақ әдебиеті де өз шекарасында шектелмей әлем тілдеріне аударылып жатыр. Ұлттық аударма бюросынан қазақ әдебиетін аудару туралы ұсыныс түскенде, біз қуана келістік» деп атап көрсетті. Біздің елдің әдебиетке деген ықыласы жөнінде шетелдік мамандар жоғары баға беріп жатқанының өзі бір жетістік болмақ. Осы жоба барысында жоғарыда біз айттып өткен аударма, басып шығару, тарату, насихаттау жұмыстарына жалпы 70-тен астам маман тартылды. Жоба Мәдениет және спорт министрлігінің тапсырысы бойынша «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қорының үйлестіруімен жүзеге асқанын айта кеткен дұрыс.

Адамзат ойшылының бірі саналатын Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойы аясында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен ұлы ақын, ойшыл, ағартушының шығармалары әлемнің 10 тіліне аударылды. Атап айтсақ, Абай шығармалары ағылшын, араб, қытай, испан, италиян, неміс, орыс, түрік, француз және жапон тілдерінде сойледі. Аударма жинақтарға ақынның 145 өлеңі, 3 поэмасы мен 45 қара сөзі енді. Бұл да тәуелсіз елдің әдебиеті мен мәдениетіне деген ынтасының бір көрінісі.

Мемлекеттің қолдауымен шетелдегі таңдаулы шығармаларды қазақ тіліне аудару жұмысы да жанданып келеді. Шетелдік әдебиетшілер қауымы мен жоғары оқу орындарында мойындалған әлем әдебиеті теориясының негізі еңбегі ретінде саналатын «Әдебиет теориясы» көп томдықтары қазақ тіліне аударылып, ұлт әдебиеті мен оның оқырмандарына өзгеше жаңалық сыйлады. Бұл еңбектерде шетелдік 75 автордың шығармаларына талдау жасай отырып, әлем әдебиетінің жалпы теориясы түсіндірілген. Осындай таңдаулы оқулықтың ана тілімізде сөйлеуі де бүгінгі әдебиетіміздің дамуына күш үстіне күш қоспақ. Әрине, бұл жобаның жүзеге асуына да мемлекет тарапынан қолдау көрсетілген.

Ордалы елдің өткен осы отыз жылы тынысты да ырысты кезең болды. Әдебиетке деген ынта күшеймесе, суыған жоқ. Қазақ қаламгерлері тәуелсіз елдің тұғырында тың тебін байқатып, ойдағы жауһар дүниелерін қағазға түсіріп, оқырманға ұсынууда. Оқырман саны да өспесе, өшкен жоқ. Бұдан былайғы жерде Тәуелсіздік өркен жайған елде әдебиеттің де өрісі кеңейе бермек.

Ұлағат бастауы



Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің «Рухани жаңғыру» бағдарламасын үйлестіру департаментінің директоры Ұ.Тінаев және Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің төрағасы А.Әбдуәлиев «Ұлттық рухани жаңғыру» жобасын насихаттау мақсатында Қазақ ұлттық өнер университетінің профессор-оқытушылар құрамымен және студенттермен кездесті.

Кездесу барысында, «Рухани жаңғыру» бағдарламасын үйлестіру департаментінің директоры Ұ.Тінаев жобаның бағыты, мақсаты, міндеттері және іске асыру тетіктерімен таныстырды.

Ұлттық жобаның бірінші бағыты – «Рухани жаңғыру» құндылықтарын ілгерілету және мемлекеттік тілді дамыту» бағыты. Бұл бағыт бойынша 38 іс-шара, 8 көрсеткіш көзделген. Екінші «Ел рухы» бағыты – мәдениет саласында қолжетімділік пен сапаны арттыру, 13 іс-шара мен 5 көрсеткішке жетуді жоспарлаған. Үшінші бағыт – «Тәуелсіздік ұрпақтары» бағыты. Бұл – жастар үшін жаңа мүмкіндіктер ашу және оларды қоғамдық пайдалы істерге тарту міндеттерін қамтиды.

«2025 жылға дейін жастардың базалық сұраныстарын шешу керек. Яғни сапалы және қолжетімді білім беру, жұмысқа орналастыру, тұрғын үймен қамтамасыз ету, жастардың жан-жақты дамуына құқықтық жағдайлар жасап, рухани-адамгершілік және отбасылық құндылықтарға баулу өте маңызды. Жастарды қоғамдық

пайдалы істерге тартып, бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиесіне жаңа мүмкіндіктер ашу жоспарланған. Бұл мәселелерді шешу үшін 15 үлкен жоба қолға алынып, нәтижесінде 8 нақты көрсеткішке жететін болады», деді Ұ.Тінаев.

Кездесу барысында Мәдениет комитетінің төрағасы А.Әбдуәлиев «Ел рухы» бағыты бойынша негізгі 13 іс-шара көзделгендігін айтып, 2025 жылға дейін 250-ден астам мәдениет объектісін салу, 1 200-ден астам мәдениет объектісін жөндеу, шамамен 8 визит орталығын салу, көзі көрмейтіндер мен нашар көретіндер үшін, оның ішінде мемлекеттік тілде кітапханалар қорын ұлғайту, ғылыми-реставрациялау жұмыстарын жүргізу арқылы тарихи-мәдени мұра объектілерін сақтау, өткізілетін барлық мәдени іс-шара, театр маусымы, кітапхана, музей және көрме қорлары туралы ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз ете отырып, e-culture.kz бірін-ғай электронды платформасын құру сынды бірқатар жоспарларды атап өтті.

«Егемен-ақпарат»

КИНО

Түркия кинофестивалін «Томирис» ашты

Кеше түбі бір түркі дүниесінің басын қосып, өнерін сарапқа салатын көптен күткен Korkut Ata TurkicWorld Film Festival кино байқауы сұлу Ыстанбұл шаһарында шымылдық түрді. Түркі әлемі өнерін ұлықтайтын үздік фильмдер шеруіне еліміздің атынан бірнеше туынды қатысады деп күтілуде. Ал отандық өнердің көшін бастап барған режиссер Ақан Сатаевтың «Томирис» тарихи фильмі атаулы фестивалді ресми түрде ашты.



Назирке ЖҰМАБАЙ, «Egemen Qazaqstan»

Ұлттық өнерімізге көрсетілген бұл құрмет шын мәнінде қазақ кинематографияның мерейі екені сөзсіз. Қарашаның 8-12-і аралығында Түркияда алғаш рет өткізілгелі отырған Korkut Ata кинофестиваліне биыл 13 елден барлығы 42 кинотуынды қатысады. Фестиваль шеңберінде Қазақстан, Әзербайжан, Қырғызстан, Өзбекстан, Таяу Шығыс елдерінің киногерлері түрлі бағытта, соның ішінде тарихи, фантастика, деректі және анимация жанрында түсірілген үздік туындыларын ұсынатын болады.

Қазақстанның атынан аталған фильм-шеруге бірнеше көркем туынды қатысады. Фестивальдің басты байқауларының бірі – көркем фильмдер бағдарламасында Рүстем Әбдірашевтың «Қазақ хандығы. Алтын тақ» көркем фильмі, деректі фильмдер байқауында режиссер Бақыт Қайырбековтің «Құтыда жанған алау» туындысы бақ сынаиды. Ал анимациялық фильмдер байқауында Адай Әбелдиновтің «Күлтегін» тарихи толықметраж анимациялық фильмі көрсетіледі.

Сонымен қатар, фестивальдің тарихи туындыларына арналған бағдарламасында Сатыбалды Нарымбетовтің «Аманат» фильмі көрсетілсе, ал «Заманауи фантастика» байқауында көрермендерге Бекарыс Елубайдың «Оазис»

фильмі ұсынылатын болады. Korkut Ata Turkic World Film Festival кинофестивалінің тұсауын кесу мәртебесі бұйырған «Томирис» фильмі түрік жұртшылығына таңсық емес, аз уақыт ішінде Түркия еліне кеңінен танылып, көрерменнің сүйіспеншілігіне бөленіп үлгерген үздік туындылардың бірі. Олай дейтініміз, осыдан тура үш жыл бұрын – 2019 жылы Мәдениет және спорт министрлігінің тапсырысы бойынша Satafilm компаниясының қатысуымен «Қазақфильм» киностудиясы түсірген қазақстандық туынды биыл қыркүйек айында Түркияда прокатқа шығып, 200-ден астам кинотеатрда көрсетілген болатын. Енді міне, сол «Томириске» түркі әлеміне ортақ фестивальдің шымылдығын түру бақыты бұйырды.

Түркияда өтетін кинофестивальге Қазақстанның атынан КСРО халық әртісі, Еңбек Ері Асанәлі Әшімов, «Қазақфильм» киностудиясының президенті Ақан Сатаев, киностудияның өндіріс бойынша вице-президенті Айдар Баталов, «Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығы» КЕАҚ Бас продюсері Адай Әбдідинов, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Берік Айтжанов, актрисалар – Әлмира Тұрсын мен Аружан Жазылбекова, режиссер Нұрғиса Әлмұрат, продюсер Нұрлан Қоянбаев бастаған кино өнерінің майталмандары қатысты.

Баспана салу – құрылыс саласындағы басты бағыт

Шымкент қаласының білім ордаларында 125 мыңнан астам студент оқиды. Бүгінде 8 жоғары және 38 арнаулы оқу орнының студенттерін жатақханамен толық қамтамасыз ету мәселесі өзекті күйінде қалып отыр. Қалалық ішкі саясат және жастар істері жөніндегі басқарманың мәліметіне қарағанда, мегаполиске Түркістан облысының аудандары мен көршілес өңірлерден шамамен 75 500 жас келіп оқиды. Яғни осыншама студент жатақханамен қамтылуға тиіс. Қала әкімдігі осы мәселені шешудің тиімді жолдарын қарастырып, ауқымды жұмыстарды қолға алып отыр.

Ғалымжан ЕЛШІБАЙ,
«Egemen Qazaqstan»

Өзекті әрі өмірлік мәні бар мәселе

Қаладағы 22 жатақхана 7 175 студентті қабылдай алады. Бұл дегеніңіз баспанаға мұқтаж студенттердің 9,5 пайызы ғана. Республикалық мәртебе алған мегаполисте бүгінде тұрғындар қатары да көбейіп келеді. Тұрғын үй құрылысы қарқынды жүргізіліп жатқанымен, баспанаға сұраныс жалдамалы пәтер бағасының жоғарылауына ықпал етуде. Сұраныстың артуына студенттердің де үлесі бар. Жастардың жатақханаға сұранысын қанағаттандыру бүгінгі биліктің назарында. Естеріңізде болса, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев ілгеріде «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» атты халыққа үндеуінде мемлекет-жекеменшік әріптестігі аясында жатақхана құрылысын қолға алуды жүктеген болатын. Студенттер үйі құрылыс арқылы іске қосылса, онда әр студент үшін бір жылға 122 айлық есептік көрсеткіш, ал егер бұл жатақхана қайта жаңғырту арқылы іске қосылса, онда 47 айлық есептік көрсеткіш көлемінде төленеді. Биыл айлық есептік көрсеткіш мөлшері 2 917 теңге екенін ескерсек, жаңа жатақхана салған инвестор қабылдаған әр студенті үшін бюджеттен 355 874 теңге алады. Ішкі саясат және жастар істері жөніндегі басқарманың мәліметі бойынша осындай механизм арқылы Шымкент қаласында 2023 жылдың соңына дейін 4 мыңнан астам студентті орналастыруға арналған 11 жатақхана пайдалануға беріледі деп жоспарланған. Нақтырақ айтсақ, биыл 1 474 орынды 4 жатақхана пайдалануға берілмек. Соның ішінде 1 100 студентті қабылдай алатын 3 жатақхана күркүйек айында ашылды. Ал М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың 374 орынды жатақханасы желтоқсан айында пайдалануға берілмек. Студент үшін баспана ғана емес, үлкен қала тіршілігіне бейімделуіне жәрдем беретін жатақханада ғылыми зерттеу жұмыстары бойынша үйірмелер, шығармашылық орталықтар мен спорт секциялары жұмыс істейді. Яғни жатақханаларда шәкірттің сапалы білім алуына қолайлы жағдайдың жасалуы басты талап десек те болады. Бұл орайда Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің 3-отырысында: «Жатақхана – өте өзекті әрі өмірлік мәні бар мәселе», дей келе, студенттердің тұруына қауіпсіз әрі жайлы орталықтар құрылуы тиістігін айтты. «Қос дипломды бағдарламаларды, студенттердің, жоғары оқу орындарының оқытушы-профессорлық құрамының ішкі және сыртқы академиялық ұтқырлығының түрлі формасын дамыту қажет. Қазақстандық университеттердің тұруына қауіпсіз әрі жайлы орталықтар құрылуға тиіс», деді Мемлекет басшысы. Сондай-ақ Президент алдағы 5 жылдың ішінде кемінде 90 мың орындық жатақхана салынуы тиістігін баса айтты. Осы орайда Шымкент қаласының ішкі саясат және жастар істері жөніндегі басқармасы үшінші мегаполисте 2022



жылы 900 орынды 2 жатақхананы, ал 2023 жылы 1 650 орынды тағы 5 жатақхананы пайдалануға беру жоспарланғанын мәлім етіп отыр.

Жуырда жыл басынан бергі 9 айдың қорытындысы бойынша қала әкімі Мұрат Әйтеновке есеп берген басқарма басшысының міндетін атқарушы М.Шотанов 5 бағыт бойынша атқарылған жұмыстың бір бағыты жастар саясаты екенін айтып өтті. Шымкентте жастар 14-29 аралығындағы 239 986 жас бар, бүгінде олар қала халқының 22,3%-ын құрайды. Есепті кезең бойынша 10 215 жас жұмыспен қамтылған. Оның ішінде уақытша жұмысқа – 4 362, бос жұмыс орындарына – 3 315, жаппай кәсіпкерлікті дамытуға – 1 132, кәсіптік оқуға – 1 094, мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде – 214, «Жол картасы» аясында 98 жас бұын жұмысқа жолданған. Ал жұмыс істеу мен ізденуге ниеті жоқ, яғни НЕЕТ санатындағы жастар 7,3 (16 207) пайызды құрайды. Жыл соңына дейін бұл көрсеткішті төмендету үшін 1 332 жаспен жұмыс жүргізу көзделіп отыр. Сондай-ақ М.Шотанов волонтерлікті қолдау мақсатында Meyirim.kz электрондық қайырымдылық порталы іске қосылғанын, қазір онда 31 қайырымдылық қоры, 19 заңды тұлға, 4 әлеуметтік дүкен, 73 ерікті тіркелгенін атап өтті. Портал арқылы 3 773 мұқтаж отбасына көмек көрсетілген. Қаладағы волонтерлік ұйымдар әлеуметтік жағдайы төмен отбасылар мен қарияларға 7 мыңға жуық азық-түлік себетін таратқан.

Шаттық сыйлаған «Шаңырақ»

Жоғарыда айтып өткеніміздей, мегаполисте кезекте тұрған адамдардың баспана мәселесін шешу бағытында да ауқымды жұмыс атқарылуда. Президент Жолдауында өз бетінше баспана мәселесін шешуге табысы жетпейтін азаматтарға тиімді әлеуметтік көмек көрсетілетіні айтылған болатын. Бұл орайда өткен жылдан бастап «5-10-25» бағдарламасы жүзеге асырылуда. Оған 390 млрд теңге бөлінді. «Шаңырақ» жеңілдетілген несиелік бағдарлама бойынша Тұран шағын ауданында орналасқан 7 тұрғын үй пайдалануға берілді. «Тұран шағын ауданында шамамен 1,2 млн шаршы метрді құрайтын 15 300 пәтерлі 319 көпқабатты тұрғын үйдің құрылысы жоспарланған. Бүгінгі таңда бюджет есебінен 88 үйдің құрылысы жүргізіліп, оның ішінде «Шаңырақ» бағытының қатысушыларын 27 тұрғын үйге қоныстандыру кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда. «7-20-25» несиелік бағдарламасы бойынша 29 тұрғын үйдің құрылысы биыл аяқталмақ. Несиелік бағыттағы тағы 50 тұрғын үйдің жобалау-сметалық құжаттамасы әзірленуде. Олардың құрылыс жұмыстары келер жылы басталады. Бұл көрсеткіштер алдағы уақытта азаматтардың баспана

мәселесінің шешілуіне үлкен ықпал етпек», деді қала әкімінің орынбасары М.Айманбетов пәтерлердің иелеріне кілт табысталған салтанатты шарада.

Биыл қала әкімдігі тарапынан баспанаға мұқтаж азаматтарға қолдау ретінде тұрғын үй сертификаттына 500 млн теңге бөлінді. Ипотекалық тұрғын үй қарызы бойынша бастапқы жарнаның бір бөлігін жабу үшін қайтарымсыз негізде әр азаматқа миллион теңгеге дейін беріледі. Жаңа қоныс иелерінің 184-і де аталған сертификатты алып, баспаналы болып отыр. Мысалы, «Шаңырақ» бағдарламасы арқылы көптен күткен баспанасына қол жеткізген Бахыткүл Нұрметова – екі баланы асырап отырған жалғызбасы ана. Осыдан бірнеше жыл бұрын тұрғын үй кезегіне мемлекеттік қызметкер санатымен тіркелген екен. Ал үш баланың анасы Жадыра Ержігітова толық емес отбасы ретінде осыдан 5 жылдай уақыт бұрын тұрғын үй кезегіне тіркелген. Бүгінде несиелік баспанаға қол жеткізген ананың қуанышында шек жоқ. Себебі бұрын пәтер жалдап тұрса, енді оның өз шаңырағы бар. «Шаңырақ бағдарламасына қатысып, баспаналы болдым. Бұрын пәтер жағалап жүруші едім, енді 3 бөлмелі үйлі болып отырмын. Қазір мемлекет тарапынан баспанаға мұқтаж азаматтарға барынша қолдау көрсетілуде. Ай сайынғы пәтеракыдан құтылдым. Енді өз пәтерім үшін жұмыс істеймін», дейді Ж.Ержігітова.

Шымкент қаласы құрылыс басқармасы тұрғын үй құрылысы бөлімінің басшысы Шухратжан Мухтаров бүгінде «Шаңырақ» бағдарламасымен салынған 1 728 пәтер бойынша абаттандыру, инфрақұрылымдық инженерлік коммуналдық жүйелерді іске қосу жұмыстары жүргізіліп жатқанын айтады. Яғни бағдарламаның «Шаңырақ «5-10-20» бағыты бойынша жыл соңына дейін 1 728 азамат баспана иесі атанады. Жалпы, Президент тапсырмасын орындау бағытында қалада жүйелі жұмыстар атқарылып, жыл басынан бері түрлі мемлекеттік тұрғын үй бағдарламасы аясында 3 мыңға жуық отбасы баспаналы болды. Қалалық тұрғын үй басқармасының басшысы Азамат Рысжановтың мәлімдеуінше, 9 айда 682 отбасы арендалық пәтермен қамтылған, енді жыл соңына дейін 294 отбасына баспана беріледі. Жыл басынан бері 730 отбасы несиелік тұрғын үймен қамтылған. «Баспаналы болғандардың ішінде 261 азамат тұрғын үй кезегіне тіркелген. Ал «7-20-25» бағдарламасы бойынша Шымкент қаласындағы екінші деңгейлі банктер арқылы жыл басынан бері 1 362 азамат жаңа үйлерден пәтерді несиеге рәсімдеп алды», дейді басқарма басшысы. Сондай-ақ қалада «Нұрлы жер» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында тұрғын үйлерге жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Мысалы, Әл-Фараби

ауданында 2011 жылдан бастап жалпы 87 көпқабатты тұрғын үй жөнделген. Биыл 22 көпқабатты тұрғын үйге күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін ұсыныс берілсе, 7 үйге қаржы бөлініп, үйлердің шатыры, сыртқы қасбеті мен инженерлік жүйелері жөнделіп жатыр. Алдағы уақытта 37 көпқабатты тұрғын үйге күрделі жөндеу жұмысын жүргізу мақсатында тұрғындармен келісім хаттамалары әзірленуде. Сонымен қатар бүгінге дейін аудан әкімдігінің ұйымдастыруымен көпқабатты үйлерде басқарудың жаңа нысанына көшу бойынша тұрғындармен 500-ден астам жиналыс ұйымдастырылған. Нәтижесінде, 53 көпқабатты тұрғын үйде мүлік иелерінің бірлестігі құрылып, қалалық әділет департаментінде тіркелді. Сондай-ақ 295 тұрғын үйде жай серіктестік құрылды. Аудан аумағында көпқабатты тұрғын үйлердің 53%-дан астамы жаңа басқару түріне өтті. Қосымша мүлік иелерінің бірлестігін құру бойынша 33 көпқабатты тұрғын үйдің келісім хаттамасы жинақталуда.

Қала әкімі Мұрат Әйтеновтің айтуына қарағанда, биыл Шымкент қаласында тұрғын үйлерді модернизациялауға 1,3 млрд теңге қаржы бөлініп, 11 тұрғын үйге ағымдағы, 25 үйге күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген. «Тозығы жеткен үйлер реновация бағдарламасы арқылы шешімін табады. Бағдарламаның мақсаты – апаттық тұрғын үйлердің артуына жол бермеу және жаңа қалалық ортаны қалыптастыру. Оны іске асыру кезінде жайлы тұруға, демалуға және жұмыс істеуге бейімделген, аралас функциясы бар қалалық ортаның жаңа жоспарлау құрылымын құру, энергиялық тиімді көпөтпелі тұрғын үйлерді салу, оларды пайдалану шығындарын азайту, экологиялық жағдайды жақсарту, инженерлік инфрақұрылымды жаңарту және жаңғырту, қаланың қазіргі заманғы сәулеттік келбетін қалыптастыру көзделіп отыр», дейді қала әкімі. Сонымен қатар мегаполисте әлеуметтік нысандар қатары артуда. Биыл қалада 202 орта білім беру ұйымдарында 242 525 оқушы білім алуда. Бүгінде 9 мектеп үш ауысымда оқытуда, 4 мектеп ыңғайластырылса, мектебі жоқ 11 елді мекен бар. Ал балабақшамен қамту 100 пайыз жүзеге асырылған. Бұл орайда қала әкімі Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес алдағы 5 жылда 101 мектеп салынатынын айтты. Жыл басында 32 мектептің құрылысы басталып, оның 24-і пайдалануға берілген. Оның ішінде 20 мектеп жекеменшік болса, 4 білім ұйымы бюджет есебінен салынған. «Жүйелі жұмыстың нәтижесінде қалада апатты мектеп мәселесі толығымен шешілді. Үш ауысымды мектептер саны 14-тен 9-ға, ыңғайластырылған мектептер саны 5-тен 4-ке кеміді, мектебі жоқ шағын аудандар 13-тен 11-ге, оқушы толымдылығы артқан мектептер саны

21-ден 17-ге азаятын болады. Жарқын болашақ үшін білім ошақтарын жоғары дәрежеде жабдықтау мен жағдай жасау басты міндетіміз», деді М.Әйтенов.

Ауыз сумен 2023 жылы толық қамтылады

Қала тұрғындарының ауыл шаруашылық өнімдеріне сұранысын қамтамасыз ету, бағаны тұрақтандыру да – жергілікті биліктің назарындағы басты мәселелердің бірі. Мегаполис дамуының негізгі көрсеткіші 8 өлшеммен өлшенетін болса, соның бірі – ауыл шаруашылығы саласы.

Шымкентте ауыл шаруашылығы өнімінің көлемі өткен жылы тоғыз айда 27 млрд теңге болса, биыл сол уақыт аралығында 34,1 млрд теңгеге жетті. Өсім 1,6 пайызды құрайды. «2020-2025 жылдарға жоспар құрдық. Онда ауыл шаруашылығы өнімі көлемі 2020 жылы – 32 млрд, 2021 жылы – 37 млрд, 2022 жылы – 42 млрд, 2023 жылы – 48 млрд, 2024 жылы – 55 млрд, 2025 жылы 62 млрд теңге болмақ. Бұл нәтижеге жету мақсатында бүгінде «Агроиндустриялық аймақ», «Бозарық» тамақ өнеркәсіп индустриялық аймағын құру жұмыстары жүріп жатыр», деді М.Әйтенов «Әкім сағаты» бағдарламасында.

Үшінші тоқсан қорытындысына сәйкес Шымкентте ауыл шаруашылығы саласына 3,6 млрд теңге субсидия бөлінді, 29,3 мың гектарға егістік егіліп, одан 85,4 мың тонна өнім жиналды. Қала аумағындағы 3,5 мыңнан аса шаруа қожалығында өндірілген өнім ішкі және сыртқы нарықта саудаға шықты. Жылжымай, қарқынды бау, мал бордақылау, мал және құс етін өңдеу бойынша 25 инвестициялық жобаны іске қосу жоспарланған. Бүгінде 15 жоба іске қосылған. Қала әкімі келтірген деректерге сәйкес жалпы өңірлік өнім көлемі 1 020 млрд теңгеге жетіп, экономикалық өсім 105,2 пайызды құраған. Өнеркәсіп көлемі бытырғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 106,5 пайызға артып, 555,8 млрд теңгеге жеткен. Қала кәсіпорындары шығарған өнімдердің 87 пайызын өңдеу өнеркәсібі құрап, көлемі 484 млрд теңге болған. Қаладағы 4 өндірістік аймақта барлығы 118 жоба іске асып, 21 мыңға жуық адам жұмыспен қамтылған. Оның ішінде 203 жұмыс орынын 5 жоба биыл жүзеге асқан. Кәсіпкерлікті қолдау картасы шеңберінде 5 жоба іске асып, 358 жұмыс орны ашылған. Инвестиция көлемі 260,7 млрд теңгеге жеткен. Бес жыл ішінде 2,6 трлн теңге болатын 282 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарланса, биыл 152,6 млрд теңге болатын 63 инвестициялық жоба іске асырылуда. Кәсіпкерлікті қолдау бағытында «Бизнестің жол картасы-2025» мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға 7 264,6 млн теңге бағытталып, бытырғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 3,8 есеге артқан. Жыл басынан бері 1 591 жоба қаржыландырылған. «Мен кәсіпкер боламын» арнайы іс-шаралар жоспарына бөлінген қаражат 1,5 есе өсіп, 186,1 млн теңге жолынған, 21 жоба қаржыландырылған.

Қала аумағына кейіннен, яғни іргелес аудандардан қосылған елді мекендерде шешімін күткен өзекті мәселелер де баршылық. Мысалы, Шымкент қаласында 81 елді мекеннің 69-ы сапалы сумен қамтылған. Бес елді мекенге кестемен берілсе, 7-не ауыз су тасымалданады. Биыл қаланың ауыз су инфрақұрылымын жетілдіруге 16 млрд теңге бағытталып, 3 магистралды суаққы мен 11 ішкі орамдық жүйенің құрылысы жүргізілуде. Екі шағын ауданда құрылыс жұмысы аяқталып, пайдалануға берілді. Жыл соңына дейін суды тасымалдайтын Солтүстік саяжай, Батыс, Жанатұрлан, Асар-2, Ақтас тұрғын алаптары мен кестемен беріліп келген Жанаталап, Сәуле шағын ауданы, Нұртас аумағында құрылыс жұмысы аяқталады. Нәтижесінде, 25,6 мың адам ауыз суға қол жеткізіп, қамтылу көрсеткіші 95,6%-дан 98%-ға өседі. Қаланың даму жоспарына сәйкес 2023 жылы сапалы ауыз су мәселесі толығымен шешімін табады. Сондай-ақ биылғы жоспар бойынша көріз жүйелерімен қамту – 54 пайызға, сапалы электрмен қамту – 97, табиғи газбен қамту – 93, әлеуметтік маңызы бар көшелерді жарықтандыру 43,4 пайызға жетеді. Жол құрылысы саласында 178 жоба қаржыландырылып, сапалы және қанағаттанарлық жағдайдағы жолдардың үлесі жыл қорытындысымен 63,6 пайыз болмақ. Қоғамдық көлік саласында автобустардың жаңару көрсеткіші биыл 90 пайызға жетіп, 64 бағыт бойынша әлеуметтік мәні бар автобустар қатынасы ашылған.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ



2021 жылғы 9 айда



ПЕРСПЕКТИВА: АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ КӨЛЕМІНІҢ БОЛЖАМЫ



«АГРОИНДУСТРИЯЛЫҚ АЙМАҚ» ҚҰРЫЛАДЫ
150 А ЗАМАНАУИ ЭНЕРГЕТИК ЖЫЛЖЫСАЛЫНДЫ
«БОЗАРЫҚ» ТАМАҚ ӨНЕРКӘСІП ИНДУСТРИЯЛЫҚ АЙМАҚ ҚҰРЫЛАДЫ
КӨЗІРТІЛГЕНДІ, ЖІСАРЛЫҚ ҚҰЖАТТАРЫ ДАМУ
ІНЖЕНЕРЛІК, ИНФРАҚҰРЫЛЫМ АҚПАРАТ ЖҮЙЕСІ
25 ЖЫЛЖЫҚ ҚАРҚЫНДЫ БАУ, МАЛ БОРДАҚЫЛАУ,
МАЛ ЖӘНЕ ҚҰС ЕТІН ӨНДЕУ ӨНЕРКӘСІП ЖАЙЛАРЫ
ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ. БҮГІНГІ ТАҢДА 15 ЖОБА ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ.

АУЫЗ СУМЕН ҚАМТУ



ЖЕКЕМЕМНІ	БАҒАМНАЛЫ
1. Жекемемні Ақпан 2021ж. IV триместр.	1. Бағамналы Ақпан 2021ж. IV триместр.
2. Сәуле Ақпан 2021ж. IV триместр.	2. Асар-2 Ақпан 2021ж. IV триместр.
3. Қарай Ақпан 2021ж. IV триместр.	3. Сәулеті Сәулеті Ақпан 2021ж. IV триместр.
4. Қарай Ақпан 2021ж. IV триместр.	4. Қарай Ақпан 2021ж. IV триместр.
5. Сәуле Ақпан 2021ж. IV триместр.	5. Сәуле Ақпан 2021ж. IV триместр.
6. Жекемемні Ақпан 2021ж. IV триместр.	6. Жекемемні Ақпан 2021ж. IV триместр.
7. Асар Ақпан 2021ж. IV триместр.	7. Асар Ақпан 2021ж. IV триместр.



2023 жылға қамту көрсеткішін 100%-ға жеткізу жоспарлануда



Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай 30 грант берілмек

«Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасында жастар мәселесіне ерекше назар аударылған. Осы орайда Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Жастар және отбасы істері комитетінің төрағасы Шахмардан БАЙМАНОВ аталған жоба аясындағы жастар мәселесі мен олардың өмір сапасын, қоғамдық өмірдегі белсенділігін арттыруға қатысты шаралар туралы айтып берді.

– «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасы туралы айтып өтсеңіз.

– Ұлттық жоба – жан-жақты ведомствоаралық өзара іс-қимылды және жалпұлттық басымдықтарға, Қазақстан Республикасының Ұлттық даму, Елдің аумақтық даму жоспарларының максаттарына, міндеттері мен стратегиялық көрсеткіштеріне және мемлекетіміздің Ұлттық даму жоспарының индикаторларына қол жеткізуге, сондай-ақ Президент айқындаған жекелеген міндеттерді белгілеген мерзімдерде шешуге бағытталған іс-шаралар кешенін іске асыруды көздейді.

Атап айтқанда, жастар үшін жаңа мүмкіндіктерді дамыту, оларды әлеуметтендіру және жұмысқа орналастыру, қоғамдық пайдалы қызметке тарту сияқты нақты міндеттер белгіленген «Тәуелсіздік ұрпақтары» бағытына баса назар аударғым келеді.

Бірінші міндетте 2025 жылға дейін 800 мың жастың тұрғын үй жинақтары жүйесін жастарға тұрғын үй құрылыс жинақтары жүйесі бойынша салымдарды толықтыру және әкімдіктермен бірлесіп жеңілдікті ипотекалық бағдарламаларды енгізу және «Отбасы банк» ТҚЖБ-ның өз өнімдерін әзірлеу үшін бірыңғай зейнетақы төлемдерін пайдалану мүмкіндігін беру арқылы пысықтау көзделді.

Бүгінгі күні бейінді мемлекеттік органдар осы тетікті заңнамалық тұрғыда бекіту бойынша жұмыс жүргізуде, оның қорытындысында жастар кейіннен тұрғын үй сатып алу мақсатында «Отбасы банк» шотына ең төменгі жеткіліктілік шегінен жоғары зейнетақы жинақтарының бір бөлігін аудару мүмкіндігіне ие болады.

Сондай-ақ әкімдіктермен бірлесіп жеңілдетілген ипотекалық бағдарламаларды енгізу және «Отбасы банк» ТҚЖБ-ның өз өнімдерін әзірлеу жоспарлануда.

Бұдан басқа, тұрғын үй құрылысы бағдарламаларында жас отбасылар үшін квота енгізу арқылы барлық тұрғын үй құрылысы бағдарламалары бойынша жас отбасылар арналған қарыздар үлесін 2025 жылға қарай 25%-ға дейін арттыру көзделіп отыр.

Аталған тұрғын үй бағдарламаларының бірыңғай операторы «Отбасы банк» болмақ. Аталған іс-шараларды іске асыру бүгінгі күні жастар арасында өзекті мәселелердің бірін шешуге мүмкіндік беретінін атап өткен жөн.

Екінші міндет шеңберінде 2025 жылға қарай жастарға әлеуметтік қызмет көрсетуді 1 миллион адамға дейін және Eljastary инфонавигаторына қатысу деңгейін 2 миллион адамға дейін арттыру көзделуде.

Осылайша, жастар инфонавигаторы мен Eljastary мобильді қосымшасын жасау жастарға мемлекеттік қолдаудың барлық шарасын бірыңғай платформаға жинауға мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде мемлекеттік жастар саясатының стратегиялық бағыттарын сапалы ілгерілетуге, талдамалық сүйемелдеуге жол ашады және тұтастай алғанда жастардың мемлекеттік қолдау шаралары туралы хабардар болу деңгейін арттырады.

Сондай-ақ жыл сайын «Тәуелсіздік ұрпақтары» 30 грантын беру арқылы жастарды жаңа стартап-жобаларға тарту жоспарлануда.

Үшінші міндетте ерікті қызметке тартылған оқушылардың үлесін арттыру, жастарды экологиялық жобалармен және спортпен қамту бойынша шаралар жоспарланған.

Осылайша, барлық міндет индикативті нәтижелерге қол жеткізуге және жобалық басқару ережелерін енгізуге бағытталған.

– Сіз экологиялық жобалар туралы айтып өттіңіз. Соңғы уақытта экология мәселесі өзекті болып отыр. «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасында жастардың экологиялық мәдениетін арттыруға бағытталған қандай да бір іс-шаралар қарастырылған ба?

– Иә, келісемін. Экологиялық білім беру мәселелері, екіншіше қарай, соңғы жылдары өзекті болып отыр. Бүгін қоғам экологиялық білім мен тәрбиені дамыту керек деген пікірде екенін көріп отырмыз. Бұл мәселені шешу үшін кешенді және жүйелі тәсіл қажет. Сонымен қатар жүргізілген әлеуметтік зерттеулер экологиялық мәдениет жастардың отбасы, азаматтық белсенділік, еріктілік және саламатты өмір салты



сияқты құндылықтар қатарына кіретінін көрсетті.

Ұлттық жоба шеңберінде 2025 жылға қарай жастарды экологиялық жобалармен қамту деңгейін 800 мың адамға дейін арттыруға мүмкіндік беретін іс-шаралар қарастырылған.

Бұл – мектептер мен жоғары оқу орындарында өскелең ұрпаққа экологиялық тәрбие беру мақсатында экологиялық мәдениетті қалыптастыру жөніндегі іс-шаралар кешенін өткізу жөніндегі жұмыстар.

Сондай-ақ қазақ фольклорындағы табиғатқа қатысты қызық аңыздарын дәріптеу арқылы қоршаған ортаны қорғау және оған құрметпен қарау жөніндегі «Киелі табиғат» ғылыми-ағартушылық бейне-жобасын жасау көзделіп отыр.

Бұдан басқа «Жасыл ел» жобасы шеңберінде 2025 жылға дейін жыл сайын 30 мың жасты жұмысқа тұрғызу көзделіп отыр, бұл елімізді көгалдандыру мақсатында Мемлекет басшысының елді мекендерде 15 млн ағаш отырғызу бастамасын іске асыруға мүмкіндік береді.

Тұтастай алғанда, жастарды экологиялық ағарту жөніндегі қызметті Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі жүйелі түрде жүргізетін болады.

– «Тәуелсіздік ұрпақтары» гранты туралы толығырақ айтып берсеңіз.

– Бұл грант «Егемен Қазақстан» газетінде 2021 жылғы 5 қаңтарда жарияланған «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласында айтылған Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында тағайындалды.

Грантты тағайындаудың мақсаты – белсенді шығармашыл жастар қауымдастығын қалыптастыруға бағытталған жастардың жаңа және қолданыстағы бастамаларын қолдау.

3 миллион теңге көлеміндегі 30 грант конкурстық негізде Қазақстан Республикасының 14 пен 29 жас

аралығындағы азаматтарына мынадай бағыттар бойынша беріледі:

«Ғылым» – ғылымның басым секторларында жаңа ғылыми жобалар мен зерттеулерді іске асыру үшін;

«Мәдениет» – Қазақстанның мәдени мұрасын танымал етуге, халықтық мәдени дәстүрлер мен өнерді ілгерілетуге бағытталған жобаларды іске асыру үшін;

«Ақпараттық технологиялар» – жаңа IT-шешімдер мен жобаларды, оның ішінде бастаушы стартап-жобаларды іске асыру және әзірлеу үшін;

«Бизнес» – экономиканың басым секторларында жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін.

«Медиа» – жаңа медиа-жобаларды, оның ішінде жастар үшін танымдық, пайдалы, қызық контент жасау жөніндегі жобаларды іске асыру үшін.

Тәуелсіздіктің 30 жылдығын мерекелеу қарсаңында 30 жеңімпазды салтанатты марапаттау жоспарланған.

– NEET санатындағы жастардың санын азайту – мемлекеттік саясаттың басымдықтарының бірі. Жастардың осы санатымен жұмыс істеу үшін қандай шаралар қарастырылған?

– Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес жастар саясаты саласындағы заңнаманы жетілдіру бойынша жұмыс жүргізуде. Жалпы, елде жастардың осы санатымен жұмыс істеу үшін институционалдық база құрылып, оны әлеуметтендіру және жұмыспен қамту жөніндегі бағдарламалар мен жобалар іске асырылуда.

Атап айтқанда, 2021 жылы NEET санатындағы жастармен жұмыс жөніндегі республикалық жобалық кеңсе құрылды. Сондай-ақ өңірлердегі жастар ресурстық орталықтарында NEET санатындағы жастармен жұмыс жөніндегі арнайы бөлімдер ашылды.

Қазіргі уақытта өңірлерде NEET санатындағы жастардың деректер базасын өзектендіру бойынша жұмыс жүргізілуде.

Атап айтқанда, Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша, биылғы 2 тоқсанның қорытындысында NEET жастарының үлесі 6,6%-ды құраған. 2020 жылғы 2-тоқсанмен салыстырғанда 1%-ға төмендеу байқалады.

«Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасында «Тәуелсіздік ұрпақтары» бағыты шеңберінде 2025 жылға қарай NEET санатындағы жастарды 5%-ға дейін төмендету көзделген.

Әңгімелескен
Светлана ҒАЛЫМЖАНҚЫЗЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Медиамен жұмысын бастады

Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің қолдауымен 4 республикалық телеарна, 14 аймақтық арна және 4 радионы біріктірген БАҚ саласындағы ең ірі медиақұрылым «Қазақстан» телерадиокорпорациясы телевизия және радио саласының мамандарын даярлауды қолға алды.

Іріктеуге еліміздегі ЖОО-ның журналистика, медиатеchnология, кино және телевизия факультетінің студенттерінен 103 өтінім келіп түсті. Оның ішінен 35 студент тандалды.

«Медиамен студенттерге білім алып, тәжірибе шыңдап қана қоймай, болашақта өзінің қызмет атқаратын нақты бағытын айқындауға мүмкіндік береді», деді басқарма төрайымы Ләззат Танысбай.

Қатысушылар алты ай бойы Qazaqstan, Qazsport, Abai TV, Balapan телеарнасы және «Қазақ радиолары» ЖШС мамандарынан шығармашылық және техникалық бағытта ақысыз негізде білім алады.

Медиамен студенттің ең үздік қатысушыларына алғашқы еңбек жолын «Қазақстан» телерадиокорпорациясында бастауға мүмкіндік беріледі.

«Егемен-ақпарат»

Қазақ тіліндегі стартаптарға қолдау көп

Цифрлық даму, инновациялар мен аэроғарыштық өнеркәсібі министрлігі Astana Hub-пен бірлесіп Qaz Startup Battle қазақ тілін және қазақ тіліндегі контентті дамытуға бағытталған IT-стартаптар арасындағы байқау өткізді. Аталған байқау қазыларда QAZFORUM қазақ тілінде онлайн-контент жасаушылардың V форумының шеңберінде ұйымдастырылды. Жеңімпаздар 3 500 000 теңгеге ие болды.

Светлана ҒАЛЫМЖАНҚЫЗЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Qaz Startup Battle байқауына 13 жас IT-компания қатысты, Цифрлық даму, инновациялар мен аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин бастаған қазылар алқасына өз IT-шешімдерін ұсынды.

Ұсынылған қызметтердің арасында қазақ тілін үйрететін онлайн-курстар, бизнеске арналған тілдік технологиялар қызметі, қазақ тіліндегі аудиокітаптар сынды жобалар болды. Байқау қатысушылары өз IT-өнімін дамытуға жұмсалатын 2 000 000 теңге (1-орын), 1 000 000 теңге (2-орын) және 500 000 теңге (3-орын) көлеміндегі ақшалай чектер үшін бәсекеге түсті.

«Бізге қазақ тілі технологиялардың тілі емес деген стереотипті бізге керек. Өткен аптада Digital Bridge форумының шеңберінде біз қазақстандық стартаптар арасында Astana Hub Battle өткіздік, ал бүгін қазақ тілін және қазақ тіліндегі контентті дамытуға бағытталған IT-стартаптарды марапаттадық. Осындай бастамаларды қолдаудың маңызы өте зор», деді Б.Мусин.

Технологиялық стартаптар байқауының жеңімпаздары:

1-орынға Qlang деп аталатын қазақ және басқа тілдерді меңгеруге арналған маркетингтік әрі онлайн-платформа ие болды.

2-орынды ҰБТ балдарын сараптап, түлекке өз оқуын жалғастыруға ЖОО ұсынатын Joo.kz сервисі иеленді.

3-орынды Қазақстанның барлық облысындағы жүкті әйелдерге арналған қазақ тіліндегі мобильді қосымша – On Moms жеңіп алды.

«Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қорының 500 000 теңге ақшалай чек түріндегі 2 арнайы сыйлығына TED Project мансапты жоспарлау веб-платформасы мен Speech Lab бизнеске арналған тілдік технологиялар сервисі ие болды. «Біздің технопарк үшінші жыл қатарынан Astana Hub Battle технологиялық стартаптар арасында жүргізілетін байқауды ұйымдастырып келеді. Бұл іс-шара көпшілік қауымға өз IT-өнімдерін ұсынуға ниет білдірген жас дарындардың басын біріктіреді. Осы жылы бұл байқау Qaz Startup Battle түрінде өзінің жұмысын жалғастырды. Бүгін Astana Hub өкөжіңізінде қазақша контентті дамытуға бағытталған ықпаласқа лайықты технологиялық шешімдердің бірқатары бар екеніне көз жеткіздік», деп атап өтті Astana Hub бас директоры Мағжан Мәдиев.



Ұлттық жоба таныстырылды

Жастар ресурстық орталықтары (ЖРО) алқасының бірінші отырысы өтіп, онда еліміздегі барлық ЖРО-ның биылғы жұмысының алдын ала қорытындылары шығарылды әрі 2022 жылға арналған жоспарлар айқындалды.

Бағдарламаның маңызы бөлігі «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасының таныстырылымы, сондай-ақ NEET санатындағы жастарды есептеуге және анықтау алгоритмі болды.

Ақпарат және қоғамдық даму вице-министрі Асқар Умаров жиын барысында «ЖРО-ның негізгі міндеті жастармен, әсіресе оның осал топтарымен (NEET жастары, заңға қайшы келетін жастар, ауыл жастары және т.б.)

тікелей, жүйелі және атаулы жұмыс болуы тиіс. Ол үшін жастардың қажеттіліктері мен мүдделеріне негізделген әртүрлі әдістерді қолдану қажет: бейресми білім беру, консультациялық қолдау, жастар мәселелерін шешуге бағытталған жобалар, жұмысқа орналасуға көмектесу және т.б.», деді.

«Жастар» ғылыми-зерттеу орталығының директоры Аян Сакошев Қазақстандағы NEET жастарының санын есептеу

мен анықтаудың жаңа алгоритмін таныстырды. Ол «Тиімді және нақты жұмыс істеу үшін NEET жастарының өңірлік электронды деректер базасын қалыптастыру қажет» деді.

Алқа отырысында Парламент Мәжілісінің депутаты Мәди Ахметов, орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың өкілдері, жастар ұйымдары мен ҰЕҰ қызметкерлері тақырып төңірегінде өз пікірлері мен ұсыныстарын білдірді. Іс-шара қорытындысы бойынша мемлекеттік жастар саясаты мәселелері бойынша пікір алмасып, қойылған міндеттерді талқылады.

«Егемен-ақпарат»

Алматы жастарының саяси мәдениеті қай деңгейде?

Осы сұраққа жауап іздеу мақсатында «Мәңгілік Қазақстан» қоғамдық қоры Алматы қаласы қоғамдық даму басқармасының қолдауымен «Алматы қаласындағы жастардың саяси мәдениетінің қалыптасуына ықпал ететін факторлар» атты стратегиялық сессия өткізді.

Арман ОКТЯБРЬ,
«Egemen Qazaqstan»

Сессияның фасилитаторы, Философия, саясаттану және дінтану институтының ғылыми қызметкері Нұркен Айтымбетов сөз басында жастардың саясаттағы рөліне тоқталып, белсенді жастардың үлес салмағы Алматыда басқалармен салыстырғанда әлдеқайда жоғары екенін сөз етті.

Алғашқы болып сөз тізгіні тиген Саяси зерттеулер орталығының директоры, философия ғылымдарының кандидаты Айдар Әміребаев саяси мәдениеттің ұлттық негіздері бар екенін қаперден шығармауға шақырды. «Саяси мәдениеттің іргесі ұлттық тәрбие арқылы қалыптасады. Оны елемей саяси мәдениетті дамытамыз дей бос әурешілік болады» дейді ол.

Зерттеуші, ғалым Алмасбек Шағырбаевтың ойынша, қазіргі таңда жастардың саяси көзқарасына әлеуметтік желі қатты әсер етіп жатқан жоқ. Ол жақта әртүрлі топтардың мүддесі тайталасып жатып, қандай да бір топтың саяси ұстанымға ұрынып жатады. Сол себепті жастар өз саяси мәдениетін әлеуметтік желідегі жауапкершіліктен бастау керек екенін атап өтті.

Азаматтық белсенді, былтыр

елімізде өткен Парламент сайлауында бақылаушы болған Асылтай Тасболат жастардың саяси мәдениеті еркіндіктің арқасында қалыптасады деп есептейді. «Бала өсе келе ата-анасынан тәуелсіз болып, жеке-дара ұстаным иесі атанатынын ескерсек, жастар да өсейе келе мемлекеттің саясатынан бөлек өз бетінше саяси мәдениет қалыптастырады. Оларға мемлекет өз саясатын танбай, еркін қалыптасуына жағдай жасауы керек. Саяси мәдениет мәжбүрлікпен қалыптаспайды, еркін таңдау идеялары арқылы қалыптасады» деп пікірін білдірді А.Тасболат.

Философия, саясаттану және дінтану институтының тағы бір ғалымы Дамир Фазылжанның сөзіне құлақ түрсек, цифрландыру үрдістерінің жастарға ықпалы орасан. «Жастардың жаңа құрылғылар мен цифрлы бағдарламаларды оңай меңгеруі көңіл қуантатын жағдай, бірақ олар сонымен қатар тұтынушы. Қандай ақпарат алады, соны тұтынады. Нені тұтынады, соның ықпалына түседі» дейді ол.

Сессия соңында фасилитациялық такта негізінде арнайы ұсыныстар мен шешу жолдары әзірленіп, ол құзырлы мекемелерге жолданатын болып келісілді.

АЛМАТЫ



Заманауи инфрақұрылым – сапалы байланыс кепілі

Тәуелсіздік алғалы бері Қазақстанда 82 мың шақырымнан астам талшықты-оптикалық желі мен мобильді байланысты қамтамасыз ететін 13 мыңнан аса базалық станса салынды. Бұл туралы таяуда өткен Digital Bridge форумында «Қазақтелеком» АҚ басқарма төрағасы Қуанышбек Есекеев айтты.


Жаксылык МҰРАТҚАЛИ,
«Egemen Qazaqstan»

Ұлттық байланыс операторының басшысы еліміздегі телекоммуникация және ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытудың ағымдағы жай-күйі, сондай-ақ 5G-ді енгізуге байланысты жоспарлар мен еліміздің аумағында кең ауқымды Huperscale деректер орталығы және супер магистральді құруға қатысты жобалар туралы баяндады. «Қазақтелеком» басшысының айтуынша, егемендік жылдары құрылған телекоммуникациялық инфрақұрылым экономикада, бизнесте, тұтастай мемлекеттің өмірінде цифрландырудың көптеген жобасын жүзеге асыруға сенімді тетікке айналды.

Айталық, 30 жыл ішінде Қазақстанда 82 мың шақырымнан астам талшықты-оптикалық желі және мобильді байланысты қамтитын 13 мыңнан астам базалық станса салынды. Бұл еліміздің бүкіл аумағын белгіленген байланыспен қамтамасыз етуге септігін тигізіп отыр. Осы ретте халықтың 81%-ы LTE талаптарына сай мобильді желілерін пайдаланатынын айта кеткен орынды. Бұл өз

кезегінде мәліметтерді жоғары жылдамдықпен сымсыз таратуға мүмкіндік береді. Мәселен, соңғы екі жылда аталған байланыс операторы 828 ауылдық жерге 14,5 мың шақырымдай оптикалық-талшықты сым тартып, 2,5 мыңнан астам мемлекеттік және бюджеттік ұйымды кең жолақты интернетпен қамтыды.

«Оптикаға» жаңа қосылымдар негізінде Қазақстанның үш ірі ұялы байланыс операторы, оның ішінде «Қазақтелеком» компаниялар тобына кіретін екі құрылым бірлесіп, «250+» жобасы аясында базалық стансалар желісін салды. Бұл 250 адамнан астам тұрғыны бар Қазақстандағы түгелдей дерлік ауылды қамтыды. Нәтижесінде, кең жолақты цифрлы байланыспен қамтылған аумақтарда тұратын халықтың саны 84%-дан 99,3%-ға дейін өсті. Еліміздің картасында 4G стандартымен қамтылмаған жерлер жоқ десек те болады. Сондай-ақ елді мекендерге тартылған талшықты-оптикалық байланыс желісі мен «250+» жобасы аясында шешімін тауып жатқан басты мәселе – қала мен ауыл арасындағы цифрлы теңсіздікті жою, сол секілді өңірде телекоммуникация қызметтерінің барлық спектрін ұсыну екенін атап өту керек», деді Қ.Есекеев.



Ұлттық компанияның экономиканың цифрлы трансформациясын қамтамасыз етуге бағытталған тағы бір ірі жобасы – дата орталықтарын салу. Қазір «Қазақтелекомның» активінде мемлекет пен бизнеске бұлтты технологияларды ұсынатын, олардың негізінде Big Data-ны енгізуге, сондай-ақ көптеген өмірлік маңызды процесті цифрлы жүйеге көшіруге және олардың ақпараттық жүйелерінің тиімділігі мен икемділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін 25 деректер орталығы бар.

Цифрлы теңсіздікті жою миссиясына қатысты байланыс операторы биыл жеке секторларды және Алматы, Шымкент

пен елорданың маңындағы елді мекендерді бекітілген сымсыз Fixed Wireless Access (FWA) желілерімен қамтуды қолға алды. Бүгінде «Қазақтелеком» Шымкент пен Қосшыда жеке секторды қоса қамтитын FWA желісін салып, іске қосып та үлгерді. Қазір Алматының маңында, сол секілді Ақмола өңірінің Қоянды, Қараөткел, Қаражар және Талапкер елді мекендерінде және бас шаһардың Оңтүстік-шығыс ауданында, Үркер және Көкталда тіркелген сымсыз желілердің құрылысын жүргізуде.

«Бұл аудандар мен ауылдардың экономикалық дамуына оң әсер тигізіп, мобильді қаржылық қызметтер мен электронды

коммерцияны дамытудың, сондай-ақ IoT технологияларын ауыл шаруашылығында және басқа да салаларда қолдануға қозғаушы күшке айналады. Біз мүмкіндігінше қазақстандықтарды барынша озық және сапалы қызметтермен қамтамасыз ету үшін үнемі жұмыс істеп жатқанымызды атап өткім келеді. Өйткені ақпараттық технологиялар дәуірінде әр азамат пен кәсіпкерлік субъектісі үшін жоғары жылдамдықты интернет пен жоғары сапалы байланыстың болуы өмірлік маңызды мәселеге айналып отыр», деді Басқарма төрағасы.

Сонымен қатар компания 5G желісінің алғашқы нүктелерін енгізуді жолға қойды. Атап

айтқанда, таяуда Түркістанда 5G базалық стансасын іске қосып, Бекзат Саттарханов даңғылында 5G желісінің алғашқы нүктесін құруға мүмкіндік берді. Демек 5G құрылғыларының иелері мен Altel және Tele2 абоненттері енді 5G желісін сынақтан өткізулеріне болады. Сондай-ақ 5G желісінің осындай нүктесін Астана хабының аумағында іске қосты.

Бесінші буын байланыс стандарты бизнестің түбегейлі жаңа мәселелерін шешуге мүмкіндік береді. Нақты айтсақ, бизнестің жеке элементтерін цифрландырудан бастап IoT (Internet of Things, Internet of Things) негізінде «ақылды қалалардың» интегралды архитектурасын салуға дейін, цифрлы индустрия және «ақылды өндірістер» құруға жол ашады. Ал олардың қызметі елімізде жаңа стандартты кеңінен қолданысқа енгізген күннен бастап толығымен автоматтандырылады.

Еске сала кетейік, Digital Bridge форумы 2018 жылдан бері өткізіліп келеді және осы жылдар ішінде оған әлемнің 130-ға жуық сарапшысы қатысып, осы арқылы отандық IT стартапшылар 1 млрд теңгеге жуық инвестиция тартуға мүмкіндік алды. Дәстүрлі түрде IT, телекоммуникациялар, Big Data, бұлтты технологиялар және жасанды интеллект саласындағы жетекші әлемдік және отандық сарапшылардың басын қосқан бұл жолғы форумның басты тақырыбы еліміздің цифрлы инфрақұрылымын дамытуға арналды.

Банктер кибершабуылдарға дайын ба?

Біздің банктердің сын көтермейтін бір осал тұсы болса, бұл – киберқауіпсіздік мәселесі. Жақында «Делойт» компаниясы мен Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі бірлесе талдау жүргізіп, нәтижесінде отандық банктердің қауіпсіздікке қырын қарайтынын анықтаған. Қазір Android және iOS сияқты мобильді платформалардың қорғаныс механизмдерінің жиынтығы өте бай екеніне қарамастан, біздің банктердің мобильді қосымшаларының 63 пайызында қорғаныс функциялары қарастырылмаған болып шықты.

Абай АЙМАҒАМБЕТ,
«Egemen Qazaqstan»

Сонымен қатар отандық қаржы институттарының 65 пайызының веб-сайттары Еуроодақтың жеке деректерді қорғау туралы жалпы ережесіне сай емес. Бұл әрине, клиенттердің ықыласын кері итеретін жағымсыз ақпарат.

«Біз бірқатар банктің қауіпсіздік жүйесінен әжептеуір кемшіліктерді анықтадық. Көбі веб-серверлерін орнату кезінде қауіпсіздіктің негізгі әдістерін елемейді және қызметкерлердің цифрлы қауіпсіздік туралы хабардар болмауы банктің өзінің де, оның клиенттерінің де деректеріне шын мәнінде қауіп төндіруі мүмкін. Мұндай кезде «селеусіз» және «кішкентай» проблема болмайды. Оның қай-қайсысы да деректер мен қаражатты қолды қылуға кез келген сенне жол ашып беруді ықтимал. Біз агенттікке қажетті ақпараттарды ұсындық. Олар кемшіліктерді түзеу бойынша банктермен жұмыс жүргізді» дейді «Делойт» компаниясының тәуекелдерін басқару департаментінің басшысы Владимир Ремыга.

Агенттіктің киберқауіпсіздік басқармасының бастығы Роман Перминовтің айтуынша, олар Ұлттық банкпен бірлесіп қаржы секторы киберқауіпсіздігінің 2020-2022 жылдарға арналған стратегиясын әзірлеп, бекіткен. Соның нәтижесінде ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін бағалау әдістемесі және қорғалу деңгейін бағалау қағидалары енгізіліп, банктер мен бағалы қағаздар нарығы үшін ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі талаптар өзгерген.

«Агенттік тек қаржы нарығын реттеумен ғана емес, сонымен қатар дамытумен де айналысады. Біз салалық ақпараттық қауіпсіздік орталығы сияқты бағытты дамытамыз. Қаржы секторы – осындай

тәжірибе басталған Қазақстандағы алғашқы сала, экономиканың басқа секторларында салалық ақпараттық қауіпсіздік орталықтарын құру енді ғана жоспарланып жатыр. Біз қаржы ұйымдарын орталықтың деректер алмасуды қамтамасыз ететін тиісті ақпараттық жүйесіне қосылуды міндеттегіміз келеді» дейді Р.Перминов.

2020-2021 жылдары кибершабуылдардың алдын алу мақсатында агенттік 20 алаяқтық интернет-ресурсты, оның ішінде қаржылық пирамида белгілері бар 13 интернет-ресурсты бұғаттаған. Банктерге ақпараттық қауіпсіздік қатерлері туралы 400-ден астам ескерту жіберіліп, олардан келіп түскен 300-ден астам ақпараттық оқыс оқиға картасы өңделіпті. Ендігі ретте ақпараттық қауіпсіздік процестерін автоматтандырып, адам ресурсын үнемдеу үшін Qainag ақпараттың автоматтандырылған жүйесі қанатқақты деңгейде іске қосылған. Жүйе ақпараттық қауіпсіздік оқиғаларын, сигналдар мен

оқыс оқиғаларды тіркейді, қауіп пен осал тұс туралы ескертеді.

Қазіргі кезде барлық 22 банк Qainag-ға қосылған. Соның ішінде 8 банк («Еуразиялық банк» АҚ, «Ресей Сбербанк» АҚ ЕБ, «Банк ЦентрКредит» АҚ, ForteBank АҚ, «Альфа-Банк» ЕБ АҚ, Bank RBK АҚ, Halyk Bank АҚ, Altyn Bank АҚ) өзара іс-қимыл жасаудың автоматтандырылған тетігін пайдаланады екен.

«2020 жылы Алматы қаласы прокуратурасының жедел-іздестіру тобының кейбір қазақстандық банктердегі цифрлы арналар арқылы ақшалай қаражатты жымқыру дерегі бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруіне қатыстық. Цифрлы материалдарға талдау жүргізіліп, мамандардың қылмыстық іс шеңберіндегі қорытындысы дайындалып, Алматы қалалық прокуратурасына тапсырылды.

Киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесінің алдында жаңа әрі күрделі сынақтардың тұрғанына қарамастан, нарықтың бұл сегменті серпінді дамуда. Халықаралық тәжірибені талдау, пайдалану, сондай-ақ кәсіби деңгейі жоғары мамандармен өзара тығыз іс-қимыл жасау арқылы Қазақстанның қаржы секторы туындайтын қауіп-қатерлерге тойтарыс беруге және ақпараттық әрі киберқауіпсіздікті қамтамасыз етуді одан әрі жетілдіруге дайын», дейді департамент басшысы.



GPON технологиясының игілігі көп

Жыл басынан бері еліміздің аумағында 500-ге тарта көпқабатты тұрғын үй GPON технологиясы арқылы жылдамдығы жоғары интернет желісіне қосылды. Жаңадан салынған пәтерлерді жылдам интернетпен қамту жағынан оңтүстік өңір көш бастап тұр.

Жаксылык МҰРАТҚАЛИ,
«Egemen Qazaqstan»

Ұлттық байланыс операторының мәліметіне сүйенсек, 10 айдың ішінде күнгей аймақта 100-ден астам көпқабатты тұрғын үй осындай тәсілмен тапсырылып, 10 мыңнан аса азамат ғаламтор желісіне еш кедергісіз кіруге мүмкіндік алды.

Биылғы 10 айда ірі байланыс операторы еліміздегі 500-ге тарта көпқабатты тұрғын үйге интернет тартып, пәтер иелерінің қоныс тойына жағымды сыйлық жасалды.

«Еліміздің ірі қалаларында абоненттерді тікелей магистральді жүйеге қосу арқылы интернетпен қамту мәселесі бірнеше жылдан бері шешіліп келеді. Енді бұл технология жаңадан салынып жатқан тұрғын үй кешендеріне де кеңінен қолданылуда. Бұл жердегі күрделі мәселе – магистральді желіні көпқабатты үйлерге дейін жеткізу, яғни интернет қосылған нүктеден желіні тұрғын үйге дейін әкелу оңай болмай тұр. Ал абоненттерді қосу небәрі 20-30 минутта жүзеге асырылады. Егер де алдағы болашақты бағамдасақ, абоненттердің интернеттің сапасына байланысты талаптары тек күшейе бермек. Бұл ретте GPON технологиясы осы талаптарға толық жауап береді деп айта аламыз», деді «Қазақтелеком» АҚ бөлшек бизнес дивизионының бас директоры Игорь Погребничкий.

Gigabit PON технологиясы қазір ұлттық компанияның талшықты-оптикалық магистральге қосылудың

ең тиімді әрі жоғары сұранысқа ие жолы. Оның артықшылығы сол, тұтынушы мен магистральді желіні өзара байланыстыратын әр пәтерге арнайы арна құруды көздейді. Сондықтан бұл технологияға қосылған абоненттер интернет жылдамдығына алаңдамаса да болады дейді мамандар. Тағы бір артықшылығы – жалғыз ғана желі арқылы жылдамдығы 500 Мбит/с құрайтын интернетпен қоса телевизия және телефония қызметін қостыруға болады. Ал цифрлы телефония абонент көшіп кеткен жағдайда да нөмірді сақтап қалуға мүмкіндік береді.

Технологияның бұл артықшылықтарын тұрғындардан бұрын, көпқабатты тұрғын үй кешендерінің құрылысын орындаған компаниялар бағалап үлгерген. Айталық, еліміздің солтүстігінде жыл басынан бері 14 тұрғын үй кешені интернетке қосылған соң тапсырылыпты. Жаңа салынған үйлерді бірден жылдам интернетпен бірге тапсыру бағытындағы ілкімді істер оңтүстік өңірде жолға қойылған. Мұнда 10 айдың ішінде 100-ден астам көпқабатты тұрғын үй кешені интернетке қосылып, мыңдаған жаңа абонентке цифрлы мүмкіндіктерді кеңінен пайдалануға жағдай жасалды.

Алматы қаласы мен Алматы облысы да бұл тізімнің алғашқы үштігінде. Атап айтқанда, ұлттық компания Жетісу өңірінде жыл басынан бері 90-ға жуық тұрғын үйді GPON технологиясымен жылдам интернетпен қамтыды.



ТҮЛҒА

Алпыс алтыншы қараша



Қолжазбы жазатын Алматыда КИИС - ЕО

Түске бергісіз өң болушы еді. Өңге бергісіз түс көрдік. Ап-анық, бәрі шынайы. Қарымды қаламгер, қайран аға Рахымжан Отарбаевтың Атыраудағы үйінің ауласы екен деймін. «Адамдай былтыр кетіп, биыл келген» қайта оралыпты. Сәуле женгей мен Ермерей мээ. «Айжамалды танып тұрсың ғой?» дейді әкесі. «Әрине!». Қасымда Ерер құрдасым бар екен, оның не қып жүргенін құдай білсін.

Ерболат ҚАМЕН, «Egemen Qazaqstan»

– Қайда апарып тастағанысыңдар? Қайтып келе алмайды деп ойладыңдар ма? – деп ортаңғы үш саусағымен көмір-қара шашын салалап тұрып, әдетінше бір күліп алды.

– Қайдағыны айтпаңыз, аға, Сізді ешқайда жіберген жоқпыз ғой!

Содан әңгіменің нешеме ығыты ағытылды дерсін... Жақында дүние есігін ашқан сәбиіміздің түнгі қыңқылын сезбестен, қатып қалыппыз. Неткен ақ-дарига түс! Өдетте алдағы күні кездесетін бейнелер, болуы мүмкін сұхбаттар таңғы түске кіреді. Бұл жолғысы, шамасы, жиі ойлағаннан шығар...

Рахаң о дүниелік болғалы төртінші күз. Фәнилік жүрісінде алпыс алтыншы күзіне өтер еді.

...содан бері іле-шала бірдеңе жазуға да, жақын-жуықпен ортақ пікірлесуге де зауық соқпады. Сүйсінтетіні – екі ортада Рахымжанын іздеуші көбейгені. Байқап қаламыз: бірі кітаптай, бірі видеолай, бірі аудиолой насихаттап жүр. Арасында «артық қылмақ» ниеттен немесе абайсызда болмағанды болғандай қылу жайттары кездесіп қалады. Ел ішіне көп нәрсе жарасымды, ел ішінде көп нәрсе кешірімді.

Ағамыздың феномені неде еді? Неліктен біраз жұрт Рахымжаншыл? Керісінше, неге кейбіреулер Отарбаев дегенде одыра қалады?

Жазушы біткеннің бері осынша сәнге айнала алып жүр ме? Қайшылықты пікір көптігі неден? Мінезден!

Оны кесектікке, кесектікке сусаған-дар аңсап іздейді. «Аттай алмайтын тас-тай» айналып өтетіндер аулақ жүреді. Бәлкім, көргісі де келмегені. Ал өзін «шындығын сезіндім, ішін алдым-ау» санайтындар мүлдем бөтен ойда мүмкін. Рахымжан ағамның денесі суығанын естіген сәтте көкейімізге оралған ойларды осы тұста келтіре кеткеніміз жөн деймін:

Өмір айтыс па? Айта білді. Өмір жазу ма? Жаза білді. Өмір асқақ па – қасқайды. Өмір жалған ба? Ол да алдайды. Өмір ойын ба? Ойнай білді. Өмір күрес пе? Егесе жүрді. Өмір мұң ба? Шеге білді. Өмір жол ғой – жүре білді.

Қайран да қазақ Рахымжан Қасымғалиұлы!

«Мен туралы қашан жазасың, кетуімді күтіп жүрсің бе?» деп қалжыңдаған кейінгі сирек кездесулердің әлдебірінде. «Жөнімізді» пайдаланып, «көрерміз» деп қағытудан тайынбағанбыз. Бірақ дәл осылай бақұл-сөз таспалап отыруға мезгемегеніміз анық. Жаратылыстың өз ережесі бар. Оның аты – заңдылық...

Иә, бұл жолғысы, шамасы, жиі ойландырғаннан шығар... Әңгімесі жарқын. Алыстан алады.

«Жеделдетіп қара жерге көміп, беттеріңді тез-тез сипап, «құттылық-ау әйтеуір» дерсіндер бір күні» деп әзілдемеді бірақ. Тегінде көзі тірісінде о дүние туралы оңай әңгімелеуші еді. Сол тұсте «Қайран Рахымжан-ай, осы саусақтарыңды да бір күні қара топырақ жабады-ау» демеді бірақ...

«Ақын-жазушының пропискасы

– халықтың жүрегінде» деп текке айтылмаған. Ақын-жазушы үшін тірліктің соңында тұрмыс қалмайды, туынды қалады.

Ақын-жазушының, шығармашылық адамдарының ұлт діңін жалғау ісіндегі жауапкершілігі, қолтаңбасы туралы шыр-пыры шығып әңгімелеуші еді. Әбіш Кекілбайұлымен қоштасу дастарқанында сөйлеген әйгілі сөзі интернет торабында әлі де сақтаулы. Дарабоз шығармашылдарды «Ұлттық құндылықтар қатарына заңмен қосуды бекіту» жөнінде сол басқосуда жаны шырқырап жеткізіп еді.

Биыл көктемде сәт бұйырып, Рахымжан Қасымғалиұлының анасы жерленген топыраққа табанымыз тиді. Қазіргі қазақ елінің батысындағы ең шеткері нүктенің бірі. Жері шалғай. Жолы – бағдар ғана. Театрдағы көпшілік жылған бір кеште ауылының жолы сапасыз екеніне «шағымданған» жұртқа Рахамның қалжыңға сыйғызып айтқаны құлағымда: «Құрманғазы ауданы киелі жер ғой. Киелі жерге қиямет шегіп бармаса, болмайды ғой!». Ұққан замға – терең сыр. Жауаптыларға – ауыр салмақ. Түзеліп кете қалған жол да жоқ әлі бірақ. Қайтесің, негізінде Ресеймен араны жалғайтын халықаралық мәртебелі магистраль...

«Бұл жерде менің ең қымбатты адамдарым жатыр... Қайтейін... қолымнан келгені осы болды. Рахымжан. Мамыр 2005 жыл» депті құлпытаста. Шәмсия Дәулетқызы ұлының төрт жасында о дүниелік болған екен. Өзі жиі еске алып жүруші еді. Сірә, дүниедегі ең шынайы сөз құлпытастағы жазу шығар. Сондай-ақ... «Жалғыздық».

«Жалғыздық»!

Осынау құлпытас орнатылған тұста көкірегіне құйылған элегиядан айналып өткім келмейді. Анасының бейіті тұсындағы ойлары екеніне сенімім кәміл. Қаламгер Отарбаевтың шедевр. Пенде-болмыстың тұңғығына үңілген

көркем сипат. Шыншыл үнсіздіктің тылсым шыңғыры. Мұнда «Жақсының ісі – жария, жаманның ісі – құпия» деп, өз жанының жар-жарын адамзаттың баянды жұмбағымен селбестіре білген үйлесім бар.

«...дүниенің бәріне мырзақол сахылықпен...» деген жоғары ноталы тіркес жүреді «Жалғыздықтың» басында. Рахымжан ағаның өзі де табиғатынан ақ жүрек жомарт еді. Шығармашылығынан гөрі адами болмысын қамтуға талаптанған жазбада көңілдің кей көріністерін қамти отырсақ дейміз.

Бала кезінен алғаусыз досы Таңатар ағамыз бірде қалада жолығып қалыпты. Өкелік жауапты шаруамен алыс жолға аттанып бара жатқанын айтады. Рахаң қоштасарында өзіне тән сенімді даусымен «ауылды ұятқа қалдырмай, мұқият барып келіңдер» деп уыс-уыс қағаз ақшаны досының қалтасына бұрқыратыпты. Бұл – қаражаттан қиналыс танытқан адам демесе де, досқа деген жанашырлық, туған топыраққа деген кимастық. Мұндай мысалдың өзіміз-ақ талайын санап бере аламыз. Көңілі құлаған адамына балама таппайтын басы – мәрттікке символ. Аузын ашса-ақ, аяғын аттаса-ақ аңызға айнала кететін тұлғалар санатынан оңай табылуының бір сыры осында болса керек.

Өзекті өртейтін өкініш бар. Әбіш Кекілбайұлының үйіне бара қалдық. 2018-дің желтоқсаны. Клара Жұмабайқызы жалғыз екен. Әңгімеден әңгіме шығып, керемет тақырып ұсынды. Әбіш ағайдың жас кезіндегі әзілқойлығы жөнінде: «Көп қамтылмай жүрген қыры. Өзім басқа саланың маманы болғаннан кейін, жазуым қалай болар екен деп бата алмай жүрмін» деді. Қайрат Жұмағалиев сынды достарына арнаған жастық қалжыңдарының кейбірін жатқа айтты да. Мереке кезі, уақыт тығыздығынан сөзіміз үзіліп қалып, қайта айналып баратыныма сенімді болғам. Өтсең, құрығыр құнтсыздық сәтін түсірмеді.

Рахымжан ағаның да қалжыңға қатты бейім болғаны көпке мәлім. Бірде Әбіш Кекілбайұлын күлкіге қарқ қылғаны туралы әдемі әңгімесі жадымызда: «Қырда жүргенде шешейдің тісі ауырып, әбден мазасы қашады. Айдалада емдей қоятын дәрігер қайдан болсын?! Атамыз қолына шарық жіп пен тас алады. Жіптің бір ұшын тасқа, бір ұшын шешейдің ауырып тұрған тісіне байлапты. Содан «оқитынынан» біріер қайталап жіберіп, тасты есік жаққа лақтырып кеп қалады. Тасқа ілесіп тіс кетеді, артынан зар илеп «наукас» кетеді». Сөйтіп, мәселе біржола шешіледі». Рухани інісінің юморлы баяндауына риза болған Әбіш аға «Стоматолог» деген әңгіме жазуын қолқалаған көрінеді.

Рахымжан Отарбаевтың қазақтың көп ақын-жазушысынан дараланған бір қасиеті шығармашылық пен шаруашылықты қатар меңгергенінде деп ұғынамыз. Әдеби агент жұмысының мәнін терең түсініп, ұйымдастыра алу оңай шаруа емес. Оны құнттасып, арнайы қор құрып, ұйымшылдықпен қолдасып жүрген жақын-жуығының мұқияттығын да айрықша атап өткен абзал.

Біз туралы Сәуле жеңгеміздің әлеуметтік желідегі «Күшік кезінен қасына ерген» деген саликалы пікірін естідік. Рас сөз. Мойындаймыз. Мақтанамыз. Рахымжан ағаның жанына күшік-тейімізден ердік. Әлімсақтан солай: адам адам болып қалыптасуы үшін аға керек, тұлға тұлға болып бағалануы үшін іні керек. Елдік деген – осы. Сабақтастық сыры – сонда.

Отырған ортамыздың көбінде Рахаң туралы әңгімесіз емес екенбіз. Тындаушының зықсыз шырғарып, зеріктірмесек те, соған жақынбыз-ау. Қайсы бірін қағазға түсіресің. Қайсы бірінің бәрін қағаз көтере қояр дейсін. Әзірге осы. Бұйырғанын тағы көрерміз.

«Қараша қаздар қайтқанда...» деуші еді Рахам. Қараша қаздар қайтқандағы сөз болды бұл да.

КІТАП КӨКЖИЕГІ

Қаламгердің биобиблиографиясы жарық көрді

Қазақ көркемсөзінің шебері, ерекше қолтаңбасы бар белгілі жазушы-драматург, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық Ш.Айтматов сыйлығының лауреаты Рахымжан Отарбаевтың туғанына биыл 65 жыл толар еді. Осы атаулы күнге орай және Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерейтойы аясында дүниеден өткен жазушының өмірі мен шығармашылығына арналған «Рахымжан Отарбаев биобиблиографиясы» кітабы үш тілде жарық көрді. Кітаптың таныстырылымына жазушының жақындары, қаламгер достары, Атыраудан келген арнайы делегация, кітапсүйер қауым қатысты.

Айгүл АХАНБАЙҚЫЗЫ, «Egemen Qazaqstan»

Кітап таныстырылымының Алматыдағы Ұлттық кітапханада ұйымдастырылуының мәні бар. Әдебиетсүйер қауымға есімі етене таныс қаламгердің өмірі мен шығармашылығына қысқаша шолу жасаған кітапхана директоры Бақытжамал Қайырбекқызының айтуынша, біртуар жазушының өмірі кітап және кітапхана жұмысымен тығыз байланысты. Ол еліміздегі кітапхананы заманға сай жабдықтап, оқырманның кітапқа қызығушылығын арттыруға, кітап мәдениетін көтеруге ықпал ететін тетіктерін қарастырып, кітапхана саласының дамуына өз үлесін қосып, Ұлттық академиялық кітапхананы басқарды. Кітапты өлшеусіз сүйген қаламгерге арнап Ұлттық кітапхана «Біртуар еді...» атты көрме ұйымдастырып,

оқырманға жазушы жайлы мол материал деректерін ұсынды. Жазушының биобиблиографиясы жылдан-жылға толығып келеді. Ұлттық кітапхананың дерек-қорында Р.Отарбаевқа байланысты 539 мәлімет жинақталған. Бұл бағытта биобиблиографтар әлі де ізденіс жұмысын жалғастыра береді.

Шараның модераторы, «Ана тілі» газетінің бас редакторы, Қазақстан Президенті сыйлығының лауреаты Қали Сәрсенбай биобиблиографиялық көрсеткіштің маңызына тоқталды. Адам жанының көз жетпес көкжиегінің жиһангері болуды жас күнінен мұрат еткен Р.Отарбаевтың әдебиетке алып келген алғашқы тырнақалды әңгімесінен бастап кемелденген шағындағы соңғы туындысына дейін тауып, шығармашылық мұрасын түгендеп, бай қазынасын толықтырып, жинақтап, рухани

айналымға ендіру – ұзақ уақыттан бергі қажырлы еңбек жемісі.

Р.Отарбаевтың есімі драматургия жанрында да жиі жолғады. Қаламгердің өнімді еңбек еткен саласы осы – драматургия. 2019 жылы құрылып, қысқа мерзім ішінде автордың әдеби кеңістігіне тұтас шолу жасап, соңында қалған мол әдеби мұрасының жоқтаушысы болып отырған «Рахымжан Отарбаевтың руханият қоры» бүгінде көптеген игі істің бастамашысына айналып үлгерді. Осы уақытқа дейін атқарылған шаруаны Махамбет атындағы Атырау облыстық академиялық драма театрының директоры Берік Жәменов ерекше атап өтті. «Қазақстанда елуден астам театр бар десек, солардың ішінде Р.Отарбаев пьесалары қойылмай қалған театр жоқ деуге болады. Ол кісінің драматургиясы режиссермен тіл табысып тұрғандай жазылатын ерекшелікке ие. Р.Отарбаев атындағы халықаралық театр фестивалі дәстүрлі сабақтастығын үзбей келеді. Драматургтің пьесалары Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан театрларының сахналарында да қойылып жатыр. Осы атқарылып жатқан игілікті істің бәрін басы-қасында Р.Отарбаевтың руханият қоры жүр», деді театр директоры.

Театрға керек тақырыпты ішкі түйсігімен сезіп, кесек дүниелер



жазған қаламгер Мысырға кетіп, елін ансаумен өткен Бейбарыстан бастап, Жәңгір хан, Әміре, Мұқағали, Фариза секілді бір шоғыр тарихи тұлғалардың бейнесін жасап, олардың көркем образын көрерменмен қауыштырды.

«Өмірде Рахаң кездескен адамына дос құшағын кең ашқан бауырмал, ашық-шашық, ажжүрек адам болса, шығармашылығы да өзінің буырқанған мінезі сияқты еді, жазатын да тастап жүре

беретін. Бәлкім маған сенгені болар, мүмкін балаларына арқа сүйгені шығар, қағазға ұқыптылығы жоқ еді. Алайда соңында іздейтін оқырманының көп екеніне көзім жетті. Сол себепті жазған дүниелерін жинақтап, биобиблиографиялық көрсеткіш құралы етіп құрастыруды жөн көрдік», деді жазушының жары Сәуле Отарбаева.

Рахымжан Отарбаевтың әңгімелері мен повестері, романдары

мен пьесалары қырық жыл бойы қазақ оқырманына рухани азық болып келеді. Жарық көріп отырған жаңа биобиблиографиялық көрсеткіш те кейінгі ұрпақтың сүйікті жазушысын танып-білуіне қызмет ететін жәрдемші құрал болмақ. Қаламгердің шығармалары қай кезеңде де, қай кеңістікте де өз оқырманымен үндесіп бірге жасай береді.

АЛМАТЫ

Боб Дилан салған ән

Боб Дилан Нобель сыйлығын алғанда жұрттың көбі оны лайықсыз деп санады. Неге? Мұндай алыпқашпа сөзді оның шығармашылығынан бейхабар адамдар айтты деп есептер едік. 500-ге жуық ән жазып, 3000 рет концерт берген талант несі тегін адам болмаса керек.



Дүйсенәлі ӘЛІМАҚЫН,
«Egemen Qazaqstan»

Жұрттың кей пікіріне құлақ аспайтын ол бірде өзін Шекспирмен салыстырады. Оны әдеттегі сахналарда емес, Нобель сынды алпауыт сыйлықтың үлкен сахнасында айтты. 1962 жылы алғашқы ән альбомын шығарғаннан бастап қазірге дейін үздіксіз музыка әлемінде қызмет етіп келе жатқан Боб Дилан сансыз жүректерге үміттің отын жақты. Оның әндері адамзатты әділетті қоғам құруға, әр істе әділ болуға, бейбітшілік пен тыныштықтың қадірін білуге үндеді. Сосын оның ән сөздерін кәдімгі қуатты поэзия деуге хақылымыз. Нобель әдебиет сыйлығы оған осы үшін берілгенін растағымыз келеді. Швед академиясы Диланға «Америкалық ән дәстүрінің аясында жаңа поэтикалық өрнектер жасағаны үшін» үлкен сыйлықты берді. Ол жазған лирикалық әндер көп тыңдалды, көп айтылды. Халық қарсы алды, талант деп таныды. «Боб Дилан тек естуге тұрарлық ұлы әндер жазды. Бірақ оның шығармаларын поэзия ретінде оқысаңыз тіпті керемет», деді Швеция академиясының тұрақты хатшысы Сара Даниус Диланға марапат тапсырып жатқан сәтінде.

*«Бір адам қанша жол басуы керек?
Азамат деп оны ел танығанынша.
Көгерішн қанша теңізді асуы керек?
Арқасын от құм қарығанынша.
Атомдар қанша рет атылуы керек?»*

*Мәңгілік тыйым салынғанынша.
Жауабын бұның жел айтады.
Иә, жел айтады, досым.
Таулар қанша жыл жасауы керек?
Дүлей теңіз шайып кеткенше.
Адамдар қанша жас жасауы керек?
Бостандыққа қолы жеткенше.
Мойныңды қанша бұруың керек?
Елемей оны өткенше.
Жауабын бұның жел айтады,
Иә, жел айтады, досым.
Көзіңді қанша талдыруың керек?
Аспанның жүзін көргенше.
Адамда қанша құлақ болуы керек?
Жылағанға дем бергенше.
Ажалмен қанша айқасуың керек?
Сонишама пендені көмгенше.
Жауабын бұның жел айтады,
Иә, жел айтады, досым».*

Міне, бұл оның «Желмен үрлеу» атты әні. Бұл әннің сөзі терең философиялық ойлардан, пайымдаулардан, өмірдің өзінен туындаған шығарма. Қоғамдағы адамның өмірге деген көзқарасы асқақ ән болып, сансыз адамның мұңын айтты. Жүректен жүрекке жетті деген осы болар.

Бұл ән қазірге дейін айтылады. АҚШ елінде, тіпті дүниежүзінде қайта-қайта орындалып жүрген әннің бірі. Боб Диланның өнердегі жолы елу жылдан астам уақытты құрайды. Былай қарасаң, ұзақ та, қысқа да уақыт емес. Бірақ оның өнерге бергені мен ықпалы хақында өнертанушылар үздіксіз айтып, жазып келеді. Өткір, қуатты, өлмес туындылары оның беделін, өнердегі деңгейін биіктетпесе, аласартқан жоқ.

Оның тағы бір жақсы әні «Аспан есігін қағу» деп аталады.

*«Шеше,
Кеудемдегі алыңыз төсбелгіні,
Енді ол маған қажетсіз, анық білдім.
Айнала қап-қара әлем, көшкен нұры...
Мен Аспанның есігін қағып тұрмын.
Тық-тық, қақтым Аспан есігін...
Шеше,
Қаруымды қойыңыз менен алып,
Оны енді ешкімге кеземеспін.
Түсі суық қара бұлт келеді ағып...
Қақтым Аспан есігін,
Мен – Елеспін»,* – дейді.

Әр адамның өз болмысы бар десек, Боб Диланның болмысы – шынайы музыка. Оны бізге танытқан да осы ұлы өнер. Сыршыл жүректерді елітетін өміршең әндер жазған сазгер музыка арқылы әлемді өзгертуге болатынын растады. Ол музыканы қару етіп, өзіне тиісті рухани әлем жасады. Бір сөзбен айтқанда, оның әндерінде мейірімділік, өмірге құштарлық, үміт пен қуаныш бар. Ендігі жерде Боб Диланның әні бар жерде, оның аты өлмейтініне мына тарих куә.



Айвазовский айдыны

Үнемі тынымсыз теңселіп жататын, кейде жал-жал толқыны жағадағы жартасты жалмап кетердей екпінден соғып, кейде айдың нұрын айна-қатесіз өз бетіне өзгеріссіз көшіре мөлдіреп тына қалатын, бірде ақ көбігін ақжем жағаға бүркіп аласұрса, енді бірде сол жағаларды қаншама шақырымға ұзақ уақыттарға тастай шегініп кететін теңіз жаны — адам жанының айнымас сұлбасындай-ау...

Мирас АСАН,
«Egemen Qazaqstan»

Теңіз десе, басқаны білмейміз, біздің көз алдымызды осындай бір образды сурет көме кетеді. Негізі бұл күйді теңіздің жағасына жалғыз барған кез келген жан сезінсе керек. Адам мен судың арасындағы тығыз байланысты бізсіз де ғалымдар нешеме теориялармен нақты дәлелдеп, айтып, жазып келеді. Оның ғылыми түсіндірмесіне түптеп үңілуге де болар еді, бірақ айтпағымыз Айвазовский болған соң сол теорияларды термелеп жатудың көп қажеті жоқ сияқты.

Расымен бұндай ұлы құбылыстарды қылқалам шебері шын сезінгенде оның жан әлемі қандай күйге душар болатынын, оның қалай жақсы мағынасында дерттенетінін, тұла бойын шын шабыт қалай бауатынын қарапайым тілмен жеткізу тіпті мүмкін емес.

Жалпы, кез келген өнер адамының шығармашылығында теңіз тақырыбы міндетті түрде орын алатыны белгілі. Мейлі ол ақ айдыңның арыстан жал толқындарына оранып өспесін, мейлі ол көкше теңіздің ыстық жағалауларын бойлай жүгіріп балалық шағының арман құсын қуаламасын, кез келген талант теңіз тақырыбын қайтсе де бір өз туындыларына тұғыр етері хақ. Ал енді шығармашылығының тұтас галереясын тек қана теңіз

тақырыбына арнаған туындыгер болса, оның шығармалары әлбетте әлем назарын аударатыны ақиқат. Айвазовский бұл жағынан тек бір ғана ұлттың мақтанышы емес, бүкіл адамзат тарихында өз орнын ерекше айқындаған феномен дер едік. Әлем мәдениетінің тарихына теңіздің түрлі мінезін түгендей кірген талант туралы талай шығарма, талай толғамды сыр түйілген болар. Дегенмен оның суретіне арбалып қалған әр адам қайтсе өзінің ойын, өзегін жарып шыққан сезім сәулелерін қайтсе де қағаз бетіне түсірмей тынбайтындай.

Классикалық пейзаждың кәнігі шебері Иван Айвазовскийдің «Тоғызыншы вал» туындысы, әлбетте, атақты картина. Жалпы, оның барлық картинасына жеке-жеке тоқталуға да болар еді, алайда шеті-шегі жоқ түпсіз терең тұңғыық әлемнің қай шетін қамтып үлгерсе алғандайсыз?

Теңіз стихиясын теңдессіз жырлаған ақындар да бар, жазушылар да жетерлік, дегенмен суретші қиялындағы жанды толқындар адамды әп дегенде өзіне бірден тартып әкететіні тылсым да таңғаларлық.

Ол кейде өзінің жанын теңіз толқындарына мәңгілік айырбастап жіберген таланттай көрінер еді. Жалпы, терең түйсінген адамға Айвазовскийдің теңіз галереясы тек жабайы теңіз мінезін ғана суреттеп тұрмағаны бірден белгілі.

Қолшатыр хикаясы

Мұхтар ҚҮМІСБЕК,
«Egemen Qazaqstan»

*«Жаңбырлы түн,
екеуімізде бір шатыр,
Бір шатырда қосып тұрдық
сырға сыр.
Махаббаттың сөнбесін
деп жалыны,
Шатыр болып менің жаным
суда тұр».*

Бұл белгілі композитор Сей-долла Бәйтерековтің «Жаңбырлы түн» әнінің қайырмасы. Бәлкі, қазір оқып қана қоймай, әуенімен қоса шырқап отырған шығарсыз. Мүмкін өмірдің әлдебір бекетінде қалып қойған махаббатыңыз еске түскен де болар. Онысы несі екен, ә?! Қолшатыр жайлы сөз қаузағанда, көз алдымызға тамшы мен тәтті бір елестер оралады. Бәлкім оның астарында айпара аңыз жатқандығынан болар. Бәлкім жастық шақтың жаңғырығы...

Қазақы танымға салсаңыз, ойшыл ақын Шәкәрім Құдайбердіұлының «Қолшатыр бұйрығы» дастанын ілікке алып, патша өкіметінің оспадарлығын әңгіме қылуға болатын да еді, бірақ біздің олай жасағамызға тамшы мен тәтті бір елестер оралады. Бәлкім жастық шақтың жаңғырығы...

есімді садақшы туралы. Ол даңқты батыр, көз жетпейтін жерден деп тигізетін мерген болған. Бұл қасиетін сүйген жары қатты бағаласа керек, атқан жебесінің соңынан қуалай жөнеледі екен. Бірде әйелі Ренука тағы бір жебені алып келуге аттанып, ұзақ уақыт кешігеді. Себебі оған күннің ыстығы өтіп, жүруге шамасы келмеген. Бұған ашуланған мерген жарқыраған күнге жебесін жаудырады. Күн батырдан кешірім сұрап, айыбына қолшатыр тарту етеді. Екінші әпсана тұрмысқа шыға алмай жүрген Зита есімді қыз жайлы. Оның бетінде секпіл болған, оған қоса мұрынының ұшы үнемі қызарып жүреді екен. Қыз бала бұған қатты қысылса керек, үйінен ұзап шықпаған. Құдай Брахма бақытсыз әйелді аяп, оған күннен қорғайтын пальма жапырақтары мен құс қауырсындары бар тұтқаға бекітілген шатыр сыйлайды. Соның нәтижесінде Зитаның терісі жаңарып, өзінің сүйгенін табады. Екі аңыздың қысқаша мазмұны осындай. Бақсаңыз, үнді әдебиетінің ескі дастандары қолшатырды махаббаттың бастаушысы ретінде суреттейді.

Шүбә жоқ, қолшатырды адамзат күннің ыстық сәулесінен қорғану үшін ойлап тапқаны даусыз. Оның шығу тарихына әлі күнге дейін мысырлықтар, қытайлар, тіпті ассириялықтар таласады. Өркениеті ерте оянған ұлттардың әрқайсысында қолшатырға қатысты естеліктер

бар. Мәселен, қытайдың «Чжоу Ли» кітабында (б.з.б. XI немесе VIII ғ.) күйме туралы айтылады. Сондағысы күйме үстінде үлкен шатыр орналастырылған екен. «Арбаның қолшатыры аспан сияқты дөңгелек. Қолшатырдағы доғалар – 28, құдды жұлдыздар сияқты» деп жазылған еңбекте. Шамасы, қытай халқы сол дәуірде бірінші рет бүктелетін қолшатыр ойлап тапқан сыңайлы. Оларды император Ван Мэн діни рәсімдерде де қолданғаны туралы айтылады.

Қолшатыр бірте-бірте аксессуардан символдық, тіпті мәртебелі адамдар ұстайтын құнды затқа айналды. Сол заманда адам неғұрлым құрметті болса, соғұрлым түрлі-түсті қолшатыр ұстап жүріпті. Бұл түсінікті жайт, себебі оны көтеріп жүретін қызметшілерінің санынан-ақ бағамдауға болады. Бирма билеушісі атактарының арасына өзінің «Үлкен қолшатырдың иесі» екенін қосса, Сиам билеушісі өзін «24 қолшатырдың иесі» деп жариялаған. Қолшатырды алтын кестелермен және асыл тастармен безендірген. Ал кедейлер кішірек келген төбесі майланған қағазбен жүрген екен.

Батыс өркениеті Шығыс жаңалығын көне мәдениет жаунары есебінде бағалады. Грекия мен Римде қолшатырды негізінен әйелдер пайдаланды. Себебі олар аты аңызға айналған Зитаның күйін кешті. Күннің ыстығына



күймей, акқұба болып қалу үшін қолшатырды қолынан тастамады. Антикалық қолшатырдың пішіні жалпақ конуска ұқсайды, тұтқасы ортасында орналасқан. Ежелгі Рим ақыны Овидий Назон «Күнтізбе» атты поэма-сында осы көріністерді баяндайды. Ең қызығы, ер адамдар қолшатырды тек әйел затына ғана тән аксессуар ретінде санаған. Грек ақыны Аристофан өзінің «Құстар» атты комедиялық шығармасында Прометейді мазак етіп, оның аспан құдайы Зевстен қолшатырдың астына жасырынып қалғанын жазады.

Ұзақ уақыт бойы қоғам қолшатырды жаңбырмен емес, күнмен байланыстырды. Мұны оның атаулары да айшықтайды. Латынша қолшатыр umbra – көлеңке, ella – кішірейткіш жұрнақ, яғни «кіші көлеңке» деген мағына берсе, французша para – қалқан, sol

– күн, демек «күн қалқаны» деген мазмұнға саяды. Ал орыс атауына келетін болсақ, оның шығу төркіні тіпті қызық. Zonnedeк сөзін Нидерландтан Ресейге І Петр әкеліпті. Көптеген жаңа голланд сөзі сияқты, ол да теңіз терминологиясына қатысты. Кемелердің үстінде қолданылатын шатырды білдіреді. Кейін сөз айтылуына қарай қысқарып, «зонтик» атауына ие болыпты.

Рим империясы құлағаннан кейін, қолшатыр хикасы Еуропада асқақтады. Ортағасырлық адамдар ежелден күн мен жаңбырдан қалпақ киіп қорғануды әдетке айналдырған. Еуропалық қолшатырдың тарихы үзілгенімен Италияда жұрнағы қалды. Одан кейін аксессуарды Рим өркениетінің мұрагері католик шіркеуі қайта жандандырды. Католиктер қолшатыр туралы XIV ғасырда Қытай мен Үндістанға саяхат

жасаған миссионер Джованни Мариниоллидің арқасында білген екен. Оған дәлел ретінде, 1414 жылы неміс данышпаны Ульрих фон Рихенталь өзінің жазбаларында таңғажайып көріністі сипаттайды. Атап айтқанда, Рим папасы XVIII Иоанның Констансқа сапары турасында. Ульрихті патшаның өзі емес, басына үлкен қызыл-сары қалпақты ұстап тұрған артындағы рыцарь қатты таңқалдырған.

Александр VI Борджиядан (1431-1503) бастап, қолшатыр әулие Петрдің билігінің символына айналды. Мәселен, Рим папасы мен император Фредерик Барбаросса арасындағы келіссөзде делдал ретінде қатысқан иттерге дейін қолшатыр астында тұрған. Кейін Наполеон бұл дәстүрді қойды.

Қолшатырдың хикаясы мұнымен бітпейді. Ол Еуропаға енгеннен кейін түрленіп, күннен ғана емес, жаңбырдан да қорғанатын құрал есебінде құны артты. Француз елінде ғашықтардың бір-біріне деген іңкәрлігін бір шатырдың астында білдіру дәстүрі қалыптасты. Романтикалық кештер қолшатырсыз мәңсіз де сәнсіз саналған. Бұл мөп-мөлдір махаббаттың бір бөлшегі іспетті көңілге қуаныш ұялата алды. Екі жастың сезімін ашық білдіруіне жол жасады. Содан да болар, «Жаңбырлы түн» әнін тыңдағанда, қос ғашықтың сырына қаныққандай болатынымыз.



Әлемнің алдыңғы легіндеміз



Жерлестеріміз сол сәтсіздіктен сабақ алған екен. Арада тура екі ай өткен соң Белградта ұйымдастырылған әлем чемпионатында біздің жігіттер 2 алтын, 2 күміс және 1 қола медальды олжалап, мықтылар тізімінде Кубадан ғана қалып қойып, екінші орынды иеленді. Сөз жоқ, бұл – өте жақсы көрсеткіш.

Ғалым СҮЛЕЙМЕН,
«Egemen Qazaqstan»

Боксшылар бір байып қалды

АИБА басшылығы Белградтағы әлем чемпионатына бірқатар оңды өзгерістер енгізді. Біріншісі – осы әлем чемпионатында алғаш рет 13 салмақ дәрежесі бойынша жүлделер сарапқа салынды. Бұл жағдай бұрын тасада қалып жүрген көптеген боксшыға өздерін мойындатуға мүмкіндік берді. Кейбір былғары қолғап шеберлері соны ұтымды пайдаланып, дүбірлі долада олжаға кенелді. Мәселен, айтулы жарыста атой салған сайыпқырандардың 80-85 пайызы бұрынғы шеберлігімен көзге түспеген. Яғни қалың бұқара олардың есімдері етене таныс емес.

Балқан түбегінде жеңіс тұғырына барлығы 52 боксшы көтерілді. Солардың арасынан тек сегізгі ғана бұған дейін Олимпия ойындары мен әлем чемпионаттарында олжа салған. Олар – кубалық Хулио Сесар Ла Крус пен Энди Гомес, қазақстандық Сәкен Бибосынов пен Абылайхан Жүсіпов, армениялық Оганес Бачков, франциялық Софьян Умиа мен Биллал Беннама және әзербайжандық Лорен Берто Альфонсо Домингес. Қалған боксшыларға ондай бақ бірінші рет қонып отыр.

Екіншіден, әуесқой бокстың беделін арттырып, мәртебесін көтеру мақсатында АИБА тарапынан биылғы жарысқа мол көлемде жүлде қоры тағайындалды. Соған сәйкес, жеңімпаз атанғандардың әрқайсысы 100 000, күміс алғандар 50 000 және қолаға қол созғандар 25 000 АҚШ доллары көлемінде сыйақы алды. Бұл – керемет мотивация. Бұған дейінгі әлем чемпионаттарында ақшалай сыйлық берілмейтін. Бұл жолы табысты өнер көрсеткен боксшылар бір байып қалды. Өзгелер жайында ештене айта алмаймыз, ал біздің жігіттердің қанжығасы майланғаны анық. Олай деуге негіз, жоғарыдағы сыйақыдан бөлек, Қазақстан бокс федерациясы отандық былғары қолғап шеберлерін өзінше ынталандыруды жөн көрді. Белградта бас жүлде алған жерлестеріміз \$75 000 алса, күміс пен қола жүлдегерлерге \$50 000 және \$30 000 тиесілі. Одан бөлек, мемлекет тарапынан берілетін сыйақы тағы бар.

Сан соққан саңлақтар

Олимпия ойындарының аяқталғанына екі ай толмай жатып, әлем чемпионатының жалауы

Боксшыларымыз Токио Олимпиадасында небәрі екі қола медальды иеленіп, жалпықомандалық есепте қалың топтың арасында қалып қойғанда, барша қазақстандық жанкүйердің жерге қарағаны жасырын емес.

Жерлестеріміз сол сәтсіздіктен сабақ алған екен. Арада тура екі ай өткен соң Белградта ұйымдастырылған әлем чемпионатында біздің жігіттер 2 алтын, 2 күміс және 1 қола медальды олжалап, мықтылар тізімінде Кубадан ғана қалып қойып, екінші орынды иеленді. Сөз жоқ, бұл – өте жақсы көрсеткіш.

желбіреді. Сол себепті Токиода атой салғандардың басым бөлігі Белградқа барудан бас тартты. Біріншіден, қысқа ғана мерзім аралығында спортшылардың қайта бабына келуі өте қиын. Екіншіден, Олимпиадада бар күш-жігерін сарп еткендер біраз уақыт демалып, жарақаттарын емдеп, денсаулықтарын қалпына келтіруді құп көрді. Десек те, соған қарап жарыстың қызығы кеміп қалды деген ой тұмауы керек. Әлем чемпионаты да бәсі бөлек бәсеке. Бұл жарыста да топ жаруды көптеген спортшының арман-дайтыны анық.

Белградтағы бәсекеде біз көптеген дүлдүлдердің өнерін тамашаладық. Бір қызығы, солардың біразы елдеріне еңселері түскен күйде оралды. Сербияда сәтсіздікке ұшырағандар қатарында Лондон мен Токио Олимпиадаларының жеңімпазы, Бейжің Олимпиадасының күміс жүлдегері, әлем чемпионы Роньель Иглесиас Сотолонго (Куба), Рио Олимпиадасының жеңімпаздары Хасанбой Дусматов пен Шахобиддин Зоиров (Өзбекстан), сол жарыстың күміс жүлдегері Шахрам Гиясов (Өзбекстан) пен Юберхен Мартинес (Колумбия), үш дүркін әлем чемпионы, үш дүркін Олимпия ойындарының қола жүлдегері Ласаро Альварес Эстрада (Куба), әлем чемпионы Миразизбек Мирзахалилов (Өзбекстан) және тағы басқалар бар.

Баркер кубогы кімге бұйырды?

Күні кешеге дейін Баркер кубогы Олимпия ойындарының ең үздік боксшысына беріліп келді. Кезінде оны біздің Василий Жиров, Бактияр Артаев және Серік Сопиев сынды саңлақтарымыз иеленді. Сонау 1936 жылдан бері жалғасып келе жатқан осы бір тамаша дәстүр биыл жалғасын таппады. Токио Олимпиадасында былғары қолғап шеберлерінің бәсекесін Халықаралық Олимпиада комитеті (ХОК) өткізгендіктен, аталған кубок ешкімге берілген жоқ. Содан АИБА тосын шешім қабылдап, сол жүлдені әлем чемпионатында асқан шеберлігімен көзге түскен боксшыға тағайындауды жөн көрді.

Балқан түбегінде өткен жарыста Баркер кубалық Энди Крус Гомеске бұйырды. Сөз жоқ, 63,5 кило салмақта сынға түскен Бостандық аралының өкілі бұл жолы да өте керемет бокстасты. 26 жастағы қара қабылан панамалық Миниэль Джонатан, бразилиялық Николос де Хесус, америкалық Вершон Ли, өзбекстандық Мужиболло Турсунов, армениялық Оганес



Бачков және түркиялық Керем Озменді ұтты. Барлық бәсекеде оның басымдығы еш күмән туғызған жоқ. Сол себепті де Гомес ондай құрметке лайық екені даусыз. Осыған дейін де кубалық боксшы екі мәрте әлем чемпионы атанған болатын. Ол 2017 жылы Гамбургте және 2019 жылы Екатеринбургте топ жарды. Ал биыл Токио Олимпиадасында да қарсылас шыдатқан жоқ.

Сербияның астанасында асқан шеберлігімен көзге түскен тағы бір боксшы жайында айтып кетуге болмайды. Ол – Олимпиаданың екі дүркін чемпионы, Панамерика ойындарының үш дүркін жеңімпазы Хулио Сесар Ла Крус. 32 жастағы сақа спортшы бұл жолы 92 килодан жоғары салмақ дәрежесінде дараланды. Кезінде ол 81 кило салмақта қарсылас шақ келтірмеген. Бұл – оның әлем чемпионатындағы бесінші бас жүлдесі. Осы көрсеткіш жағынан Хулио өзінің даңқты отандасы Феликс Савонмен теңесті. Савон бұл белестерді 1986-1995 жылдар аралығында бағындырған еді. Енді Ла Крус оны қуып жетті. Әзірге әлем чемпионаттары тарихындағы ең үздік нәтиже дәл осы Кубаның екі боксшысына тиесілі.

Иә, Куба боксшысының алты дүркін әлем чемпионы атануына мүмкіндігі болды. Осыдан екі жыл бұрын Екатеринбургте өткен жарыста қарсыластарын қоғайдай жапырып келе жатқан Хулио оны жартылай финалда қазақтың қайсар ұлы Бекзат Нұрдаулетов тоқтатқан еді.

Қай құрлықтың көші ілгері?

Токио Олимпиадасындағы боксшылар сайысында тек Қазақстан құрамасы емес, Азия құрлығында орналасқан барлық мемлекеттің өкілдері өте нашар өнер көрсетті. Сөзіміз дәлелді болу үшін мына деректерге зер салайық: Күншығыс елінде 8 салмақ дәрежесі бойынша өткен бәсекелер барысында 32 жүлде сарапқа салынды. Соның алтауы ғана азиялықтарға бұйырды. Нақтылап айтсақ,

өзбекстандық Баходир Жалолов (+91 кило) алтын алды. Филиппиндік Карло Паллам (52 кило) күміспен күптелді. Филиппиннің тағы бір өкілі Эумиль Марсьяль (75 кило), жапониялық Ремэй Танака (49 кило) және қазақстандық Сәкен Бибосынов (52 кило) пен Қамшыбек Қоңқабаев (+91 кило) қола медальды мойындарына ілді.

Олимпия ойындарымен салыстырғанда 2021 жылғы әлем чемпионатындағы сары құрлық өкілдерінің көрсеткіші әлдеқайда жоғары. Бұл жолы азиялықтар 4 алтын, 4 күміс және 6 қоланы еншіледі. Барлығы – 14 жүлде. Еуропалықтар да 4 рет жеңіс тұғырының ең биік сатысына көтерілді. Одан бөлек, қарт құрлықтың өкілдері 6 күміс пен 16 қоланы қоржынға салды. Барлығы – 26 медаль. Америкалықтар 5 алтын, 3 күміс және 4 қоланы олжалады. Барлығы – 12 жүлде.

Тұңғыштардың тізіміне енді

Белградтағы жарыста 25 мемлекеттің өкілдеріне ғана жеңіс тұғырына көтерілу бақыты бұйырды. Кейбір елдер өз тарихында алғаш рет әлем чемпионатының жүлдесіне қол жеткізді. Олар – ирандық Даниал Шахбахш (60 кило), шотландиялық Риз Линч (63,5 кило), албаниялық Албан Бекери (71 кило), бельгиялық Виктор Шелстрате (86 кило) және тринидадтық Найджел Пол (+92 кило). Бұл жігіттердің барлығы да қола медальды мойындарына ілді. Иә, осыған дейін төрткүл дүниенің теңдессіздері жиналған жарыстан аталған командалар бос қоржынмен қайтып жүрген. Енді олардың да деңгейлері өсті. Міне, осы жайттың өзінен-ақ бокс өнерінің көкжиегі жылдан жылға кеңейіп келе жатқанын аңғаруға болады.

Осы күнге дейін Жапония боксының жағдайы мәз емес еді. Күншығыс елінің өкілдері Олимпия ойындарында ара-тұра жүлде алып жүргенін жанкүйерлер жақсы біледі. Сонау 1964 жылы Токиода 54 кило салмақта күш

сынасқан Такао Сакурай алтын алса, 2012 жылы Лондонда 75 кило салмақта сайысқа түскен Рета Мурата әйгілі отандасының ерлігін қайталады. Бірақ әлем чемпионаттарында олар осы күнге дейін небәрі 1 күміс пен 2 қоланы қанағат тұтып келді. Бар-жоғы үш-ақ жүлде. Ал бұл жолы жапон жігіттері жарады. Белградтың төрінде Томоя Цубои (54 кило) мен Севонрет Оказава (67 кило) төрткүл дүниенің теңдессіздері деп танылды. Бір өкініштісі, олардың екеуі де шешуші тұста қазақ боксшыларын тізе бүктірді. Цубои финалда Махмұд Сабырханды сан соқтырса, Оказава жартылай финалда Абылайхан Жүсіповті жеңді.

Қазақстан қайратын көрсетті

Белградтағы әлем чемпионаты Қазақстан құрамасы үшін сәтті аяқталды деп нық сеніммен айта аламыз. 2 алтын, 2 күміс және 1 қола медальды иеленген Қазақстан құрамасы жалпықомандалық есепте екінші орынға тұрақтады. Иә, 2013 жылы Алматыда өткен жарыста бұдан да жақсы нәтижеге қол жеткізгеніміз рас. Сол кезде ринг қожайындары 4 алтын, 2 күміс және 2 қола медальды олжалап, командалық сайыста жеке-дара көш бастады. 2003 жылы Бангкок (2 алтын), 2005 жылы Мянъян (2 алтын, 3 қола), 2017 жылы Гамбург (1 алтын, 2 күміс, 3 қола) және 2019 жылы Екатеринбургте (1 алтын, 1 күміс және 4 қола) үшінші сатыға жайғасты. 1999 жылы Хьюстон (1 алтын, 1 күміс, 1 қола) мен 2007 жылы Чикагода (1 алтын, 2 қола) үздік бестікті қорытындылады. Отандастарымыз үшін ең табысты жарыстар осылар.

Балқан түбегіндегі жарысқа ұлттық құраманың жанадан тағайындалған бас бапкері Қайрат Сәтжанов жақсы команда жасақтап апарған екен. Теміртас Жүсіпов (48 кило), Сәкен Бибосынов (51 кило), Махмұд Сабырхан (54 кило), Серік Теміржанов (57 кило) және Абылайхан Жүсіповтің (67

кило) жеңіп алған бес жүлдесінен бөлек, тағы бес боксшымыздың жеңіс тұғырына сынық-сүйем қалғанда сүрінгенін айта кетуге тиіспіз. Бірақ Санатәлі Төлтаев (63,5 кило) пен Нұрқанат Райысты (75 кило) жеңілді деп айтуға ауыз бармайды. Бұл ретте төрешілер тарапынан ағаттық кетті деуіміз керек.

Саматәлі Төлтаев (60 кило) тым мықты боксшыға тап болды. Рио Олимпиадасы мен Еуропа ойындарының екі дүркін күміс жүлдегері, әлем чемпионы франциялық Софьян Умияға оның әлі жетпеді. Сербиялық Владимир Мирончиков Нұрбек Оралбайды (80 кило) сан соқтырып кетті. Ринг қожайынна қарсы бәсекеде айқын басымдық танытпасаң, төрешілердің жеңісті саған оңайлықпен бере қоюы екіталай. Оның үстіне, Мирончиков – Сербияның осы жарыстағы соңғы үміті. Соны да қаперден шығармау керек еді.

Аслан Шымбергенов (71 кило) Рио Олимпиадасының күміс жүлдегері, әлем және Азия чемпионы өзбекстандық Шахрам Гиясовтың тас-талқанын шығарғанда, қандасымыз тек бас жүлде үшін таласуға тиіс деп алдын ала топшылаған едік. Бірақ онымыз бекер екен. Шешуші тұста Юрий Захариев Шымбергеновті шаң қаптырып кетті. Байыптап қарасак, украиналық осы біріншіліктегі бәсекелерінің барлығын 5:0 есебімен аяқтаған екен. Оған тек біздің Асланбек қана лайықты қарсылық көрсете алды. Бұл тартыс 3:2 есебімен Захариевтің пайдасына шешілді.

Сөйтіп, Сербияға сапар шеккен 13 боксшымыздың тек үшеуі ғана жарты жолға жетпей сүрінді. Қалғандары шама-шарқына қарай көсілді. Бірақ бір анығы, шаршы алаңда барлығы да жанын салып айқасты. Сондықтан да олардың ешқайсына өкпе айта алмаймыз. Ең бастысы, алға қойған жоспарымыз жүзеге асып, Қазақстан құрамасы әлемдегі ең үздік командалардың алдыңғы легінен көрінді.

Әлем чемпионатының күміс жүлдегері Серік ТЕМІРЖАНОВ:

Күмісті алтынға айналдырамын

Сербия астанасы – Белградта бокстан өткен әлем біріншілігінің жеңімпаздары мен жүлдегерлері елге оралды. Дүбірлі доладан табыспен оралған әлем чемпионатының күміс жүлдегері Серік ТЕМІРЖАНОВТЫ аз-кем өңгіметке тартқан едік.

– Серік, жүлде құтты болсын! Чемпионатта саған қандай міндет жүктелді?

– Рахмет! Жарысқа қатысқан спортшының бір ғана міндеті бар, ол – жеңіске жетіп, топ жару. Өкінішке қарай, финалда сүріндім. Алтын жүлде алып, елдің Әнұранын Белград төрінде шырката алмағаным үшін жанкүйер қауымнан кешірім сұраймын. Осыған да шүкіршілік етемін. Өйткені бұл жүлденің өзім туып-өскен өңір – Павлодар облысы үшін маңызы зор. Чемпионат барысында қате-кемшіліктер кетті. Енді солармен жұмыс істеп, олқылықтардың орнын толтыруға тырысамыз. Бұйырса, күмісті алтынға айналдырамын.

– Финалда сылбыр көрінді. Жеңіске жетуге не кедергі болды?

– Ақталғандай боламын ғой. Дегенмен финалға шаршаңқырап жеткенім рас. Өйткені ақтық жекпе-жекке дейін бес боксшымен жұдырықтастым. Ішінде осалы жоқ. Алдымен Моңғолия өкілі Энх-Амар Хархууды жеңдім. Ол – Азия чемпионы. Одан кейін жапониялық Рейто Цуцмиді жарыс жолынан ығыстырдым. Бұл жігіт – жастар арасындағы әлем чемпионы. Соның үндістандық Рохит Мордың осал тұсын тауып, ширек финалда ресейлік Эдуард Саввинмен боктастым. Жартылай финалдағы қарсыласым кубалық Освель Кабальеро Гарсия болды. Кубалықтардың қандай деңгейдегі боксшылар екені белгілі ғой. Ал финалда АҚШ құрамасының өкілі Джамал Харвиге есе жібердім. Соңғы қарсыласым өте жылдам екен. Кейбір



тұста оның жылдамдығына ілесе алмай жаттым. Басқа да қателіктерге жол бердім. Ендігі мақсат – Белградта кеткен есені қайтару.

– Жартылай финалда кубалық боксшыны нокаутқа жіберіп, жеңіске жеттің. Мықты қарсыластың мысын басу қиынға түсті ме?

– Әрине. Қазақстан мен Куба боксшылары – рингтегі бітіспес қарсыластар.

Сондықтан мұндай жекпе-жектердің маңызы зор. Менімен жұдырықтасқан Освель Кабальеро Гарсия мықты боксшы. Тәжірибесі де толысқан. Панамерика ойындарының чемпионы деген атағы бар. Жекпе-жекке дейін оның жұдырықтасу мәнерін зерттедік. Бұған дейінгі кездесулеріне талдау жүргіздік. Соның нәтижесінде діндеген мақсатымызға қол жеткіздік.

– Токио Олимпиадасында басқа Серікті көрдік. Әлем біріншілігінде шаршы алаңға мүлде басқа Серік шыққандай әсер қалдырды. Бұл жайында не айтасыз?

– Екеуі де ірі жарыс, бірақ атмосферасы бөлек. Олимпиадада жіберген кемшіліктерді әлем чемпионатында қайталамауға тырыстық. Қатемнен жұмыс жүргіздік. Соның нәтижесі болар, бәлкім.

– Жоғарыда бұл жүлденің Павлодар өңірі үшін маңызы зор деп қалдың. Неге?

– Өйткені бұл – әлем чемпионат-

тарынан павлодарлық боксшыларға бұйырған алғашқы медаль. Жалпы, мен Тәуелсіздік алғалы бері әлем чемпионатына қатысқан екінші павлодарлық екенмін. Бұған дейін Николай Кульпин 1993 жылғы біріншілікте +91 килода жұдырықтасып, ¼ финалға дейін жетіпті. Ол кісіні көрген жоқпыз. 2003 жылы қайтыс болып кетіпті. Міне, содан бері 28 жыл өткенде, Тәуелсіздіктің 30 жылдығында осындай тарихи жетістікке қол жеткізгеніме қуаныштымын. Жеке бапкерім Азамат Мақажановқа айтар алғысым шексіз. Оның да әлем чемпионы екенін жақсы білесіздер. Әскерилер арасында топ жарған. Бапкерімнің сол бір жеңісті жолын Белградта жалғастыруды көздеп едім. Реті келмеді. Алда әлі талай жарыс бар. Чемпион тұғырында тұратын сәт туарына сенемін.

– Сенімің ақталсын!

Әңгімелескен
Фархат ҚАЙРАТҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

БОКС

Жетінші бапкерден жеңіс күтеміз



Қолдағы жасарған Аман МАНАП, «ЕО»

Бокстан бас бапкер Қайрат Сәтжанов еліміз Тәуелсіздік алғалы бері ұлттық құрамаға бас жаттықтырушы болып тағайындалған жетінші маман. Ол құрамаға келе салысымен Әлем чемпионатына аттанды. Сербия шаршы алаңында болды. Онда Қайрат Сәтжанов баптайтын жігіттер 2 алтын, 2 күміс және 1 қола медаль жеңіп алып, медаль саны жөнінен жалпыкомандалық есепте екінші орын алды. Әзірге бас бапкердің аяқалысы жаман емес.

«Егemen Qazaqstan» бұған дейін Қазақстан құрамасын жаттықтырған алты бас бапкердің әлем чемпионатында жеткен жетістіктерін назарларыңызға ұсынып отыр

Алмас МАНАП, «Егemen Qazaqstan»

Әбдісәлан Нұрмаханов (1993-1997)

Еліміз Тәуелсіздік алғаннан кейін боксшыларымызды алғаш рет әлем чемпионатына марқұм Әбдісәлан Нұрмаханов апарды. 1993 жылы Финляндияның Тампере қаласында өткен дүниежүзілік додада Болат Жұмаділов, Нұржан Сманов, Аркадий Топтаев, Василий Жиров, марқұм Бектас Әбубәкіров сынды боксшылар ел намысын қорғады. Өкінішке қарай, Нұрлан Қалыбаев (57 кг), Нұржан Сманов (67 кг) және Николай Кузлыин (+91 кг) ширек финалда ұтылып, медальға бір қадам жерден тоқтады. Тек 75 кило салмақта өнер көрсеткен Василий Жиров украиналық боксшыдан айласын асырып, жартылай финалға шықты. Алайда Жиров та алысқа ұзамады. Финалға берілетін жолдамаы түрік боксшысымен сарапқа салған ол қарсыласынан 2:9 есебімен ұтылып, әлем чемпионатын қола жүлдемен аяқтады.

1995 жылы Берлинде (Германия) өткен әлем чемпионатында Әбдісәлан Нұрмаханов бастаған жігіттер екі жүлдемен оралды. Атап айтсақ, 51 килода жүлдірықтасқан Болат Жұмаділов күміс медальдың иегері атанса, Василий Жиров екінші рет жартылай финалда сүрініп, қола жүлдені қанағат тұтты. Финалда бокстасқан Болат Жұмаділов шаршы алаң иесі Золтан Лункаға есе жіберді.

Тұрсынғали Еділов (1997-2002)

Атланта Олимпиадасынан кейін ұлттық құраманы Тұрсынғали Еділов баптады. Ол боксшыларымызды үш бірдей әлем чемпионатына алып барды. 1997 жылы Мажарстан астанасы Будапешт қаласында өткен әлем біріншілігінде Ермахан Ибрайымов (71 кг) – күміс, Болат Жұмаділов (51 кг) қола жүлдегер атанды.

Ал 1999 жылы АҚШ-тың Хьюстон қаласында ұйымдастырылған әлемдік жарыс қазақ боксының тарихында алтын әріппен жазылғаны барша жанкүйерлердің жадында. Мұхиттың арғы бетінде өткен дүниежүзілік додада 51 кило салмақта ел намысын қорғаған Болат Жұмаділов топ жарды. Болат – бокстан қазақтан шыққан тұңғыш әлем чемпионы! Аталған додада аса ауыр салмақта сынға түскен Мұхтархан Ділдобеков күміс, Ермахан Ибрайымов (71 кг) қола жүлдемен елге орады.

Сидней Олимпиадасынан кейін Қазақстан құрамасында буын алмасты. Ермахан Ибрайымов, Болат Жұмаділов сияқты тәжірибелі боксшылардың орнын жастар басты. Содан да болар, 2001 жылы Ирландияның Бельфаст қаласындағы әлем чемпионатында боксшыларымызға бір ғана күміс медаль бұйырды. Оны 57 килода сынға түскен Галиб Жафаров жеңіп алды. Бұл Тұрсынғали Еділовтің бас бапкер ретіндегі соңғы әлем чемпионаты болатын.

Еділов 2002 жылы жазғы Азия ойындарынан кейін ұлттық құрама тізгінін босатты.

Ермахан Ыбырайымов (2002-2004)

Сидней Олимпиадасының чемпионы Ермахан Ыбырайымов құрама команданы екі жыл ғана жаттықтырды. 2003 жылы оның басшылығымен біздің боксшылар әлем біріншілігінің екі алтын медалін жеңіп алды.

Таиланд астанасы Бангкокте өткен жандық жарыста Галиб Жафаров (57 кг) финалда неміс боксшысы Виталий Тайбертген, Геннадий Головкин (75 кг) украиналық Олег Машкиннен басым түсіп, әлем чемпионы атанды.

Дамир Бұданбеков (2004-2009)

Афина Олимпиадасынан кейін құрамаға бас бапкер болып тағайындалған Дамир Бұданбековтің алғашқы әлем чемпионаты (2005 ж.) сәтті басталды. Тұңғыш рет Қазақстан құрамасының боксшылары әлем біріншілігінен бес медаль әкелді. Оның екеуі – алтын. Қытайдың Мяннан қаласында өткен додада Серік Сәпиев (64 кг) пен Ердог Жанабергенов (81 кг) алтын алса, Біржан Жақыпов (48 кг), Мираг Сәрсембаев (51 кг) және Бақтияр Артаев (69 кг) қола жүлдеге қол жеткізді.

2007 жылы АҚШ-тың Чикаго қаласында өткен XIV әлем чемпионатында Серік Сәпиев (64 кг) кезекті рет алтын медальға қол жеткізіп, екі дүркін әлем чемпионы атанды. Аталған сында Бақтияр Артаев (75 кг) пен Еркебұлан Шыңғалиев (81 кг) қола жүлдені місе тұтты.

Дамир Бұлтбайұлының қызметінен кетуіне 2009 жылы Миланда өткен әлем чемпионаты әсер етті. Сол дүбірлі додада Қазақстан құрамасы Серік Сәпиевтің (69 кг) жеңіп алған жалғыз қола медалімен қайтқан еді.

Мырзағали Айтжанов (2009-2018)

Қазақстан бокс тарихында ұлттық құраманы ең ұзақ басқарған – Мырзағали Айтжанов. Мырзағали Құланұлының басшылығымен біздің боксшылар төрт бірдей әлем чемпионатында бақ сынады. 2011 жылы Бакуде (Әзербайжан) өткен әлем біріншілігінде Серік Сәпиев (69 кг) пен Әділбек Ниязымбетов (81 кг) финалда ұтылып, күміс медаль алды. Ғани Жайлауов (60 кг) пен Иван Дычко (+91 кг) қола жүлдегер атанды.

2013 жылы Мырзағали Айтжановтың шәкірттері Алматыда өткен әлем чемпиона-

тында айды аспанға шығарды. Тарихта тұңғыш рет он салмақ бойынша еліміздің сегіз бірдей боксшысы жартылай финалға жолдама алып, оның тең жартысы өз салмақтарында топ жарды. Атап айтар болсақ, Біржан Жақыпов (49 кг), Мерей Ақшалов (64 кг), Данияр Елеусінов (69 кг) және Жәнібек Әлімханұлы (75 кг) алтын алса, Әділбек Ниязымбетов (81), Иван Дычко (+91 кг) күміс медальға қол жеткізді. Ал үздік үштікті Қайрат Ералиев (56 кг) пен Берік Әбдірахманов (60 кг) түйіндеді. Осылайша, бейресми командалық есепте Қазақстан боксшылары тұңғыш рет бірінші орын алды.

2015 жылы Қатар астанасы Доха қаласында өткен жаһандық сайыста Данияр Елеусінов (69 кг) пен Иван Дычко (+91 кг) финалға жеткенімен, қазақстандық екі боксшыға алтын бұйырмады. Ал 2017 жылы Германияның Гамбург қаласында өткен әлем біріншілігінде алты бірдей боксшымыз жартылай финалға жолдама алғанымен, Қайрат Ералиев (56 кг) ғана әлем чемпионы атанды. Әбілхан Аманкүл (75 кг) мен Қамшыбек Қоңқабаев (+91 кг) күміспен күнтелсе, Ержан Жомарт (49 кг), Абылайхан Жүсіпов (69 кг) және Василий Левит (91 кг) қола жүлдені қанағат тұтты. Неміс жерінде бейресми командалық есепте Қазақстан боксшылары үздік үштікті түйіндеді.

Ғалымбек Кенжебаев (2018-2021)

Ғалымбек Кенжебаев жастар құрамасында өте жақсы жұмыс істеді. Жас боксшыларымыз Азия, әлем чемпионаттарында медальды молынан алған еді. Алайда ересектер дуында жағдай басқаша өрбіді.

2019 жылы ересектер арасында өткен әлем чемпионатында боксшыларымыз 1 алтын, 1 күміс, 4 қола медаль алды. Бекзат Нұрдаулетов (81 кг) алтын медаль жеңіп алса, Қамшыбек Қоңқабаев (+91 кг) финалда сүрінді. Сәкен Бибосынов (52 кг), Абылайхан Жүсіпов (69 кг), Тұрсынбай Құлахмет (75 кг) және Василий Левит (91 кг) қола жүлдегер атанды.

Бұл жаман нәтиже емес еді. Себебі сегіз салмақ бойынша алты боксшымыз жүлдегерлер қатарында. Бірақ 2021 жылғы Азия чемпионатында біздің жігіттердің бірде-біреуі жеңіс тұғырына көтеріле алмады. Бұл аз болғандай, жазғы Олимпиа ойындарында Кенжебаев баптаған жігіттердің арасынан да алтын медаль алатын боксшы табылмады. Токиодағы сәтсіздіктен кейін бас бапкер өз еркімен құрамадан кетті.

Міне, Қазақстан құрама командасын жаттықтырған бас бапкерлердің әлем чемпионатындағы жетістіктері осындай. Бұл тізімді бұдан әрі Қайрат Сәтжанов жалғастырады. Жетінші бапкер әлем чемпионатындағы жорығын жеңіспен бастады.

№	Бас бапкерлер	ӨЧ	Алтын	Күміс	Қола	Барлығы
1	Әбдісәлан Нұрмаханов	ӨЧ-1993, ӨЧ-1995	0	1	2	3
2	Тұрсынғали Еділов	ӨЧ-1997, ӨЧ-1999	1	3	2	6
3	Ермахан Ибрайымов	ӨЧ-2003	2	0	0	2
4	Дамир Бұданбеков	ӨЧ-2005, ӨЧ-2007	3	0	6	9
5	Мырзағали Айтжанов	ӨЧ-2011, ӨЧ-2013, ӨЧ-2015, ӨЧ-2017	5	8	7	20
6	Ғалымбек Кенжебаев	ӨЧ-2019	1	1	4	6
7	Қайрат Сәтжанов	ӨЧ-2021	2	2	1	5
Барлығы:			14	15	22	51

КУРЕС



Жастар жігерсіздік танытты

Бұрындары балуандар елінің ұрпағымыз деп мақтанушы едік, қазір олай десек, ел-жұрттың күлкісіне қалатын түріміз бар. Өйткені күрес түрлерінен өткен аса ірі халықаралық жарыстарда балуандарымыз сүренсіз белдесіп жүр. Биылғы жылдың өзінде екі бірдей ең ірі байрақты бәсекеден еңсеміз түскен күйі оралдық. Атап айтсақ, Токио Олимпиадасында жалғыз Нұрислам Санаевтың қола медальды иеленуге күш-жігері жетсе, Ослодағы әлем чемпионатында тек Жәмила Бақбергенова мен Алматы Кебісбаев қана жеңіс тұғырына көтеріле алды.

Ғалым СҮЛЕЙМЕН, «Егemen Qazaqstan»

Кезінде Қазақ елінің балуандары дүбірлі додаларда сан мәрте топ жарып, миллиондаған жанкүйердің қошеметіне бөленгені баршаға мәлім. Әсіресе, грек-рим күресі шеберлерінің қарқылы өте күшті еді. Біздің елден Олимпиа ойындарының жеңімпаздары мен әлем чемпиондары көптеп шықты. Ал қазір қола медальға қолымыз жетсе, соның өзіне көдімгідей қуанатын болдық. Өрине, Қазақстан секілді балуандық өнерде бай дәстүрі бар іргелі мемлекет үшін бұл тым ұят жағдай. Тіпті «елдігімізге сын» десек те, ешкім де айыпқа бұйыра қоймас.

Күні кеше ғана Сербияның астанасы – Белградта «Белэкспоцентр» спорт кешенінде 23 жасқа дейінгі балуандар арасында әлем чемпионаты (U-23) өтті. Бұл жарыста да жерлестеріміз сенім үдесінен шыға алмады. Мәселен, грек-рим күресі бойынша 10 балуанымыз бақ сынады. Солардың екеуі ғана жүлделі орындар үшін таласты. Олар – Аслан Абдурахманов (55 кг) пен Сұлтан Әсетұлы (67 кг). Бірақ қола медаль үшін тартыста олардың жолы болмады. Екеуі де Түркияның тастүлектеріне есе жіберді. Аслан Адем Бурак Узыннан жеңілсе, Сұлтан Қадыр Кемалдың осал тұсын таба алмады.

Аталған күрес түрі бойынша Ресейдің екпіне ешкім шыдай алмады. Олар 4 алтын, 1 күміс және 4 қола медальды иеленіп, жалпыкомандалық есепте көш бастады. 2 алтыны мен 1 қоласы бар Грузия екінші орынды олжалады. Үшінші орында – Иран. Парсы елінің апайтөстері 1 алтын 4 күміс және 2 қоланы қоржынға салды. Сондай-ақ Мажарстан (1+1+1), Әзербайжан (1+0+2 қола) және Германия (1+0+0) құрамалары бас жүлдені еншіледі.

Грек-рим күресінен әлем чемпионы атанған балуандар: 50 кг – Анвар Аллахьяров (Ресей), 55 кг – Мавлуд Ризманов (Ресей), 63 кг – Лерри Абуладзе (Грузия), 67 кг – Хасар Жафаров (Әзербайжан), 72 кг – Идрис Ибаев (Германия), 77 кг – Тамаш Левай (Мажарстан), 82 кг – Айвенго Рикадзе (Грузия), 87 кг – Александр Комаров (Ресей), 97 кг – Артур Саргсян (Ресей) және 130 кг – Амин Мирзазаде (Иран).

Әйелдер күресінен өткен жарыста отандастарымыздың дені бастапқы бәсекелерінде сүрінді. Тек 55 кг салмақтағы Айнуір Әшімова мен Ділназ Мүлкінованың ғана жеңіс тұғырына көтерілуге жақсы мүмкіндіктері болды. Бірақ олар шешуші тұста жеңілістің кермек дәмін татты. Қола медаль үшін белдесуде Айнуір түркиялық Еда Текинге бір ғана ұпай айырмашылығымен ұтылса, Ділназ кolumбиялық Татьяна Рентериге жол берді.

Қыздар бәсекесінде Украина өкілдерінің мысы басым болды. Олар 4 алтын, 2 күміс және 2 қола медальды олжалады. Балкан түбегінде Франция (1+1+0), Канада (1+0+1), АҚШ (1+0+1), Румыния (1+0+1), Эквадор (1+0+0), Польша және Қырғызстанның да (1+0+1) әнұрандары шырақалды.

Әйелдер күресінен әлем чемпионы атанған балуандар: 50 кг – Эмели Шилсон (АҚШ), 53 кг – Луция Гузман (Эквадор), 55 кг – Андреа Беатрис Ана (Румыния), 57 кг – Алина Ақобия (Украина), 59 кг – Ангелина Лысак (Украина), 62 кг – Ана Паула Гонзалес (Канада), 65 кг – Анастасия Лавренчук (Украина), 68 кг – Кумба Ларрок (Франция), 72 кг – Анастасия Алпеева (Украина) және 76 кг – Айпери Медетқызы (Қырғызстан).

Жарысты еркін күрес шеберлері қорытындылады. Сербияға аттанған 10 балуанымыздың біреуі ғана жеңіс тұғырына көтерілді. Ол – Асыл Айтқың. 61 кг салмақ дәрежесінде күш сынасқан жалынды жас алғашқы айналымдарда молдовалық Вадим Берегой мен украиналық Камил Керимді қапы қалдырғанымен, жартылай финалда армяналық Артем Харутунянға есе жіберді. Одан кейін мажарстандық Гамзаттаджи Халидовтан айласын асырған Асыл әлем чемпионатының қола жүлдегері атанды.

Балкан түбегінде біз Қазақстанның ұлттық құрама командасының мүшесі, әлем чемпионаты мен Дүниежүзілік әскерлер ойындарының күміс жүлдегері, Азияның екі дүркін чемпионы Нұржожа Қайпановқа зор сенім артқан едік. Бірақ талай дүрмекті көрген белді балуан Белградта айшықты күреске алмады. 74 кг салмақта белдескен Нұржожа жарысты өте жақсы бастағанымен, екінші кезеңде армяналық Хряр Аликханяннан ұтылып, көрермендер қатарына қосылды.

Еркін күресте де Ресей құрамасына тең келер команда табылмады. Олар 2 алтын, 3 күміс және 1 қоланы еншіледі. Екінші орында – Әзербайжан. Қап тауының қырандары 2 алтын мен 1 қоланы қанжығаларына байлады. Сондай-ақ алтын тұғырға көтерілгендер қатарында Иран (1+2+5), Арменияның (1+1+3), Қырғызстан мен Грекияның (1+1+0) және АҚШ пен Украинаның (1+0+1) жалынды жастары бар.

Еркін күрестен әлем чемпионы атанған балуандар: 57 кг – Алиабас Рзазаде (Әзербайжан), 61 кг – Артем Харутунян (Армения), 65 кг – Георгий Пелидис (Грекия), 70 кг – Ерназар Ақматалиев (Қырғызстан), 74 кг – Чермен Валиев (Ресей), 79 кг – Магомед Магомедов (Ресей), 86 кг – Мухамед Алиев (Украина), 92 кг – Осман Нурмагомедов (Әзербайжан) және 125 кг – Энтони Лавренце Кассиоппи (АҚШ).

Қоғамдық тыңдауларға шақыру

«Косагрокоммерц» ЖШС тұрғындарға «Косагрокоммерц ЖШС химиялық базасы үшін рұқсат етілген шығарындылар жобасын» талқылау үшін қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды. Қоғамдық тыңдаулар 2022 жылдың 19 қаңтарына сағат 15:00-де Алматы облысы, Қапшағай қаласы, Шенгелді ауылдық округі, Қосқудық стансасы, Қосқудық индустриалды аймағы, 48 ғимараты, әкімшілік ғимарат, 1-қабат, конференц-зал мекенжайы бойынша жоспарланған. Жобалық құжаттама ЕЭП <https://ecoportal.kz/Public/PubHearings/PublicHearingIndex> сайтында және «Алматы облысы бойынша экология департаменті» мемлекеттік мекемесінің almobl-ecodep@ecogeo.gov.kz, almobl.eco@mail.ru сайтында орналастырылған. (Талдықорған қ. Абай көшесі, 297 (кенсе), 8 (7282) 24-23-42, 24-44-55).

Егер карантин енгізілсе, қоғамдық тыңдаулар онлайн түрде өтеді. Тыңдауларға қатысу үшін мына сілтемеге өтіңіз: <https://us06web.zoom.us/j/84375629586?pwd=SUlYWwVtU2tpRFh2TnNSSDhkQ0w1UT09>

Конференция идентификаторы: 843 7562 9586. Қатынас коды: 2eTgad.
Жобаның тапсырыс берушісі: «Косагрокоммерц» ЖШС, заңды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Қапшағай қаласы, Шенгелді ауылдық округі, Қосқудық стансасы, Қосқудық индустриалды аймағы, 48 ғимарат. Тел./факс: 8 (727)3013419, 3013530, kosagroservice@mail.ru.
Жобаны жасаушы: «Афанасьева М.Б.» Ж.К. Алматы, Алтай-1 ш/а, 24, 71 кенсе, байланыс тел: +77013340173, Калачова Т.А.

Приглашение на общественные слушания

ТОО «Косагрокоммерц» информирует население о проведении публичных слушаний по обсуждению «Проекта предельно допустимых выбросов для химбазы ТОО «Косагрокоммерц». Проведение публичных слушаний назначено на 19 января 2022 года в 15:00 часов по адресу: Алматинская область, г.Капшагай, сельский округ Шенгельдинский, станция Косқудук, промышленная зона Косқудук, здание 48, административный корпус, 1 этаж, конференц зал.

Документация по проекту размещена на ЕЭП <https://ecoportal.kz/Public/PubHearings/PublicHearingIndex> и на сайте ГУ «Департамент экологии по Алматинской области» almobl-ecodep@ecogeo.gov.kz, almobl.eco@mail.ru (г.Талдықорған, ул.Абая, д. 297 (канцелярия). 8 (7282) 24-23-42, 24-44-55).

В случае введения карантина общественные слушания будут проведены в онлайн режиме. Для участия в слушаниях необходимо пройти по ссылке: Подключиться к конференции Zoom: <https://us06web.zoom.us/j/84375629586?pwd=SUlYWwVtU2tpRFh2TnNSSDhkQ0w1UT09>

Идентификатор конференции: 843 7562 9586. Код доступа: 2eTgad.
Заказчик проекта: ТОО «Косагрокоммерц», юр. адрес: Республика Казахстан, Алматинская область, г.Капшагай, сельский округ Шенгельдинский, станция Косқудук, промышленная зона Косқудук, здание 48. Тел./факс: 8 (727) 301 34 19, 301 35 30, kosagroservice@mail.ru.
Разработчик проекта: ИП «Афанасьева М.Б.» г.Алматы, м-н Алтай-1, д.24, к.71, контактное лицо: Калачова Т.А., тел:+77013340173.

Егер сіз «Егemen Qazaqstan» газетіне жарнама бергіңіз келсе, мына телефондарға хабарласыңыз:
Нұр-Сұлтан 37-64 48, 37-60-49.
Электронды пошта: advert@egemen.kz, egemen_adv@mail.ru
Алматы 273-74-39, ф. 341-08-11.
Электронды пошта: adv@egemen.kz

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ректораты мен ұжымы белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақ КСР Білім беру министрі болған

Қожахмет БАЛАХМЕТОВТІҢ қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

«Самұрық-Қазына» АҚ басқарма Төрағасы Алмасадан Сәтқалиевке ағасы **Мырзағали Абдуғалыұлы СӘТҚАЛИЕВТІҢ** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

«Ұлттық ғылыми медициналық орталық» акционерлік қоғамының әкімшілігі және ұжымы Жасушалық технологиялар, трансплантация және ғылыми медициналық орталығының басшысы, денсаулық сақтау саласының құрметті қызметкері, медицина ғылымдарының докторы, профессор Манарбек Бапұлы Аскарова туган ағасы

ҒАЛЫМНЫҢ қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

